

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

1/2013 ҚАҢТАР

МАЗМҰНЫ

Көкейкесті көзқарас	
Жұпаркүл ӘБСЕЙІТҚЫЗЫ.	Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жүргізу жолдары.....3
Майра МҰҚАТАЕВА.	Логикалық тапсырмаларды құрастырып қолдану.....8
Айнагүл КҮЗЕНОВА.	Құран Кәрімдегі әңгімелерді оқыту.....12
Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
Мейрамгүл КҮЗЕМБАЕВА.	Сан есімнің сөйлемдегі қызметі.....14
Рита СЕЙІТМАҒАМБЕТОВА.	Есімдік. Жіктеу есімдігі.....18
Мәншүк САРБАСОВА.	Сан есім. Дара және күрделі сан есім.....24
Ақпатша АЛДОҢҒАРОВА,	Сөйлем. Сөйлемнің айтылу мақсатына
Таза БЕКМҰРАТОВА.	қарай түрлері.....31
Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
Кәмшат ӘБДІҚАЙЫМОВА.	Ата-ананы сыйлау – парызың.....35
Гүлнара БАЙДҮЙСЕНОВА.	Оралхан Бөкейдің «Біздің жақта қыс ұзақ» шығармасы.....40
Лиза АЮПОВА.	«Зар заман ақындарының»

	шығармашылығы бойынша	
	тест тапсырмалары.....	46
Айгүл ТӨҢКЕРҚЫЗЫ.	Шерхан Мұртаза. «Тұтқын бала».....	54
Айнагүл ІЗТҰРҒАНОВА.	Мағжанның «Сүйемін» өлеңі.....	58
Қарлығаш САБЫРБЕКОВА.	Көз жазып туған жердің келбетінен... ..	61
Бибігүл МӘМБЕТОВА.	Сәкен Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасы.....	65
Оқулыққа қосымша		
Сымбат МУТАЛАПХАН.	Сәкеннің ән мұрасы.....	69
Рахия ЖАНЗАҚОВА.	6-сыныпқа арналған жұмыс дәптері.....	75
Рахат ЕЛУБАЕВА.	Майлықожа шығармаларындағы сатира.....	84
Сыныптан тыс сабақ		
Сайран БӘКЕНҰЛЫ.	Білімділер бәсекесі.....	91
Сәнгүл ҒОСМАНҚЫЗЫ.	Тапқыр болсаң тауып көр.....	96
Сағыныш ШОЛПАНБАЕВА.	«Сөз сыры» танымдық сайысы.....	100
Өнеге сағаты		
Гәуһар ШАТАНОВА.	Ғасыр адамы.....	105
Сара БЕКЕТҚЫЗЫ.	Бүгінгі мектеп түлегі – ертеңгі елдің тірегі.....	110
Тәуелсіздік – жырымыз		
Алмат ҚАЙЫРҚҰЛОВ.	Тәуелсіздік тірек болсын еліме.....	113
Салтанат ЖАМАНБАЙҚЫЗЫ.	Тәуелсіздік туралы толғау.....	116
Загүл ӨТЕУЛИЕВА.	Тәуелсіз елім.....	118
Сыныптан тыс тәлім		
Ақмарал МАХАНОВА.	Жұлдыздар жаққан оқулар.....	120
Жас маманға жәрдем		
Қамар ҚҰРМАНОВА.	Сөйлем мүшелерінен өткенді қайталау.....	125
Таңат АХАТОВ.	Сәбит Мұқанов. «Лашын».....	129
Лена ЕЛУБАЕВА.	Оралхан Бөкейдің «Өз отыңды өшірме» кітабындағы мақал-мәтелдер.....	132
Дәрігүл ҒАБДРАШЕВА.	Тіл таба білу өнері.....	136
Шолпан ҚҰДИЯРОВА.	«Абай жолы» романында ұйытқы фразеологизмдердің қолданылу аясы.....	139

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.

Жұпаркүл ӘБСЕЙІТҚЫЗЫ,
№2 Шортанбай Қанайұлы атындағы
жалпы орта мектептің
мұғалімі.

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Кентау қаласы.

ҮЛГЕРІМІ НАШАР ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ЖОЛДАРЫ

Көзі жәудіреген әр баланың бойындағы қабілетін танып, дарынын ашып, болашаққа нық сеніммен аттандыру – мектептің, «Мектептің жүрегі – ұстаздың», мына біздердің міндетіміз.

Бала білімі және тәрбиесімен айналысуға бел буған екенмін, онда бар болмысыммен үлгі тұтарлық болуға, үнемі ізденіс үстінде шығармашылықпен жұмыс жүргізуге жауаптымын, себебі кемел елдің болашағы – келелі білімді шәкірт қолында. Осындай мақсат қоя отырып, үнемі ізденіс үстінде шәкірттермен жұмыс жүргізіп келемін. Әрбір 5-сынып алғанда қазақ тілі мен әдебиет пәнінен бала білімін, әлеуметтік жағдайын анықтап жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргіземін. Қазақ тілі пәнінен мынадай тұрғыда анықтаймын:

1. Сабаққа келуі, тәртібі, тазалығы;
2. Көркем жазуы;
3. Сауаттылығы;
4. Ғылыми тілі;
5. Есте сақтау қабілеті;
6. Мәтінді әңгімелеуі.

Қыркүйек айында, қалыптасу кезеңінде оқушылармен жылы-жылы сөйлесіп, олардың түрлі мінездерін іс-әрекеттері арқылы байқау жұмыстарын жүргіземін. Қазан, қараша айларында жоспарлы бағдарламаны меңгертуге мән беріп, бала бойындағы кемшіліктерді жоюға іс-әрекет жасаймын. Үлгерімі нашар оқушылар анықталған соң сабақ өткізу барысында жеке оңайлатылған, яғни, көшіру, жауапты қайталау, суретпен жұмыс, әдемі жазу, т.с.с. тапсырмалар беремін. Үлгерімі нашар оқушымен үнемі жұмыс жүргізу қажет. Сонда баланың білімге деген талпынысын байқауға болады. Екі, үш рет үй тапсырмасын орындамайды. Оқушы осындай кемшілік жасағанда күнделікпен жұмыс жүргіземін, ескерту жазып, тиесілі бағасын қоямын, сынып жетекшіге ескертемін. Кейбір оқушылардың сабақ кезінде үнемі аты-жөнін айтып, білмесе де сұрай берсеңіз оқушы оянатынына, өзінің әлі жеткенше тапсырманы орындап келетініне және біртіндеп «екі» деген бағадан «үш» деген бағаға, «төрт» деген бағаға көтерілетінін өз тәжірибемнен айта аламын.

Ал әдебиет пәнінен 5-сыныпта мынадай білімдерін анықтаймын:

1. Оқу жылдамдығы;
2. Мәнерлеп анық оқуы;
3. Шығарманы түсінуі;
4. Тіл байлығы;
5. Мазмұндама жазу деңгейі;
6. Сұрақ қою, жауап беруі.

Осындай білімдерін анықтаған соң әрбір оқушыға «Сен жылдам оқы», «Сен шығарманы түсініп оқы», «Тіл байлығың жұтандау, ойыңды жеткізе алмадың», «Өз ойыңды жазғанда сөйлемді дұрыс құра», «Сұрақты дұрыс қой», «Дұрыс жауап бер» деген пікір айта отырып, оның бойындағы кемшіліктерді жоюға тырысамын. Осындай ескертпелерден соң оқушы келесі сабақта қателікті болдырмауға тырысады.

5-сыныптың II жартыжылдығында балаларға төмендегідей жаңа технология элементтерін пайдалануды меңгеруді қолға аламын:

1. БиС технологиясының бағалауы;
2. Топтастыру стратегиясы;
3. Тест құрастыру;
4. Кеспемен жұмыс (өзі кеспе жасау);
5. Перфокартамен жұмыс;
6. Семантикалық картамен жұмыс;
7. Тірек-сызба;
8. Өзін-өзі тексеру;
9. Тестпен жұмыс (өз-өзін тексеру, бағалау);
10. Венн диаграммасы.

Айына 2 рет ережені жатқа айтуға қосымша сабаққа шақырамын. Ғылыми тілі дами түседі. Үздік оқитын 3-4 оқушы маған жатқа айтып береді. Ал айтпаған оқушылардан үздік оқитын оқушылар сұрап шығады. Үлгерімі нашар оқушылар – ұяң балалар, тіл байлығы, сөздік қоры жұтаң балалар сыныптасына айтқанды ұнатады. Бір-бірінің айтқан сынын мойындап, кейде дауласып келетіндер де болады. Ол кезде өзім қайтадан сұраймын, әділ бағасын, әділ пікірімді айтамын.

Үлгерімі нашар оқушы қайдан шығады?

Осы сұраққа жауапты әрбір ұстаз үнемі өзінше іздейді. Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен тереңдетілген сынып ашып, 5 жыл жұмыс жүргіздім. Сонда үлгерімі нашар, диктантты «екі» деген бағаға жазатын, түсінік айта алмайтын, аптасына екі күн «ауырып», үшінші күні сабаққа келетін оқушылар Әуелбек Әділет, Құлымбетов Ердәулет, Бұрханов Нуриддин деген оқушылар болды. Үлгерімі нашар оқитын оқушының пайда болу себептері: 1) ата-ана тарапынан қадағалау жоқ; 2) әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушы; 3) жанұясы толық емес отбасынан шыққан балалар; 4) ата-ана

түсінігі төмен; 5) аурушаң бала; 6) жалқаулық; 7) сана сезім төмен, қулыққа бейім бала.

Әділет, Ердәулет, Нуриддиннің ата-аналарымен жеке жұмыс, түсінік жұмыстарын жүргізіп, оқушы сауаттылықтарын «төрт» деген бағаға көтердім. Ердәулеттің әншілік қабілетін аша отырып, білімділікке баулыдым. Жаман әдеттерден арылттым. Үнемі ата-анамен, сынып жетекшімен, құрбы-достарымен қарым-қатынас жасай отырып, қазақ тілі мен әдебиет пәнінен білім сапасын арттырып, сыныпта үлгерімі нашар оқушыны болдырмауға атсалысамын. Сырттан келген тексеруші мамандарға да өз білімділігімді, шәкіртімнің білімін ұялмай, қорықпай көрсете аламын.

5-сыныптан 11-сыныпқа дейін оқытқан оқушыларым ҰБТ-дан білім сапасын 94 % көрсеткіш көрсетіп, 14 оқушының бір оқушысы ғана «3» деген баға алды. Мұны өз еңбегімнің нәтижесі деп айта аламын.

ҰБТ-ға дайындауда нашар үлгеретін оқушылармен жүргізілетін жұмыстар

Оқушының ҰБТ-ға дайындық жасау тестерінен төмен ұпай жинағанын анықтаған соң ақыл-кеңес жұмыстарын жүргіземін.

Оқушымен бірге атқарылатын жұмыстар:

1. Ереже жаттау;
2. Жеке оқушымен жұмыс;
3. Жаттығулармен жұмыс («Шың»);
4. Әр тест сұрақтарымен жұмыс;
5. Лексика, фонетика, грамматика салаларын түсіндіру жұмысы (жалпылама және жеке жұмыс);
6. Меңгермеген тақырыпты қайталау жұмысы;
7. Ауызша сұрақ жауап (5 тест, 10 тест сұрақтары);
8. Тақырыптық тестпен жұмыс;
9. Тірек-сызба арқылы түсіндіру;

10. Ереже сұрау (жеке, жалпылама);
11. Оқушы қателескен тест сұрақтарын түсіндіру;
12. Емтихан алу (билетпен жұмыс);
13. Талдаулармен жұмыс;
14. Қосымша сабақ өткізу;
15. Ата-анамен қарым-қатынас жасау;
16. Үй тапсырмасын беру, тексеру, бақылау;
17. Бақылау дәптерін арнау;
18. Мониторинг жасау;
19. Білім сапасын көрсетіп анықтап отыру;
20. Кемшілігін жоюға талпындыру, жетістіктерін мадақтау;
21. Бәсекелестік туындату;
22. Оқушымен достық қарым-қатынас орнату;
23. Өзіне-өзін сендіру (ақыл-кеңес);
24. Мұғалімнің еңбегін бағалату (түсіндіру жұмыстары);
25. Өз білімін жетілдіру, ізденуге баулу (кітаптан іздеу, дәлелдеу жұмыстары).

Үлгерімі нашар оқушылардың ҰБТ-дан білім сапасын арттыру қажет болса, санамалап айтылған жиырма бес жұмысты атқарғанда нәтиже болатынына сенімдімін. Ұстаз талмай, шаршамай, үздіксіз, тура уақытпен санаспай еңбек етуі қажет.

Бала – болашақ. Ертеңгі күннің қандай болатынын солардың білімі мен тәрбиесінен, рухани байлығының дәрежесінен көрінеді.

Ұстаздардың қоғамдағы тұлғасы – адамзат баласын жаңа сапаға көтеретін, оның болмысын өзгеріске енгізетін ғажап тұлға. Бұған біз күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы қол жеткіземіз. Жаңа заманға лайықты білімді ұрпақ даярлауға барлық ұстаз қауымы атсалысайық.

ЛОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРЫП ҚОЛДАНУ

Қазақ тілі сабағында оқушылардың логикалық тапсырмаларды күнделікті орындауы арқылы шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіру әр ұстаздың басты мәселесі болып отыр.

Оқушылардың бәріне өтілген тақырыпты меңгерту, түсіндіру, түсінгендерін қайтып сұрауға көп уақыт керек. Қырық бес минутта барлық балалардан сұрап, күтетін нәтижеге жету үлкен жұмысты талап етеді. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау және еркін шығармашылыққа жетелейтін осы пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі – логикалық тапсырмалардың түрлері. Жобалап оқыту жүйесінде логикалық тапсырмалардың атқаратын маңызы зор. Логикалық тапсырмалар арқылы сабақтарда оқушылар әр түрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Мұндай тапсырмалар сабақта оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, оқуға құлшынысын, қызығушылығын арттырады. Жақсы берілген тапсырмаларға бала бар ынтасымен кірісіп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды.

Мен өз сабағымда логикалық тапсырмалардың түрлерін, әсіресе, тіл сабағын меңгерту мақсатында жиі пайдаланамын. Сабақта оқушылардың алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздеймін. Қазақ тілі пәнінен фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын оқытқанда тақырыпқа орай әр түрлі әдіс-тәсілдермен логикалық тапсырмаларды беруге болады. Сабағымда қолданатын кейбір логикалық тапсырмаларды төменде келтіріп отырмын.

I. Білу мен түсінуге бағытталған тапсырмалар.

Фонетика тарауы.

1. Фонетика саласына жатпайтын ұғымдар қатарын тап:
 - а. Морфема, буын, омоним;
 - ә. Дыбыс, әріп, фонема;
 - б. Табу, эвфемизм, дисфемизм;
 - в. Сөз табы, қосымша, түбір;
 - г. Үнді, ашық, сөйлем.

Лексика тарауы.

1. Ортақ ұғым болатын сөз қойып жаз:

<i>ажарлы</i>	→	<i>әке</i>	→
<i>сұлу</i>	→	<i>ана</i>	→
<i>көрікті</i>	→	<i>бала</i>	→

<i>бір</i>	→	<i>кеше</i>	→
<i>үштен бір</i>	→	<i>ертең</i>	→
<i>бір жарым</i>	→	<i>биыл</i>	→

2. Берілген сөздерді тұрақты тіркестермен алмастырып, антонимдік жұп құра:

Алыс – жақын, қуану – ренжу, жиі келу – сирек келу, сәтті – сәтсіз, ұялу – ұялмау.

Сөзжасам тарауы.

Сөздерді жасалу жолына қарай сәйкестендір:

- | | |
|--------------------|--------------|
| <i>Қиын-қыстау</i> | а. бірігу |
| <i>Бірқазан</i> | в. түбір |
| <i>ҰБТ</i> | с. тіркесу |
| <i>Қызыл ала</i> | д. қосарлану |
| <i>Бала</i> | е. қысқару |

Жұрнақтарға қажетті түбірін қой:

----- кер

----- кеш

II. Сызба арқылы ақпараттық мәтін беруге бағытталған тапсырмалар.

Лексика тарауы.

Семантикалық кестені толтыр:

	синоним	антоним	омоним	тұрақты тіркес	мақал-мәтел
момын					
қорқу					
алыс					
қол					
алтын					

Сөзжасам тарауы.

1. Берілген сөздерді әр тәсілде қолданып толтыр:

Түбір. Сөз тудырушы жұрнақ. Қосарлану. Бірігу. Тіркесу.

мәдениет,

қара,

жеті.

2. Берілген қосымшаларды ажыратып, жүйеге келтір

/сызба, кесте/:

-шы, -ші, -лық, -паз, -кеш, -қор, -ның, -нікі, -лар, -сыз, -хана, -дар, -лы.

бағытталған тапсырмалар.

Фонетика тарауы.

Фонетикалық талдаудың жүйесін дәйектілікпен орналастыр:

Буын, екпін, дыбыс, тасымал, әріп, буын үндестігі, дыбыс үндестігі, буын түрлері.

Лексика тарауы.

1. Берілген шешендік сөз үзіндісінің құрамындағы сөздерді мағынасына қарай орналастыр:

Жерден ауыр дегенім – ақыл-білім,

Судан терең дегенім – оқу-ғылым.

Оттан ыстық дегенім – адамның өмірі,

Көктен биік дегенім – тәкаппардың көңілі.

заттық сындық мағынасы жоқ

Сөзжасам тарауы.

2. Морфемаларды орын тәртібіне қарай орналастырып, мағыналы сөз жаса:

-ша, кітап, -ы, -ға, -лар, -мыз;

-лық, орда, -дың, қызыл, -тар;

-не, ата, -лар, -дікі, баба, -ы, -мыз.

IV. Пайымдау мен дәлелдеуге бағытталған тапсырмалар.

Фонетика тарауы.

1. У дыбысының қолдану ерекшелігін пайымдап дәлелде.

2. Буын мен тасымалдың өзіндік ерекшеліктері мен ортақ тұстарын дәлелде, пайымда.

Лексика тарауы.

1. «Оқу инемен құдық қазғандай» ұғымы мақал-мәтел, әлде тұрақты тіркес екенін дәлелдеп жаз.

Осындай логикалық тапсырмалар оқушылардың сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттырады, Тапқырлыққа, жылдамдыққа, байқағыштыққа баулиды. Ойлау қабілетін

дамытып, дүниетанымын кеңейтеді, шығармашылық қабілетін ұштайды.

Күтілетін нәтиже: оқушылар түрлі дәрежедегі сайыстарға қатысады; баланың бойында өзіне деген сенімділік қалыптасады; кез келген ақпаратты талдау, өз ойымен қорытынды жасауға үйренеді; зат, құбылыстарды салыстырады, талдайды, өзі қорытынды жасайды; ұлттың рухани мұрасын қадірлеу, дәріптеу, ұлттық болмыс, рух, намысты сақтауды, салт-дәстүрді жалғастырады; ғылыми еңбектермен жұмысқа дағдыланады.



Айнагүл КҮЗЕНОВА,

№263 «Шөміш» негізгі

мектебінің мұғалімі.

Қызылорда облысы,

Арал ауданы,

«Шөміш» елді мекені.

ҚҰРАН КӘРІМДЕГІ ӘНГІМЕЛЕРДІ ОҚЫТУ

Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулықтың мазмұнына еніп отырған діни әңгімелерді оқыту, әрине, қиынға соғатын болар, себебі осы кезге дейін діни шығармалар мазмұнымен оқушыларғана емес, мұғалімдердің өзі де таныс емес. Ешбір жоғары оқу орындарында Құран Кәрім пән ретінде оқытылған жоқ. Сондықтан мұғалім өзі үшін бұл діни әңгімелерді не мақсатпен оқытатынын білу керек. Құран Кәрім жөнінде сабақ барысында оқушылар көптеген сұрақтар қоюлары мүмкін. Мұғалім сол үшін оқулықтан өзге діни кітаптардың мазмұнын білгені дұрыс болады. Екіншіден, діни әңгіме болғандықтан көп сөздер

түсініксіз, сол үшін әр сөзбен әр сөздік жұмыс жүргізеді.

Діни шығармаларды оқыту дінді уағыздау емес. Оқушыларға қысқаша түсінік беруіміз керек.

Жер бетіндегі халықтардың көбі Аллаға табынады. Оған оқулықта беріліп отырған діни әңгімелерді оқығанда көздері жетеді.

Адамды Алла топырақтан жаратыпты. Соншама мейіріммен, сонша сеніммен жаратыпты. Адам Ата мен Хауа Ана ібіліс шайтанның сөзіне еріп, «жеме» деген жемісін жеп қойғанда, Алла бұларды мейіріммен кешіріп, жұмақтан кетулерін өтініпті.

Әңгіме түйіні Адам баласының алдында дұрыс жол мен теріс соқпақ, иман мен сатқындық, жеңіс пен жеңіліс тұрғанын айтады. Егер Адам Ата Алла меңзеген дұрыс жолмен жүрсе, Алла ол адамды қолдайтындығын білдіреді. Оқушылар мәтінді түсініп оқып болған соң мұғалімнің байқау сұрақтарына жауап береді:

1. Адам Атаның шын аты кім?
2. Періштелер не себепті Аллаға наразылық білдірді?
3. Алла оларды қандай дәлелмен тоқтатты?
4. Адам Ата мен Хауа Ана ібілістің сөзіне неге ерді? Ібілістің мақсаты не еді?
5. Ібіліс мақсатына жетті ме?
6. Ібілістің іс-әрекетіне, мінез-құлқына қандай баға бересіңдер?
7. Алланың мейірімділігін қай жерден байқадыңдар?
8. Осы әңгіме арқылы өзіңе не алдың? Не үйрендің?
9. Адам Ата мен Хауа Ана екеуі жемісті жемегенде не болар еді? Сендер қалай ойлайсыңдар?

Сұрақтарға жауап алған соң бір-екі оқушыға әңгімені толық мазмұндату керек. Сахналық көрініс әзірлеуге де болады (Алла көрінбейді. Нұр-сәуле. Қозғалмалы биік электр шамына орамал (ақ) қоюға болады).

Мейрамгүл КҮЗЕМБАЕВА,
№36 Қ.Сағындықов атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Қарқаралы ауданы,
Мәди ауылы.

САН ЕСІМНІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – оқушыларға сан есімнің сөйлемдегі қызметін игерту, сөйлем ішіндегі сан есімнің қызметін дұрыс табуға, оқушының өзіне талдату арқылы меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру; **тәрбиелік** – оқушыларды бірлесіп еңбектенуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Типі: жаңа сабақты меңгерту. **Түрі:** «Сыни тұрғыдан ойлау және жазу технологиясы», ізденіс сабағы, жарыс. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, талдау, салыстыру. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, математика. **Көрнекілік:** графопроектор, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, семантикалық карта, сызба-кестелер.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру: оқушы назарын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тиянақтау: а) сан есімнің түрленуі; б) сан есімнің түрленуіне байланысты мақал-мәтелдер, жаңылтпаш, әдеби шығармалар жазып келу.

III. Жаңа сабаққа ену кезеңі.

1-кезең. Оқушыларға жаңа сабақтың алдында мына сөздерді графопроектор арқылы көрсетіп оқытамын:

Талапты жас! Сен сан есімдердің түрлі сөйлем мүшесі қызметінде кездесетінін жақсы білесің, өзің оқыған сөйлемдерден, күнделікті өмірден үнемі кездестіресің. Ал оны жақсы біле түсуге бүгінгі сабақ мол мүмкіндік тудыра түспек!

2-кезең. «Ойлан, тап!»

Сөйлем мүшелерін ата. Тұрлаулы мүшелерді айт. Тұрлаусыз мүшелерді атап шық.

Түсіну. Сызба-кестені графопроектор арқылы көрсетіп талдау.

Сөйлем мүшелері	Ережесі	Мысалдары
Бастауыш	Сан есім атау септікте тұрып бастауыш қызметін атқарады.	Екеуі – ауылдың мақтанышына айналған жұп.
Анықтауыш	Сөздің санын, мөлшерін, ретін білдіріп анықтауыш қызметін атқарады.	Бес килограмм бидай сатып алды.
Толықтауыш	Барыс, табыс, жатыс шығыс, көмектес септікте тұрып толықтауыш болады.	Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма...
Пысықтауыш	Септеліп те, септелмей де етістіктің алдынан келіп пысықтауыш болады.	Досым он төртке толды.
Баяндауыш	Жіктік тұлғада көмекші етістікпен тіркесіп баяндауыш қызметін атқарады.	Өтемістен туған он едік.

Күрделі мүше болады: үш жүзге жуық, жиырма бес пайызға өсті, т.б.

3-кезең. Дамытушылық кезеңі (Мақал-мәтелдің жалғасын тап).

1. Білекті ... жығар, білімді ... жығар;

2. ... тістен шыққан сөз ... рулы елге тарайды;
3. ... бірі – қыдыр;
4. ... атасын білген ер ... жұрттың қамын жер;
5. Ер жігіттің ... сөйлегені – өлгені.
6. ... кесірі ... тиеді;
7. ... ала болса ауыздағы кетеді,
... түгел болса төбедегі келеді;
8. Білгенің – ... тоғыз, білмегенің – ... ;
9. ... шешен, ... көсем;
10. ... өлшеп, ... рет кес.

4-кезең. Жаңылмай жауап бер. Жаңылтпаштарды жатқа оқы. Сан есімдерді сөйлем қызметіне қарай ажырат.

1. Жүз қырық үш қызғыш құсқа
Жүз қырық үш қызғыш құс қосса,
Қанша жүз қызғыш құс болады?
2. Арқада алты арқар бар,
Қырқада қырық арқар бар.
Қырық арқарда қарт арқар бар,
Алты арқарда марқа арқар бар.
Барлығы қанша арқар бар?

5-кезең. Кім жылдам? Семантикалық карта.

Сөздерден сан есімдер шығару, құрамын анықтау	Сандарды жазу	Дара сан есім	Күрделі сан есім
Оның кекілі қысқа қиылыпты.	2	+	
Ауызбірлікті нығайту керек.			
Алтын жүзік.			
Алтынай секірмемен секірді.			
Жүзім біркелкі пісіпті.			
Тонның ішкі бауындай			
Тоғызқұмалақ ойнау			
Дербес ел			

Жүзбай – күшті адам.			
Әлдебір алаулаған сезім.			
Желтоқсан айында күн суық болады.			

6-кезең. Поэзия минуты. Бес саны арқылы көп мағына, көп тағылым алуға болады (тақтамен жұмыс).

Бес асыл істі ата.	Бес дұшпанды ата.
1.	1.
2.	2.
3.	3.
4.	4.
5.	5.

Абайдың қай өлеңдерінде сан есімдер кездеседі?
«Қыс» өлеңінің бір шумағында екі сан есім бар.

Бұлттай қасы жауып екі көзін,

Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.

Бурадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,

Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

7-кезең. «Ойтолғаныс». Ойтолғаныс стратегиясы.

Сан есімдерді қатыстырып «Біздің сынып» деген тақырыпта ойтолғау жаз.

8-кезең. «Топтық жұмыс» /жаттығулармен жұмыс/

Сан есімдердің қандай сөйлем мүшесі қызметін атқарып тұрғанын анықта.

Ер кезегі үшке дейін.

Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығар.

*Тоқсанымыз жабылып тоқты жыққан батырмыз,
сексеніміз жиылып серке жыққан батырмыз.*

Ер көрмеймін деген жерін үш көреді, ат баспаймын деген жерін үш басады.

Сабақты бекіту.

Жеті байлықты ата.

Әуелгі байлық – денсаулық.

... байлық – еркіндік.

... байлық – тіл байлық.

... байлық – қайрат-күш.

... байлық – ақ жаулық.

... байлық – балаңыз,

... байлық – жүз саулық.

Бағалау.

Үйге тапсырма. Ереже жаттау, 82-жаттығу . Сан есімдерді қатыстырып сөйлем құрау. Сан есімді пайдаланып жұмбақ құрастыру.



Рита СЕЙІТМАҒАМБЕТОВА,

Ақтөбе облысының

Шалқар ауданындағы

«Тоғыз» орта мектебінің

мұғалімі.

ЕСІМДІК. ЖІКТЕУ ЕСІМДІГІ

(6-сынып)

Мақсаты: 1) есімдік туралы жалпы түсінік, жіктеу есімдігінің анықтамасы, тұлғалық ерекшелігі жағынан білім беру; 2) оқушылардың оқу әрекетімен шұғылдану арқылы теориялық ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; 3) оқушыларды сөздердің қолдану ерекшеліктерін байқау арқылы сөз құдіретін түсіне білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, көрнекілік, талдау, ажырату, салыстыру, топтау, жинақтау, дәлелдеу, ізденушілік.
Көрнекілігі: тірек-сызба, интерактивті тақта, ойын түрлері, гүлдер, суреттер, оқулық.

Сабактың барысы.

Ұйымдастыру.

Үй тапсырмасын сұрау. Сан есімнің емлесі. 188-жаттығу.
Сөйлем құрау.

Бекіту. «Кім білімді?» ойыны (тест).

1. Күрделі сан есім қалай жазылады?

- а) бірге; б) үтір арқылы;
ә) бөлек; в) дефис арқылы.

2. Реттік сан есімдер рим цифрымен берілсе қалай жазылады?

- а) бірге; б) бөлек;
ә) дефис арқылы; в) қойылмайды.

3. Күн, жыл аттарымен тіркесіп келген сан есімдерге дефис қойыла ма?

- а) қойылады; б) қойылмайды;
ә) нүкте; в) дефис арқылы.

4. Болжалдық сан есімдер цифрмен жазылғанда қосымшалар қалай жазылады?

- а) бірге; б) бөлек;
ә) дефис арқылы; в) нүкте.

5. Қосарланып айтылған топтау сан есімдер қалай жазылады?

- а) бірге; б) бөлек;
ә) нүкте; в) дефис арқылы.

I. Бағдарлау-мотивациялық кезең.

Психологиялық дайындық жұмыстары:


- Балалар, сөз таптары дегеніміз не?..
- Оның қандай түрлері бар?..
- Сіздер нешеуін оқып таныстыңдар?..

Оқушылар зат есім, сын есім, сан есім тақырыптарының мағыналық қыялына оқығандығын айтып шығады.

Осы үш сөз табын алмастырып айтатын, солардың орнына жүретін сөздерді келтіріп сөйлем құратамын.

«Есімдік» тақырыбы тақтаға жазылады.

Интерактивті тақтадан есімдік туралы, оның мағыналық түрлерін көрсететін кесте көрсетіледі.



Осы кесте бойынша сабақ түсіндіріледі.

Есімдіктер өте көне заманда пайда болған сөздер қатарына жатады. Тіліміздегі ерте заманнан келе жатқан байырғы түбір есімдіктер бар. Олар: *мен, сен, ол, біз, кім, не, бұл*, т.б. Бұлар *ме-н, се-н, қ-ай, кі-м* деп бөлшектенеді.

А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. А., «Мектеп», 1974, 204-бет.

Қазір бөлшектеп талдап жатуды қажет етпейтіні айтылады. Есімдіктер заттың атын, сынын, сапасын, олардың аттарын білдірмейді, бірақ олардың орнына жүретін сөздер екенін түсіндіремін.

Есімдіктің бірінші түрі «Жіктеу есімдігі» туралы түсінік беріледі. Ахмеди Ысқақов «Жіктеу есімдіктері сан жағынан

аз болғанымен, қызметі жағынан есімдіктердің ішіндегі аса жиі қолданылатын тобы» дейді (220-б.).

Жіктеу есімдігі үнемі адаммен байланысты айтылып, жақтық ұғыммен келеді. Жіктеу есімдігі туралы кесте көрсетіледі.

Жіктеу есімдігі

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі	Жақтық ұғымы
1	Мен	Біз, біздер	Сөйлеушінің өзін білдіреді.
2	Сен, сіз	Сендер, сіздер	Тыңдаушыны білдіреді.
3	Ол	Олар	Бөгде адамды білдіреді.

Проблемалы жағдаят тәсілімен анықтамасын іздеп, ойлатып тапқызу үшін осы аталған есімдіктің үш түріне ауызша сөйлем құрап айту тапсырылып, мынадай сұрақтар қойылады:

Мен, біз, біздер сөйлемде қандай мағына береді?

Сіз, сіздер қандай мағына береді?

III жақта тұрған *ол, олар* қандай мағына білдіреді?

Осыдан кейін оқушыларға өздері анықтамасын айту тапсырылады.

«**Жіктеу есімдігі дегеніміз** – сөйлеушінің, тыңдаушының, бөгде адамның орынына қолданылатын есімдіктер» деп қорытылады.

Тақтамен жұмыс. Екі оқушы тақтаға шығып, жекеше, көпше түрде *оқушы, азамат* сөздерін жіктеп шығады.

Оқушылардан «*Мен, сен, сіз* жіктеу есімдіктеріне кім тәуелдік жалғауын жалғайды?» деп сұраймын. Олар тәуелденбейтінін айтады. III жақтағы *ол, олар* жіктеу есімдігін тәуелдету үшін тақтаға екі оқушы шығарылады.

Менің оным

Біздің оларымыз

Сенің оның

Сендердің оларың

Сіздің оныңыз

Сіздердің оларыңыз

Өз бетінше жұмыс.**1-топқа:**

Мен, сен, ол деген жіктеу есімдіктерін қатыстырып еңбекке байланысты сөйлем құрап жазыңдар.

2-топқа:

Сен оқысаң, мен тоқыдым. (Есімдігін тауып, көптік жалғауын жалғап жіктеу керек) (Сендер оқысаңдар, біз тоқыдық)

Ауызша талдау. Енді септік жалғауы жайлы сұрап, оқушылардың өздеріне септетіп шығамын. (Мен, Менің, Маған, Менде, т.б)

- Жіктеу есімдігіне септік жалғауын жалғауға бола ма?

Сұрақ бойынша оқушылар айтып болған соң кесте ілініп, *мен, сен, ол* деген жіктеу есімдігінің септеулерін оқушылар оқып, айтып шығады.

Жіктеу есімдігінің жеке түрінің септелуі

р/с	Септіктер	Жіктеу есімдіктері
1	Атау	Мен, сен, ол
2	Ілік	Менің, сенің, оның
3	Барыс	Маған, саған, оған
4	Табыс	Мен-і, сен-і, о-ны
5	Жатыс	Мен-де, сен-де, он-да
6	Шығыс	Мен-ен, сен-ен, о-дан
7	Көмектес	Мен-імен, сен-імен, о-нымен

Жіктеу есімдіктерінің жекеше түрінде, септелуінде ерекшеліктердің бары нақты көрсетіліп, былайша ескерту жасалынады:

1. *Мен, сен, ол* сөздері ілік, табыс, шығыс септіктеріне келгенде түбірдің соңындағы *ы, л* дыбыстарының түсіп қалатыны түсіндіріледі. (Ме-нің, се-нің, мені, о-ны)

2. *Мен, сен, ол* есімдіктерінің барыс септігінде жуан буынға айналатыны және барыс жалғауының *-ған* формада

Бағалау.

Үйге тапсырма: 1) 192, 195-жаттығулар; 2) Есімдікке байланысты жұмбақтар тауып немесе құрастырып келу; 3) Есімдіктерді қатыстырып «Менің арманым» тақырыбына әңгіме жазып келу.



Мәншүк САРБАСОВА,
Атырау облысының
Қызылқоға ауданындағы
«Қаракөл» орта мектебінің
мұғалімі.

САН ЕСІМ. ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ САН ЕСІМ

(6-сынып)

Сабақ мақсаты: а) сан есім туралы түсінік беру, дара және күрделі сан есімдерді ажырата білуге үйрету; сөйлем мәнгерлеріне жете көңіл бөлу; ә) ойлау белсенділігі мен танымдық қызығушылығын дамыту, ой қорытып нақты шешім жасата білу, шығармашылық ізденістерін арттыруға ықпал жасау; б) өмір құбылыстарын танып білуге, ұлттық өнегені бойына сіңіріп, туған халқының өнерін сүйіп өсуге баулу, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Түрі: жаңа материалды түсіндіру. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ізденіс, баяндау, талдау. **Көрнекілік:** 6-сыныпқа арналған электронды оқулық, В.Беспальконың дамыта оқыту технологиясына негізделген сабақ жоспары, интерактивті тақта, суреттер, сауалнама, перфокарта. **Пәнаралық байланыс:** математика, тарих, әдебиет, әдеп, география,

сурет.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Сыныптың сабаққа қатысы.

Үй тапсырмасын тексеру (сұрақтармен қорытындылау).



Жаңа сабақ.

«Жаңа сабақтың құпиясы» (жаңа сабақты меңгерту):

- Балалар, бүгін желтоқсанның нешінші жұлдызы?
- Сендер неше жастасыңдар?
- Нешінші сыныпта оқисыңдар?
- Сыныпта қанша оқушы бар?

Бұл сандар заттардың қандай мағыналық белгілерін анықтап тұр? (ретін, мөлшерін, санын)

Бұл сандар зат есімдермен тіркесіп сан есім болып табылады. (Кесте бойынша сабақ түсіндіру)




I деңгей.

а) Оқулықпен жұмыс.

159-жаттығу. а) Мәтін құрамынан дара және күрделі сан есімдерді тауып, төмендегі сызбаға орналастырыңдар. .

Дара: жүзінші, бесінші, үшінші, отыз, он, жиырма, алты.

Күрделі: мың тоғыз жүз қырық екі, жиырма бес, үш жүз он алты, жиырма екі, он үш.



ә) «Ең жақсы ойыншы».

- Балалар, ауыз әдебиеті дегеніміз не? Қандай түрлерін білеміз?

(Мақал-мәтелдер, жұмбақтар, батырлар жыры, ертегілер, т.б.)

Мақал-мәтел, жаңылтпаш және жұмбақтарда да сан есімдер бар екен.

Бүгінгі біздің сабағымыздың ұраны: 1) «Білекті бірді жығар, Білімді мыңды жығар». Тағы қандай мақал-мәтел білесіңдер?

Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені.

Жеті атасын білген ер

Жетпіс жұрттың қамын жер.

Алтау ала болса ауыздағы кетеді,

Төртеу түгел болса төбедегі келеді.

Жеті атасын білмеген – жетесіз.

- Келесі кезекті жұмбақтарға берейік. Мен сіздерге бірнеше жұмбақтар оқимын, сіздер шешуін тауып, сан есімдерді анықтаңдар.

1. Қос қазық, екі желі, сегіз нөқта,
Сөйлейді шежіредей адам соқса. (домбыра)
2. Көлемді, үлкен, алып аузын ашып,
Жүреді он екі аяқ қадам басып.
Әрбірінде отыздан бармағы бар,
Құтылмас ешбір адам одан қашып. (жыл, он екі ай)
3. Екі тышқан бірлесіп кесіп-пішіп береді,
Екеуі бірге жүрмесе, жоқ қой бізге керегі. (қайшы)
4. Таңертең төрт аяқты.
Түсте екі аяқты,
Кешке үш аяқты.
(адамның сәбилік, жастық, кәрілік шағы).
5. Он көзі бар өзінде,
Он саны бар көзінде.
Көзіне саусақ саласың,
Жырақтан хабар аласың. (телефон)

- Ендігі кезекті жаңылпаштарға берейік. Мен айтқан жаңылтпаштарды қайталап айтып, сөз ішіндегі сан есімдерді табындар.

1. Үш кіші ішік піштім,
Бес үлкен ішік піштім.
Неше кіші ішік піштім? (3 кіші ішік піштім)
2. Оралдан оралған олардан
Омаржан оң көріп,
Он бөрік, тор беріп, тон алған.
3. Қырық құлып,
Қырық құрық.
Құрық та қырық,
Құлып та қырық.

II деңгей. Мәтінмен жұмыс (интертақта)

Артық болмас білгенің....

1. Ай – жердің серігі. Ай Жер шарынан көп кіші: диаметрі жағынан 4 есе дерлік, көлемі жағынан 49 есе кіші. Ай

бетінде ыстық күндіз 130 градусқа жетеді. Оның есесіне түнде минус 170 градус аяз болады.

2. Адам ағзасында 300 грамдай тұз бар. Ол тұздың қоры термен, т.б. шығарылып, тағам құрамындағы тұзбен толықтырылып отырады.

Адамға тәулігіне 10-15 грамдай ғана тұз керек. Одан артық пайдалану зиян. Артық тұз гипертония ауруын қоздырады.

Тапсырма. Осы мәтін ішіндегі сан есімдерді теріп жазып, дара сан есімдер мен күрделі сан есімдерді анықта.

2) «Білім мен дәстүр» сыны ойыны. Халқымыз 1, 3, 5, 7, 9, 40 секілді сандардың бәрін бір ырымға негіздеп, киелі деп есептеген. Сондықтан да менің қоятын сұрағым осы тәңіректі қамтиды.

1) Жеті атаңды ата (ата, бергі ата, арғы ата, баба, ұлы ата, түп ата, тек ата (ататек). 2) Халқымыздың кие тұтқан сандарын ата. (7,9). 3) Үш арсызды ата (ұйқы, тамақ, күлкі). 4) Жігіттің үш жұрты (өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты). 5) Төрт түлік (қой, сиыр, жылқы, түйе). 6) Ер қаруы – бес қару (найза, садақ, шокпар, қылыш, айбалта). 7) Қонақтың төрт түрі (арнайы, қыдырма, құдайы, қылғыма). 8) Үш бәйтерек (Ілияс, Сәкен, Бейімбет). 9) Бес арыс (Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Міржақып, Жүсіпбек). 10) Халқымыздың сан есімдерден басталып айтылатын ұлттық ойындары қалай аталады? (тоғызқұмалақ, алтыбақан).

«Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денен» демекші, біздің күнделікті тұрмысымызда, той-думандарда айтылып жүрген өлең тақырыптарының кейбірі санмен аталады.

Сол әндерді білесіңдер ме? («Бір бала», «Жиырма бес», «Екі жирен», «Бір келіншек», «Он алты қыз»).

III деңгей (эвристикалық).

1. Суретпен жұмыс. Суретке қарап сан есімдерді қатыстыра бір-екі сөйлем жазыңдар.

2. Сауалнама сұрақтарымен жұмыс. Сауалнама сұрақтарына жауап беріндер.

1. Сан есім сөздің қай тобына жатады?

А) көмекші есім; Ә) атаушы сөз; Б) одағай.

2. Күрделі сан есім қалай жасалады?

А) қосарлану арқылы;

Ә) тіркесу арқылы;

Б) қосарлану және тіркесу арқылы.

3. *Тіл туралы заң 1997 жылы 11 шілдеде қабылданды.*

Бұл сөйлемдегі сан есімдерді көрсет.

А) 11 шілде; Ә) 1997 жылы; Б) 1997 жылы 11 шілде.

4. *Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «... жылы*

Қазақстан ауасы таза, мөлдір сулы, жасыл желекті елге айналуы тиіс» деді. Көп нүктенің орнына тиісті сан есімді қойыңыз.

А) 2013; Ә) 2030; Б) 2035.

5. *Биыл Тәуелсіздігімізге 21 жыл толып отыр.* Бұл

сөйлемде сан есім қай сұраққа жауап береді?

А) қандай? Ә) неше? қанша? Б) нешеу?

3. Жеке оқушылармен жұмыс.

1) Егер мен дәрігер болсам... (ойтолғау)

2) «Математика сабағында» деген тақырыпта әңгіме

кұрастыр.

3) «Біздің сынып» атты хабарлама жаса.

4) Төмендегі тірек сөздерді пайдаланып, сан есімі бар

сөйлемдерден тұратын мәтін құрастыр.

Атам мен әжем. Жекеменшік мал. Кезектесіп бағу. Ауыл

өмірі. Көңілді сәттер.

IV деңгей (шығармашылық деңгей).

1) Балалар, алда санаулы күндерден кейін қандай мереке

бар? (16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні)

- Биыл Тәуелсіз ел болғанмызға қанша жыл?

Енді «Менің тәуелсіз Отаным» тақырыбында диалог

құрастырындар.

2) Қарға тамырлы қазақтың ұрпақ тәрбиесінде сан есім сөз табының да алатын орыны ерекше. Мәселен, біз 5-сыныпта «Шешендік сөздер» бөліміндегі «Қазыбектің тапқырлығын» білеміз. Бұқар жыраудың қартайған кезінде көңілін сұрамақ болып Қазыбек би келеді. Сонда Бұқар «1-ден 10-ға дейінгі санның мағынасын ешкім айтып бере алмады, сен айтшы» дейді. Сонда Қазыбек айтып береді. Кәне, кім еске түсіреді?..

Ақындарымыздың осы секілді санамақтары да бар. Енді бәріміз де өзімізге арнап санамақ айтайық.

Бір дегенім – білім алу.

Екі дегенім – елін сүйю.

Үш дегенім – үлгілі болу.

Төрт дегенім – төзімді болу.

Бес дегенім – бірлікте болу.

Алты дегенім – ақылды болу.

Жеті дегенім – жетістікке жету.

Сегіз дегенім – сезіне білу.

Тоғыз дегенім – толғану.

Он дегенім – осының бәрін ойға алу.

- Балалар, осындай қасиеттерді ойға алып қазақ деген қасиетті елдің бір перзенті болуы үшін Қазыбектей, Төле бидей, Әйтекедей тұлғалары бар халықтың ізін жалғастырушы «Біз кіміз?» деген сұрақ туындайды.

Біз кіміз?

Кеше	Бүгін	Ертең
3-4 жасар	6-сынып	XXI ғасырдың
біз балдырған	оқушысы,	болашақ
баламыз.	білім қуған	барыстарымыз.
	өренбіз.	

Үйге тапсырма: 160-жаттығу.

СӨЙЛЕМ. СӨЙЛЕМНІҢ АЙТЫЛУ МАҚСАТЫНА ҚАРАЙ ТҮРЛЕРІ

Үйрену қажет: сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін мәтіннен ажырата білуі; сөйлемдердің тыныс белгілерін ажырата білуі; сөйлем бойынша алған білімдерін сөйлеу тілінде сауатты қолдана алуы.

Модульдің мазмұны:

1-сабақ. Кіріспе. 1. Модульдің құрамын түсіндіру. 2. Грамматикалық тақырыпты түсіндіру. Сөйлем түрлері. 3. Сөздік әдісі.

2-сабақ. Сөйлесу.

“Қарлы кесек” оқыта үйрету ойыны.

Сөйлем, оның түрлері.

3-сабақ. “Бақытты сәт” оқыта үйрету ойыны. Дәптермен жұмыс. «Бөшкеден шыққан басқатырғылар».

4-сабақ. Қорытынды. Тест

Сабақ барысы.

Кіріспе бөлім. 1-сабақ.

Ұйымдастыру. Сабақтың мақсатын, жүру барысын айту.

Тірек-сызба. Мұғалім тақырыпты тірек-сызба арқылы түсіндіреді.

Сөйлем: Хабарлы Лепті Сұраулы Бұйрықты.

Сөйлесу бөлімі. 2-сабақ

Ұйымдастыру.

Сабактың мақсатын, жүру барысын айту.

“Қарлы кесек” оқыта-үйрету ойыны.

Құрал-жабдық: бағыттаушы қағаз, бағалау парағы, жетондар, шақыру сигналдары, т.б.

Оқушылар бес топқа бөлінеді, әр топқа сұрақ беріледі:

1. Сөйлем дегеніміз не?
2. Сөйлем болудың шарттарын өздерің ережеден тауып атаңдар.

3. Хабарлы сөйлем дегеніміз не?

4. Лепті сөйлем дегеніміз не?

5. Сұраулы сөйлем дегеніміз не?

6. Бұйрықты сөйлем дегеніміз не?

“Қарлы кесек” оқыта-үйрету ойынының үстелдері.

Қажетті құралдар: бағыттаушы парақтар, шақыру сигналдары, бағалау парақтары, жетондар, үстелдердің сілтемесі, ортақ бағалау парағы.

Сөйлесу бөлімі. 3-сабақ

Ұйымдастыру.

Үй тапсырмасын сұрау.

Сабактың мақсатын, жүру бағытын айту.

«Бақытты сәт» оқыта-үйрету сабағы.

Құрал-жабдығы: шарлар салынған қапшық немесе кішкене бөшке, секундомер, ортақ бағалау парағы, фишкілер.

Дәптермен жұмыс. 21-жаттығу.

1. Топ-топқа бөлініп жаттығу жұмысын орындау.

2. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайындаңдар. Ішінде негізгі сұрақ, жетекші сұрақ, анықтаушы сұрақтар болуы керек.

3. Сұрақтарыңа келесі топтың оқушылары жауап беруі тиіс.

XX ғасыр аяқталды. Бұл ғасыр аласапыран ғасыр болды. Осы ғасырда біздің халықтың басынан өткерген қиямет-қасіреті мол.

Жауап үлгісі:

1. Қай ғасыр аяқталған? Негізгі сұрақ
2. Қандай ғасыр болды? Жетекші сұрақ.
3. Халық қалай тұрды? Анықтаушы сұрақ.

17-жаттығу. Төмендегі екі мәтінді оқып шығыңыздар.

Сөйлемдердің аяқталған тұсына нүкте қойып, келесі сөйлемді бас әріппен жазыңыздар. Мәтінді азатжолға бөліңіздер. Бас әріппен жазылған сөздердің қандай сөздер екенін түсіндіріңіздер.

Ежелгі адамдардың мекен еткен аудандарының бірі – қарт Қаратау жотасы Арыс өзенінің жағасындағы кіші Қаратау жотасының солтүстік-шығыс бөлігінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде ежелгі адамдардың еңбек құралдары болып табылатын ірілі-ұсақты шақпақ тастардың табылуы соған айқын дәлел бола алады.

Жауап үлгісі.

Ежелгі адамдардың мекен еткен аудандарының бірі – қарт Қаратау жотасы.

«Бөшкеден шыққан басқатырғылар» оқыта-үйрету ойыны.

- | | |
|--|---|
| 1. Бір хабарды жеткізу –
Әрқашан оның мақсаты.
Сөйлемнің ол – бір түрі,
Мақсатына қарай айтылуы –
(Хабарлы сөйлем) | 2. Сұрақ қойып қашанда
Жауабыңды аласың.
Бұл да – сөйлем бір түрі,
Тез ойлансаң табасың.
(Сұраулы сөйлем) |
|--|---|

Семантикалық карта

Мысалдар: Хабарлы сөйлем. Сұраулы сөйлем. Лепті сөйлем. Бұйрықты сөйлем.

1. Жиналыс басталды ма? 2. Аспан шайдай ашық. 3. Бұл – Байжанның талай келген үйі.

Ескерту. Сөйлесу бөліміндегі әрбір сабақта ойындар, жұмыс түрлері мен жұмысты орындау жолдары

түрлендіріліп отырылады. Мұнда модульге енгізілген сағаттың барлығы қамтылған жоқ.

Қорытынды бөлім. 4-сабақ.

Ұйымдастыру.

Үй тапсырмасын сұрау.

Сабақтың мақсатын, жүру бағытын айту.

Тест сұрақтары:

1. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрін көрсетіңіз.

А) жақты сөйлем; Ә) толымды сөйлем;

Б) сұраулы сөйлем; В) жайылма сөйлем;

Г) құрмалас сөйлем.

2. Сұраулы сөйлемді табыңыз.

А) Кейбіреулер түк істемей-ақ болдырып отырады;

Ә) Сен менен аулақ жүр;

Б) Таң қараңғысынан тұру Дәметкеннің өмірлік дағдысына айналған еді;

В) Немене, бізді ақшасы жоқ кедей деп естіп пе едіңіз?;

Г) Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез.

3. Қазақ тілінде айтылуы мақсатына қарай неше түрге бөлінеді? А) 5; Ә) 6; Б) 7; В) 4; Г) 2.

4. Лепті сөйлемді табыңыз.

А) Пай-пай, мына аттың жорғасын-ай);

Ә) Білім – адамның қанаты;

Б) Кімдер таратып, насихаттайды?;

В) Қарлығаш, не сонда, жалғыз жатпақ па иесіз үйде?;

Г) Айналайын, жастық уақытты босқа өткізбе.

5. Қуану, ренжу, аяу, кекету мақсатында айтылатын сөйлем түрін көрсетіңіз.

А) Хабарлы сөйлем; Ә) Сұраулы сөйлем; Б) Лепті сөйлем;

В) Бұйрықты сөйлем; Г) Ашық сұрақты сұраулы сөйлем.

Бағалау. Әр жұмыс сайын оқушылар өз білімдерін бағалап отырады, соңғы сабақта қорытынды баға қойылады.

Кәмшат ӘБДІҚАЙЫМОВА,
«Үшжарма орта мектебі
мектепке дейінгі шағын орталығымен»
мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.

Алматы облысы,
Балқаш ауданы.

АТА-АНАНЫ СЫЙЛАУ – ПАРЫЗЫҢ

(Төлен Әбдіковтың «Қонақтар» әңгімесі бойынша)

Сабақтың мақсаты: білімділік – прозалық шығарманы талдау, шығарманың тақырыбын, идеялық мазмұнын ашу; **дамытушылық** – оқушылардың ойларын анық, дәл жеткізе білуге дағдыландырып, өз пікірін ашық айта білуге үйрету, шығарманы өмірмен байланыстыра отырып дүниетанымын кеңейту, ойлау қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелеу, ата-ана алдындағы перзенттік парызын сезіндіру.

Түрі: бекіту сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топтық жұмыс, ой қозғау. **Көрнекілігі:** Венн диаграммасы, семантикалық карта. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, халықтық педагогика.

Сабақ барысы.

Поэзия минуты.

Бала сүйсең, жаныңда таң атады,
Сәбисіздің жазылмас жара табы.
Жақсы бала дос-жарды сүйсіндіріп,
Жаман бала жауына талатады.
Бала өсірсең, өміріңнің сол тірегі,
Байқалмайды балаңның олқы жері.

Жақсы бала жоқтатпай жоқтығыңды,

Жаман бала тірілей өлтіреді.

(Ақын Фариза Оңғарсынованың
«Бала» өлеңінен).

Ұйымдастыру.

Үй тапсырмасын тексеру.

1. Төлен Әбдіков кім? Жазушы несімен ерекшеленеді?

2. Әңгіме авторының тағы қандай шығармаларын білесіңдер?

«Қонақтар» шығармасының композициялық құрылысын талдау:

Оқиғаның басталуы. Ерғабыл шалдың арманы.

Оқиғаның дамуы. Баласын күткен қос қария. Сағыныш.

Оқиғаның шарықтау шегі. Ұлына көңілі толмаған қария.

Оқиғаның шиеленісуі. Қоштасу. Қалаға асығыс аттанған Сапабек.

Оқиғаның шешімі. Ақталмаған үміт.

Сұрақтар:

1) Балалар, Ерғабыл қарттың арманы не еді?

2) Қос қария балаларын қалай күтті?

– Осы орайда, балалар, Бөлтiрiк шешеннiң «Қырықтың бiрi – Қызыр-ды. Қонақ келсе, есiкке Жүгiре шыққын, кешiкпе. Қарсы алмасаң қонақты, Кесiр болар несiпке» деген нақыл сөздерiн айтқым келiп тұр.

Ендi осы жерде қос қарияның баласын асыға күтуiнен қазақ халқының қандай қасиеттерiн байқауға болады? (қонақжайлық, балажандылық, ырымға сенгiштік)

3) Ерғабыл қарт нелiктен ұлына көңiлi толмады?

4) Қалаға асығыс аттанған Сапабек не ұсынды? Қалай ойлайсыңдар, перзенттiң ата-анаға деген махаббатын ақшамен алмастыруға бола ма?

5) Қос қарттың неге үмiтi ақталмады? Қарттың арманы не едi? Ол неге ренждi?

(Қарттың арманы: киелі қара шаңырақта баласымен, немересімен бірге тұру)

б) Қарт неге ренжіді? Келінінің киінгені неліктен ұнамады? Әлде қазақтың келіні басқаша киінуі керек пе еді?

Шығармадағы кейіпкерлер бейнесін анықтау.

Семантикалық карта

Кейіпкер	Портреті
Тома	Омырау, жеңдері ашық шұбар көйлек киген, шашын қидырған, топ-толық, ажарлы келіншек.
Жеңіс	Алтылар шамасындағы аяқ-қолы шидей бала.
Аспандияр	Иегі шығыңқы, арбиған саусақты, ірі, қапсағай жігіт.

Шығармадағы ұлттық болмыс: киіз үй, шапан, шаңырақ, бесін намаз, домбыра, терме, шымылдық, жылқы, бауырсақ.

а) Осы жерде әлемдік деңгейдегі ұлттық құндылық қайсысы? (киіз үй)

Шығармадағы көнерген сөздер: шақша, сағақ, пешпент, жаулық, телеграмма, мәсі.

а) Бұл сөздер көнерген сөздердің қай түріне жатады? (архаизм)

Шығармадағы нақыл сөз: «Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар».

Автордың көтеріп отырған тақырыбы – қарт адамдардың қадірінің кетуі, ата-ана алдындағы перзенттік парыздың өтелмеуі, оны сезінбеуі, ұмытуы, имандылықтың азаюы.

Көркем шығарманың идеясы қандай? Бізге осы шығарма арқылы не айтқысы келіп тұр? Сапабек сияқты перзенттер көбейсе неге апарып соғады?

(«Қарттар үйіндегі» қаракөз қариялардың күн санап көбеюіне)

Балалар, қарттың неше түрі бар екен?

(Жауабымыздың дұрыстығын тексеру үшін біз тақтаға назар аударайық)

- 1. Ата** – ешкіммен аса жұмысы жоқ, немерелерін ойнатып, солардың «ата» дегеніне жасарып, мәз болып жүрген жан.
- 2. Қария** – топқа түсіп дау шешпесе де, ағайынның ішінде, көрші-көлемнің арасында өзіндік құрметі бар кісі.
- 3. Ақсақал** – қыраулана бастаған сақалын желге тербетіп, қабағынан, көзіне түскен қалың қасынан қандай мінезді адам екенін бірден аңғартатын, он ойланып, тоғыз толғап сөйлейтін, дүйім елді аузына қаратып, сөзіне ұйытқан адам.

Біздің кейіпкеріміз Ерғабыл қарт осы үшеуінің қайсысына жатады?

Қазақта қонақтың неше түрі бар және қандай?

- Қонақ**
- құдайы қонақ
 - арнайы қонақ
 - кезбе қонақ

Сапабектер осы қонақтың қай түріне жатады? Неге?

Шығарма неге «Қонақтар» деп аталған?

- Балалар, біз, бәріміз – осы өмірге қонақпыз. Бірақ Сапабектің қонақтан қандай айырмашылығы бар? Ол не себепті өз үйіне өзі қонақ болып келді?

Шығармашылық жұмыс.

I топ: Ерғабыл қартқа хат.

II топ: Сапабекке хат.

Сабақты қорытындылау. – Балалар, қалай ойлайсындар, Тома сияқты әдет-ғұрыпқа немқұрайды қарайтын, ана тілін білмейтін, білгісі де келмейтін кесірлі келіндер, Жеңіс сияқты қикар немерелер, Сапабек сықылды туған ата-анасына көңіл бөлуге мұршасы келмейтін, курорттан қолы тимейтін, ата-ана алдындағы парызын ұмытқан перзенттер бар ма бүгінде арамызда?.. Ендеше, балалар, бұл шығарма өміршең шығарма екен.

Біз тобымызды «Парыз», «Борыш» деп бекерге атаған жоқпыз. Оны мына төмендегі кестеден көре ала аламыз.

Парыз

Борыш

<p>Өзінің мағыналық аясына ақыл, сезім, ерік, шындық, абырой, ар-ұждан, әділдік, махаббат, т.б. мәселелерді қамтып, оларға адамның қызмет аясындағыдай қайшы құбылыстарды қарама-қарсы қоятын ең жоғарғы зияткерлік ұғым.</p>	<p>Әрбір адам баласының адами қасиеті.</p>	<p>Азаматтық міндеттің белгісі.</p>
---	--	-------------------------------------

– Балалар, «Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді» демекші, дүниедегі ең жақын адамдар, бізге өмір сыйлаған аяулы ата-анамыздың қабағына кірбің түсірмей аялауымыз керек. Осы орайда қазақ халқының «Атадан жақсы ұл туса, жалғыз да болса онмен тең», «Ата-ананды сыйласаң көп жасарсың, сыйламасаң жан қиярсың» деген мақалдары еріксіз еске түседі.

Сондықтан қамшының сабындай аз ғана ғұмырымызда бір-бірімізге кешірімді болып, әсіресе ата-ана алдындағы перзенттік парызымызды ұмытпайық, балалар!

Кері байланыс. Тақтадағы смайлингке өз пікірлерін білдіріп ілу.

Оқушыларды бағалау.

Гүлнара БАЙДҮЙСЕНОВА,

№86 орта мектептің

мұғалімі.

Қызылорда облысы,

Жаңақорған ауданы,

Шалқия кенті.

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «БІЗДІҢ ЖАҚТА ҚЫС ҰЗАҚ» ШЫҒАРМАСЫ

(11-сынып, қоғамдық-гуманитарлық бағыт, 2 сағат)

Сабақ мақсаты: **білімділік** – романтикалық-философиялық бағыттағы Оралхан Бөкей прозасының құндылығы мен көркемдік сипатын ашу; **дамытушылық** – дара дарын Оралханның рухани әлеміне ене отырып, оқушылардың образды ой өрбітіп, пәлсафалық ой түйіндеуге шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – киелі сөз өнерін биік қойып, кірпияздықпен ұлықтай білген зерделі сөз зергерінің оптимизм, символизм және катарсизмге толы көркем шығармаларына тереңірек мән бере оқыта отырып, жазушы шығармашылығын қадірлей де қастерлеп бағалай білуге тәрбиелеу.

Типі: жаңа сабақты меңгерту. **Түрі:** сын тұрғысынан оқыту технологиясы. **Оқыту әдісі:** талдау, топтастыру, жинақтау, ой қозғау. **Көрнекілігі:** жазушының портреті, слайдтық көріністер, кесте-сызбалар, жазушының кітаптары, буклет. «Қазақ әдебиеті» газеті, №38 (3306) 14–20 қыркүйек, 2012 ж. («Суреткердің соңғы сапары: Аңызы мен ақиқаты». 12-бет).

Эпиграфы: Мұзтаудың мұзын жібітем десең,
Ана тіліңді әлдиле! (Оралхан Бөкей).

Сабак барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасып, назарларын сабаққа аудару.

I. Қызығушылықты ояту.

Сөз өнерінің сәнбес жұлдызы – Оралхан Бөкей романтикалық-философиялық бағыттағы прозаның тамаша үлгілерін жасады.

Корей ұлтының өкілінен шыққан мәскеулік жазушы, аудармашы Анатолий Ким өзінің шын досы Оралхан Бөкейдің прозасын орыс тіліне көсіле шебер аударды, оның шығармашылық әлемін әлем әдебиетінде норвег жазушысы Крут Гамсонға ұқсатады. Ол жазушы да өз туған әдебиетінде романтикалық-философиялық бағыттың негізінде еңбектенген. Әлемдік деңгейдегі қаламгерлерді аударумен айналысқан көрнекті жазушы Анатолий Ким Оралхан Бөкей, Крут Гамсон – өнерде бағыттас, тереңдіктері тепе-тең тұлғалар деп бағалаған.

Ойшақыру. Өзінің жыр ғып жазған сұлу әлеміне сәйкес «Алтайдың Кербұғысы», «Мұзтаудың Мұзбалағы» атанған өр Оралхан – бүкіл қазақтың қазынасы, мәңгілік сағынышы.

**Оралхан Бөкей
туралы**

ШЫН ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН СӨЗ

Слайд №1

Қазақстанның Халық жазушысы Шерхан Мұртаза:

– «Лениншіл жасқа» қызметке жаңадан келген Оралханды Мойынқұмға командировкаға жібердім. Оралхан сол сапардан біраз жыл кейін «Құм мінезі» деген повесть жазды. Міне, жазу! Жазсаң – осылай жаз!

Әйтпесе кінәсі жоқ ақ қағазды шимайлама, былғама.

... Құмға жан біткен. Құмға мінез біткен.

Құм момақан екен. Құмда да қуаныш, құмда да мұң болады екен. Әттең, мен қалай байқамағанмын.

Слайд №2

Халық қаһарманы Қасым Қайсенов:

– Оралхан өзі туған табиғатына ұқсас еді. Алтайдай асқақ, оның Оқжетпес шыңдарындай биік еді.

Өркеш-өркеш тастардай ірі еді.

Қалам сілтеген алыптардың бірі еді. Шығыстан жарқырап шыққан жұлдыз еді.

Слайд №3

Анатолий Ким (Жазушының досы, шығармаларын орыс тіліне аударушы):

– Оралхан Бөкей – ақындық әлемнің жаршысы болған романтикалық жазушы, құштар поэзияға толы шығармашылық шабыткері. Оның қолтаңбасы өзгеше болатын. Жан әуені әуезді еді.

Оралхан Бөкейдің аудармаларының атышулы табыстарынан кейін маған көптеген жазушылар өтінішпен келді. Бірақ мен Оралханша ойласып, ұғысу ләззатын таба алмағаннан кейін көпшілігінен бас тарттым.

Ол қайтыс болғанда мен Кореяда болатынмын. Сондай талантымен құдіретті адамның соңғы сағаты соққанына сене алмадым... Мен оны әлем әдебиетінде норвег жазушысы Крут Гамсонға ұқсататынмын.


II. Жаңа сабақ. Ой өрбіту. Ассоциация.

Адам деген қандай ұғым?

Бүкіл әлем әдебиетіндегі ең үлкен міндет, басты мүдде – Адамды жырлау. Адам – ұран! Адам – ұлы! Адамның өзі қызықты, киелі, құдіретті.

Түрмеге қамалмағанда.

Еркін, бостан болғанда.



Әділетсіз бастықтарға.

Шабытты шақтарда.

тәуелденбеген жағдайда.

Адамның кейбір кездері,

Көңілде алаң басылса,

Тәңірінің берген өнері

Көк бұлттан ашылса. (Абай).

Жаңа сабақты меңгерту.


«Сайтан көпір», «Қар қызы» деп аталатын екі хикаяттан

тұратын «Біздің жақта қыс ұзақ» шығармасы үшін жазушы

Оралхан Бөкей Абай атындағы Қазақстан Мемлекеттік

сыйлығымен марапатталды. Сол жылы жазушы «Құрмет»

орденінің иегері атанды.



Оқушылардың өзіндік ой-толғаныстары:

1. Қатыгез Қоңқай шалдың кесірінен тау асуында адасып, ұшты-күйлі жоғалып, «Қар қызына айналып кеткен» деген халық аңызының суреттелуіне өзіндік ой пікірлерінді қалай түйіндейсіңдер?

2. «Әлдеқайда . . . тым-тым алыстан, қар шағылдардың арасынан қыздың сыңсыта салған мұңлы әні естілетіндей...» деп басталатын «Қар қызы» повесінде «Қар қызы оянып кетсе не құт болады, не жұт болады» деген халықтық наным-түсінікті қалай бағамдауға болады?

3. Алмаштай Қар қызын (элегиялық бейне) немесе Қар қызындай ару сауыншы Алмаш қызды аялаудан артық бақыт жоқ деп «Қар қызы» елінде қалуды жөн санаған тракторшы Нұржан жігіттің өзіндік ұстанымы жолынан қандай ойлар түйіндеуге болады?

4. «Сайтан көпір» повесінде адам өміріне қысастық жасап, әлсіздерге өктемдік жасаушылардың атын атамай, түсін түстемей «Анау» деп сілтеме жасауы қандай ойды меңзейді?

5. Совхоздың тұралап қалған азын-аулақ елу шақты жабағысын табиғи апатпен жабамыз деп қырылуға тиіс малды Сайтан көпірден аман өткізіп, керісінше, қолдан жасаған қар көшкінінің қасіретіне тап болған, екі аяқтан айырылған мүгедек Аспан шалдың ауыр тағдырын арқалаған кінәлі, жауапты адамдар шығармада неге айқын көрінбейді?

Әдебиет теориясы бойынша жұмыс.

Романтизм – (роман деген сөзден шыққан, яғни, түпкі мағынасы өмірді кітаптағыдай, ой-қиялмен ұштастырып суреттеу) – өмірдің жарқын, жағымды жақтарын көбірек ашып, көтере суреттейтін әдебиеттегі көркемдік әдіс.

Катарсис (грек Katharsis - тазару). Аристотель өзінің «Поэтика» кітабында К-ке «Трагедияның басты мақсаты «Қорқыныш пен қайғының көмегімен рухтың тазалануы» деп анықтама береді.

Әдебиеттанушы Серік Елікбай «Әдебиет өрісі» мақаласында («Қазақ әдебиеті» газеті. 06.07.2012 ж.) «Қар қызы» шығармасын катарсизмге жатқызыған.

Топтастыру. Жазушының ғибратты ғұмыры мен жазушылық өнегесі – халқымыздың қазынасы.

Оралхан – сөз өнерінің сөнбес жұлдызы

Туған жері:

28.09.1943 Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданы – 1993 ж. Үндістан, Дели.

Алматыда жерленген.

1965-68 ж. Шығыс Қазақстан облысы, Большенарым ауданында «Еңбек туы» газетінде корректор, аудармашы,

редактордың орынбасары.

Шығыс Қазақстан облысы, «Коммунизм туы» газетінде (Қазіргі «Дидар» газетінде) әдеби қызметкер.

Жазушы, драматург, киносценарист ҚазҰУ-ды бітірген (1969 ж.)

Редактор «Жас Алаш» (1968-1974 ж.)

«Жұлдыз» (1974-1983 ж.)

«Қазақ әдебиеті» (1983-1993 ж.)

Қазақстан комсомолының сыйлығы (1976 ж.)

Н. Островский атындағы әдеби сыйлық (1978 ж., «Жасынның ізі»)

Абай атындағы Қазақстан

Мемлекеттік сыйлығының иегері (1986 ж.)

«Құрмет белгісі» орденінің иегері (1986 ж.)

Прозасы:

«Қамшыгер» (1970), «Үркер» (1971), «Қайдасың, қасқа құлыным» (1973), «Мұзтау» (1976, орыс тілінде 1987), «Ән салады шағылдар» (1978, орыс тілінде 1981), «Үркер ауып барады» (1981), «Біздің жақта қыс ұзақ» (1984, орыс тілінде 1984), «Өз отынды өшірме» (1983, орыс тілінде 1984), «Атау кере» (1991).

Романдары:

«Өнерге өлердей ғашық едім» (1995) Эсселер жинақтары.

Драматургиясы:

«Құлыным менің» пьесалар жинағы (1987) «Құлыным менің» (2 актілі драма, 1974) «Текетірес» (2 актілі драма, 1976), «Қар қызы» (2 актілі элегия, 1982), «Зымырайды пойыздар» (2 бөлімді тарихи драма, 1984) «Жау тылындағы бала» (2 бөлімді драма, 1985), «Мен сізден қорқамын» (2 бөлімді драма, 1987)

Кинофильмдер: «Кісікік» (режиссер М.Смағұлов, 1985). «Сайтан көпір» (режиссер Д.Манабаев, 1986), «Кербұғы» (балет-спектакль 1986, балетмейстер Б. Аюханов)

60-90 жылдар әдебиетінің біртума дарынды тұлғасы Оралхан Бөкейдің өмірден өткеніне 20 жылға жақындапты.

Оралхансыз өткен 20 жыл

Сұңғыла суреткер өзінің соңғы түнін 1993 жылы 16-мамырда, жексенбіде Көне Үнді елінде аяқтады.

Махаббаттың мәңгілік ақ күмбезі – ұлы Тәж-Махалды көріп, аса таңғалып, өзін сонда «Мен Бабырдың ұрпағымын!» деп таныстырған жазушы мұнарға кірместен бұрын Тәж-Махалдың сыртында тұрып қасиет деп, қастер тұтқаны ғой, саңқылдап Құран оқыпты. Жазушы Оралхан Бөкей ұлылық деген сөзге мынадай тұжырымдама жазып қалдырыпты.

«Ұлылық» - жалған дүниені майға шылқыған жалпақ табанымен жалпағынан басу емес, артына өшпес із қалдырып, арғымаққа мінгендей асығыс зулап өте шығу. Яғни, өз өміріңді оқыс әрі әдемі аяқтау.

Үйге: «Шығармалардан алған әсерім» (ойтолғау жазу).



Лиза АЮПОВА,
Ыбырай Алтынсарин атындағы
жалпы білім беретін
орта мектептің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Тасқала ауданы.

«ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫНЫҢ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Қазақ даласының Ресейге бағынуы неше жылға созылды?

А) 100 жыл; Ә) 120 жыл; Б) 90 жылға;

В)130 жылға; Г)140 жылға.

2. XIX ғ. әдебиеттің дамуына әсер еткен патшалық Ресейдің қазақ даласын билеу жөніндегі «Жаңа нұсқа» ережесі қай жылы шықты?

- А) 1821 жылы; Ә) 1800 жылы; Б) 1823 жылы;
В) 1824 жылы; Г) 1868 жылы.

3. XIX ғасырдың басындағы әдебиетте көрініс тапқан ел ішінде қандай келеңсіз істер бел алды?

- А) Жерді бөлу; Ә) Халықты әкімдікке сайлау;
Б) Отырықшылық; В) Қоныстандыру;
Г) Жала жабу, пара алу.

4. Әдебиеттану ғылымына «Зар заман ақындары» терминін алғаш енгізген ғалым кім?

- А) Мұхтар Әуезов.1927 жыл;
Ә) Сәкен Сейфуллин. 1923 жыл;
Б) Ахмет Байтұрсынұлы.1920 жыл;
В) Ысқақ Дүйсенбаев. 1970 жыл;
Г) Ханғали Сүйіншәлиев. 1991 жыл.

5. Кейіннен тұтас бір дәуірдің атына айналған «Зар заман» деген сөз қай ақынның өлең жолынан алынған?

- А) Шортанбай Қанайұлы; Ә) Мұрат Мөңкеұлы;
Б) Дулат Бабатайұлы; В) Нарманбет Орманбетұлы;
Г) Нұржан Наушабаев.

6. «Зар заман ақындары» деген ақындарды анықтаңыз.

- А) Асан қайғы, Бұқар жырау;
Ә) Сәкен, Ілияс, Мағжан;
Б) Махамбет, Шернияз, Алмажан;
В) Ақтамберді, Жиёмбет, Шалкиіз;
Г) Дулат, Шортанбай, Мұрат.

7. Дулат ақын туған жылды көрсетіңіз.

- А) 1728 жыл; Ә) 1810 жыл; Б) 1802 жыл;
В) 1847 жыл; Г) 1683 жыл.

8. «Жер кімдікі?» дегенде

Аға сұлтан, қазылар

Не деп жауап береді?» деген жолдардағы Дулаттың

ойын анықтаңыз.

А) Ата қоныс жерін тастап кеткенін айтып отыр;

Ә) Жерінің құнарсыздығынан ұялып отыр;

Б) Орыс переселендеріне қазақ жерін беруге қарсылығын көрсеткен;

В) Қазақ жерін ұлғайту керектігін айтқан;

Г) Кең қоныстың таралуына ренжіп отыр.

9. *Қаларсың бір күн, Сандықтас,*

Құлан жортпас бел болып.

Кімнің өлеңінен алған үзінді екенін табыңыз.

А) Сұлтанмахмұт Торайғыров; Ә) Абай; Б) Жамбыл;

В) Дулат Бабатайұлы; Г) Сәбит Дөнентаев.

10. *Аққан бұлақ сай-салаң,*

Шытырман тоғай айналаң,

Жоның жайлау, кең алаң,

Атам қонған кең далам!

Үзінді Дулаттың қай шығармасынан алынғандығын табыңыз.

А) «Еспембет»;

Ә) «Өсиетнама»;

Б) «Ақжайлау мен Сандықтас»;

В) «Арнау өлеңдер»;

Г) «Аягөз».

11. Дулат Бабатайұлының өлеңін табыңыз.

А) «Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес»;

Ә) «Жетісу суреттері»;

Б) «О, Ақтан жас, Ақтан жас...»;

В) «Сөз жазып, өлең өлшемек»;

Г) «Кәмшат қыз».

12. Дулат ақын

«Ашылған әбден араның –

Түйені жұтсаң түгімен,

Биені жұтсаң бүгімен,

Қақалмай-ақ талғаусыз» деген өлең жолдарында нені

сынға алады?

А) Төренің екіжүзділігін, араны ашылған парақорлықты;

Ә) Күлкілі де жексұрын пысық бейнесін;

Б) Елдің обалына қалып, елді тонаушыны;

В) Шен-шекпенге сатылған төрелерді;

Г) Тоғышарлардың безбүйрек қайырсыздығын.

13. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында

жасөспірім Абай мен әжесі Зеренің, анасы Ұлжанның бір

айдай қонағы болған зар заман ақыны кім?

А) Мұрат Мөңкеұлы; Ә) Шортанбай Қанайұлы;

Б) Дулат Бабатайұлы; В) Кердері Әбубәкір Шоқанұлы;

Г) Орынбай Кертағыұлы.

14. *Тауды екіге жарасың,*

Тастың қашап арасын.

Кесіп өтіп кезеңді,

..., қайда барасың? Дулат қай өзен туралы жырлаға-

нын анықтаңыз.

А) Ертіс; Ә) Еділ; Б) Жайық; В) Іле; Г) Аягөз.

15. *«Сөз – жібек жіп, жыр – кесте...»* деген сөз кімдікі

екенін табыңыз.

А) Шортанбай; Ә) Асан қайғы; Б) Шернияз;

В) Дулат; Г) Бұқар.

16. Дулат Бабатайұлының шығармасын табыңыз.

А) «Ей, Абылай, Абылай»;

Ә) «Қараторғай»;

Б) «Дала ақыны мен қала ақынының айтысы»;

В) «Болыс болдым, мінеки»;

Г) «Еспембет».

17. *Датыңды айтсаң майырма,*

Сібірге кеттің айдалып.

Дулаттың осы өлең жолдарындағы «дат», «майыр» деген сөздерге анықтама беріңіз.

- А) Әкім мен реніш; Ә) Майор мен өтініш;
Б) Чиновник және арыз; В) Аға сұлтан және хат;
Г) Орыс пен жағдай.

18. Дулат туындылары тұңғыш рет қай жылы жарық көрді?

- А) 1880 жылы, Қазан; Ә) 1882 жылы, Орынбор;
Б) 1991 жылы, Алматы; В) 1978 жылы, Ленинград;
Г) 1999 жылы, Алматы.

19. Шортанбай Қанайұлының өлеңдеріндегі сарындарды белгілеңіз.

- А) Оқу-білімге үндеу;
Ә) Қазақ даласына келген сауданы айыптау, елдің ақшаға құнығын сынау;
Б) Кедейлерді күреске шақыру;
В) Дінді сынау;
Г) Орысша оқуға шақыру.

20. Шортанбай Қанайұлының шығармаларында кімдердің қатты сынға түскендігін анықтаңыз.

- А) Орыс патшасы, жандарал, майырлар;
Ә) Хандық дәуірді аңсаған қариялар;
Б) Аналар;
В) Жас балалар;
Г) Әділетті жандар.

21. «Зар заман», «Бала зары», «Насихат» шығармаларының авторын табыңыз.

- А) Шортанбай Қанайұлы; Ә) Мұрат Мөңкеұлы;
Б) Әбубәкір Шоқанұлы; В) Мағауия Абайұлы;
Г) Дулат Бабатайұлы.

22. Шортанбай Қанайұлының Шөлеңінен алынған үзіндіде не туралы айтылғанын анықтаңыз.

*Асылық азған заманда
Алуан-алуан жан шықты,
Арам, араз хан шықты.
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ
Ақша деген мал шықты.*

- А) Қазақ даласына келген сауда;
- Ә) Әйелдердің теңсіздігі;
- Б) Адамгершілік қасиет;
- В) Жастардың бас бостандығы;
- Г) Оқу, білім, өнер.

23. Шортанбай Қанайұлының төмендегі өлең тармақтарында не айтылғанын анықтаңыз.

*Бай кедейді көрмейді,
Кедей байға ермейді.
Қызметін бір күн қылмаса,
Майлы сорпа бермейді.*

- А) Әйелдер теңсіздігі;
- Ә) Өнер, оқу, білім;
- Б) Бостандықтың келгендігі;
- В) Қазақ аулындағы тап жігінің ашылғандығы;
- Г) Табиғаттың тамаша көрінісі.

24. Шортанбай Қанайұлының өмірінің соңғы кезінде қай бидің қолында болғандығын анықтаңыз.

- А) Төле би; Ә) Майқы би; Б) Қазыбек би;
- В) Жанғұтты би; Г) Әйтеке би.

*25. Алтын, күміс тас болар,
Арпа, бидай ас болар.*

Қанша бірге тусаң да,

Қарап та жүріп қас болар,- деген үзінді Шортанбай Қанайұлының қай өлеңінен алынғандығын көрсетіңіз.

В) 1841 жыл, Г) 1843 жыл.

31. «Жарандар, кеңес жазайын», «Заманның опасыз халіне айтқаны» деген өлеңдердің авторын көрсетіңіз.

- А) Кердері Әбубәкір Шоқанұлы;
- Ә) Шортанбай Қанайұлы;
- Б) Ахмет Байтұрсынұлы;
- В) Міржақып Дулатов;
- Г) Мұрат Мөңкеұлы.

32. Кердері Әбубәкір Шоқанұлының шығармасын табыңыз.

- А) «Мұң»;
- Ә) «Алдаушы жалған»;
- Б) «Әттең, бір қапы дүние-ай»;
- В) «Заманның опасыз халіне айтқаны»;
- Г) «Анама хат».

33. Зар заман ақындары шығармаларының өзіндік ерекшелігін көрсетіңіз.

- А) Болашаққа сену, торығу;
- Ә) Торығу, кемшіліктерді сынау;
- Б) Кемшіліктерді сынау, қуану;
- В) Өткенді аңсау, болашақтан үміт күту;
- Г) Дінді уағыздау, болашаққа сену.

34. Зар заман ақыны Асан Барманбекұлының (Албан Асан) шығармашылығы туралы «Зар заман әдебиетінің басы Асан болса, аяғы да Асан болып біткендей. Сондықтан бұл Албан Асанды біз арғы Асаннан бағыт алған, Шортанбайдан үлгі көрген зар заман ақынының соңғысы, екінші Асан қайғы дейміз» деген ойды айтқан кім?

- А) Сәкен Сейфуллин;
- Ә) Әлихан Бөкейхан;
- Б) Ахмет Байтұрсынұлы;
- В) Ілияс Жансүгірұлы;
- Г) Мұхтар Әуезов.

35. Нарманбет Орманбетұлы қай жерде дүниеге келді?

- А) Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы;
- Ә) Павлодар облысы, Баянауыл ауданы;
- Б) Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы;
- В) Ақмола облысы, Көкшетау уезі, №5 ауыл;
- Г) Жамбыл облысы, Шу өңірі, Ақтөбе ауылы.

36. «Қайғысыз заман қайда бар? Қайғырмасқа не амал бар?» деген өлең жолдары Нарманбеттің қай өлеңінен алынған?

- А) «Сахараға қарасаң»;
- Ә) «Бұл күнде байлар – аяр, билер – мекер»;
- Б) «Шал қайғысы»;
- В) «Кер заман»;
- Г) «Сарыарқа сайран жерім-ай».



Айгүл ТӨҢКЕРҚЫЗЫ,
Ақмола облысының
Целиноград ауданындағы
№21 Софиевка орта
мектебінің мұғалімі.

ШЕРХАН МҰРТАЗА. «ТҰТҚЫН БАЛА»

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – көркем шығарманың әдебиет теориясы тұрғысын талдай отырып, әрбір оқушының өз тапсырмасын орындауына қолайлы орта туғызу;

тәрбиелік – кейіпкер тағдырына ортақтаса отырып, сезімді, төзімді, қайырымды болуға, адамды құрметтеуге, әсемдікті тани білуге, адамгершілік пен сүйіспеншілікке баулу, ұлтжандылыққа, елін, Отанын қорғай білуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – шығармашылық ізденісін шыңдау, сөйлеу мәдениетін, оқу, талдау дағдыларын қалыптастыру, іскерлік белсенділігін арттыру.

Сабақтың міндеттері: мазмұнға байланысты – 1) шығарманың тақырыбы мен идеясын ашу, мазмұнын толық меңгеру; 2) оқушыларды шығарманы әдебиет теориясы тұрғысынан талдауға үйрету; 3) өз бетінше ізденуге баулу; **СТО-ға байланысты** – кейіпкерлер әрекетін бағалай білу; шығарманы бүгінгі өмірмен салыстыру; өзіндік көзқарас, пікірін қорғауға бағыттау; **топқа байланысты** – әр оқушының жеке, жұптық, топтық жұмысы, өз пікірін қорғайды, спикерлер нұсқауларын орындайды.

Күтілетін нәтиже. Шығарма мазмұнын, идеясын ашады, ақпараттарды өз сөзімен жүйелі жеткізе алады, мәтіндегі оқиға арқылы бала Тұрардың қатал тағдырын біліп, қазақ елінің бастан кешкен қиын өмірін түсінеді. Сол кездегі балалар өмірі туралы мағлұмат алады. Мәтінді талдай отырып шыдамдылыққа, адамгершілік пен төзімділікке, қайырымдылыққа үйренеді.

Көркем шығарманың сюжеттік композициялық құрлысына талдау жүргізе алады.

Шығарманы өмірмен байланыстырып, салыстырып өз толғанысын айтады.

Нәтижені бағалау: жазу арқылы (кейіпкерге хат, ойтолғау жазу).

Сабақ көрнекілігі: автордың шығармалар көрмесі, буклеттер, интерактивті тақта, слайд, үлестірмелі қағаз, маркер, тапсырмалар парағы. **Типі:** жаңа тақырыпты меңгерту. **Технологиясы:** сын тұрғысынан ойлау. **Әдісі:**

«Кейіпкерге хат жазу». **Пәнаралық байланыс:** тарих.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру:

1. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру;
2. Сынып оқушылары екі топқа бөлініп отырады.
/18 оқушы 9-9-дан отырады/.

Үй жұмысын тексеру.

«Деректер сөйлейді» тапсырмасы. (Слайдтағы сандар арқылы Шерхан Мұртазаның өмірбаяны мен шығармашылығын айтып береді).

I саты. Қызығушылықты ояту.

Ойшақыру:

1. «Тұтқын» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
2. «Тұтқын бала» деген кезде ойларыңа не келеді?

Тапсырма. Әр оқушы жеке, жұппен, топпен жұмыс жүргізіп, өз ойларын ортаға салып, ішінен ең сөзге жүйрік оқушыны ортаға шығарады.

Өз ойын ортаға салғанда мәнерлі көркем сөйлеуі қажет.

II саты. Мағынаны ажырату.

Берілген нөмірлер арқылы оқушыларға рөл бөлініп беріледі. Рөлдегі оқушылардың қызметі жайлы түсіндіріледі:

1. **Баяндаушы** (Шығарма мазмұнын қысқаша баяндайды).
2. **Сілтеме табушы** (Шығарманың ең қызық жерін табады. Оны неге қызық деп тапқанын түсіндіреді).
3. **Ізденуші** (Тақырып туралы ақпарат жинайды. Тұтқын және түрме өмірі туралы мәлімет).
4. **Із қуушы** (Кейіпкер ізін қуалайды, кейіпкердің түр-түсін, мінезін, әрекетін суреттейді, кейіпкер іс- әрекетіне өз бағасын береді).
5. **Сөзтапқыш** (Шығармадағы көркемдегіш құралдармен бейнелі сөздерді, тақырыпқа қатысты мақал-мәтел не афоризмді табады).

6. **Дәнекер** (Шығарманы өмірмен байланыстырады).

7. **Бейнелеуші-суретші** (Оқиға желісімен сурет салады).

Ең маңызды идеяны көрсете білу керек).

8. **Сұрақ қоюшы** (Шығарма негізінде сұрақтар қояды):

1. Автор әңгімені неге «Тұтқын бала» деп атайды?

2. Оқу барысында қандай сезімде болдың?

3. Бала Тұрардың тағдыры арқылы автор бізге қандай ой тастайды?

4. Шығармада қандай шиеленіскен жағдайлар бар?

5. Автор сені қалай қызықтырды?

6. Автор өмір туралы нені анықтайды?

7. Әңгіменің негізгі идеясы не?

8. Сендер әңгімеге қандай тақырып қояр едіңдер?

9. Шығармадағы барлық мәселелерді қалай шешер едіңдер?

10. Өзіңді қай кейіпкерге ұқсатар едің? Кейіпкерге ұқсас достарың бар ма?

11. Шығарма саған нені үйретті?

Мұғалімнің бағыт-бағдары:

1. Мәтінді еске түсіру;

2. Әркім өз рөлін орындайды, жеке жұмыс істейді;

3. Жүппен талқылау;

4. Ойды ортаға салу, жариялау.

III саты. Ойтолғаныс.

1-топ. Кейіпкерге хат жазу. Хаттың мазмұнын баяндау.


2-топ. «Бала Тұрардың болашағы» тақырыбында өз қиялдарымен әңгімені аяқтау.

Сабақты қорыту. Сабақ барысы, оқушылардың іс-әрекеті жайлы мұғалімнің пікірі.

Бағалау. Рөлдегі оқушылардың әрекеті мен еңбегін белсенділігіне қарай топтағы басшы мұғаліммен салыстыра отырып бағалайды.

Кері байланыс парағы міндетті түрде сабақ соңында ұйымдастырылады.

Үйге тапсырма. «Тұтқын бала» әңгімесіне сюжеттік талдау



Үй тапсырмасы түсіндіріледі.



Айнагүл ІЗТҰРҒАНОВА,
Ақтау қаласындағы
№28 орта мектептің
мұғалімі.

МАҒЖАННЫҢ «СҮЙЕМІН» ӨЛЕҢІ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – Маған Жұмабаевтың өмір жолы мен шығармашылығын айта отырып өлеңнің көркемдік ерекшелігін таныту; **дамытушылық** – өлеңді

теориялық талдауға машықтандыру, шығармашылық жұмысқа үйрету; **тәрбиелік** – анасын, елін, халқын қастерлеуге, Отанын сүйуге тәрбиелеу.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын сұрау. «Туған жердің табиғаты».

Шығармашылық жұмыстарын тексеру, оқыту.

III. Жаңа сабақ.

Эпиграф.

Не көрсем де Алаш үшін көргенім,

Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім. Мағжан.

Мағжан Жұмабаев. 1893-1938ж.

1. Мағжан – қазақ поэзиясының шолпан жұлдыздарының бірі әрі бірегейі. Ол – артына өшпес рухани мол мұра, өлмес мәңгілік ескерткіш қалдырған ұлы ақын.

2. Туған жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы.

3. Ата-анасы: беделді, дәулетті, Жұмабай қажы, әкесі Бекен.

4. Білімі: 4 жасында ауыл молдасы, “Ғалия медресесі”, Омбы мұғалімдер семинариясы.

5. Ұстаздары: Ғалымжан Ибрагимов, Міржақып Дулатов.

6. Ақындығы: “Мен жастарға сенемін”, “Сағындым”, “Қорқыт”, “Батыр Баян”, “Толқын”, «Шолпы», т.б.

7. Мағжан туралы айтылғандар: “Мен Мағжанды сүйемін! Оның еуропалығын, әшекейін сүйемін...” Мұхтар Әуезов.

Мағжан Жұмабаев туралы тың дерек: «Мағжан рухы кезген – Магадан».

Ғаламторды пайдалану.

«Сүйемін» өлеңін мәнерлеп оқып беру.

Өлеңді сатылай талдау (Оқушылар тауып жазады).

1. Тақырыбы: _____ 2. Жанр түрі: _____ 3. Идеясы: _____
4. Шумақ: _____ 5. Тармақ: _____ 6. Бунақ: _____

7. Буын: _____ 8. Ұйқас: _____ 9. Әдеби теория-
лық ұғымдар: _____

Сөздік жұмыс.

Тасбиық – адамдардың сыйынуы үшін қолданылатын моншақ тізбектер. *Алаш* – ежелгі қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы. *Кебін* – өмірден өткен адамды орайтын ақ матадан тігілген киім.

Өлеңнің тәрбиелік мәні: әр адам өзінің туған жерін, анасын, Отанын сүйе білуге, оны аялап қадіріне жетуге тырысады.

IV. Шығармашылық жұмыс.

«**Мағжан және мен сүйетін туған жер**»

↳ **Хат** ↳ **Өлең** ↳ **Ойтолғау**

Тірек сөздер: *туған жер, Отан ана, Тәуелсіз елімізге 21 жыл, Қазақстан, Елбасы, Егеменді елдің ұланымын.*

V. Салыстыру.

Мағжан. «Сүйемін»

Қарт ана

Адал жары

Халқы

Туған жері

Мұқағали. «Үш бақытым»

Халқы

Отаны

Тілі

VI. Қорытындылау.

Жырымменен жаным жұбаттам,

Жырымменен жұртымды оятам,

Несіне жас төгейін...

Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім!

Міне, Мағжанның барлық өмірі – поэзиясында. Өлеңдері романтикалық асқақ сезіммен өрілген. Ешкімге ұқсамайтын қолтаңбасы бар Мағжан аталарыңның осы өлеңі арқылы сендердің де отансүйгіш, елжанды, адал азамат болатындарыңа сенеміз!

VII. Үй тапсырмасы. Өлеңді жаттап келу. Шығарма жазып келу.

КӨЗ ЖАЗЫП ТУҒАН ЖЕРДІҢ КЕЛБЕТІНЕН...

(8-сынып, 2-сағаты)

Мақсаты: білімдік – Қабдеш Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесі негізінде шет елдегі қазақтардың туған жерге, елге сағынышын көрсету, пәнаралық байланыстар арқылы білім мазмұнын тереңдету, өмірмен байланысын арттыру; **дамытушылық** – оқушыны жеке тұлға ретінде ала отырып, оларды өзіндік, дербес ізденуге баулу, өз беттерімен көркем туындыны оқу, талдау, бағалауға жетелеу, логикасын, эстетикалық талғамдарын, шығармашылық қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – елін, жерін сүйуге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімге баулу, ақыл-ой, эстетикалық, адамгершілік, патриоттық тәрбиелер беруге ұмтылу.

Типі: талдау сабағы. **Әдісі:** әңгімелесу, топтық жұмыс, модель қорғау, шығармашылық жұмыстар. **Техникалық құрал:** интерактивті тақта. **Көрнекілік:** автор суреті, кітап көрмесі. **Пәнаралық байланыс:** тарих, музыка, география. **Пайдаланылған материал:** 1) Қ.Жұмаділов. XII томдық шығармалар жинағы; 2) «Ана тілі» газеті. №3, 17-23 қаңтар 2008; 3) «Жас алаш» газеті, 31 қаңтар 2008; 4) «Франция қазақтарының өмірі». Қазақ радиосының алтын қорынан; 5) Қ.Бітібаева. «Әдебиетті оқытудың инновациялық негіздері».

Сабақтың барысы.

Өткен сабақта Қабдеш Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесі өтілгендігі, соған орай талдау жұмыстары, шығармашылық тапсырмалар берілгені айтылады.

Көз жазып туған жердің келбетінен,

Сағыныш, шетте жүрсем шөлдетіп ең.

Интерактивті тақтадан Қабдеш Жұмаділов суреті мен тақырып жазылған көрнекілік көрінеді.

Сабақтың үш бөлімге бөлінгендігі, алғашқы бөлім

«Жат жерде күнін санаған

Арманды жандар бар қанша...» деп аталатыны айтылады.

Одан әрі таспадан Шынболат Ділдебаевтың «Шындық туралы толғауынан» үзінді тыңдалады. Үзіндідегі

«...Америка, Түркияға, Қытайға

Жетіскеннен шашылды ма тарыдай?» деген жолдардың

мәні ашылады. Мұғалім қазақ халқының басынан кешкен қиын-қыстау күндер, халықтың шетел асып, тарыдай шашылу себептері туралы әңгімелейді. Сол қандастарымыздың көбі әлі де туған жерге жетуді армандайтыны айтылып, таспадан Францияда жүрген осындай қазақтардың өмірін суреттейтін хабардан үзінді тыңдалады.

Сабақтың екінші бөлімі

«Алдыма түс, мені алып ұш,

Аппақ желкен – Сағыныш» деп аталады. Бұл

бөлімде оқушыларға Қабдеш Жұмаділовтің өмірі мен шығармашылығына байланысты сұрақтар қойылады.

«Қаздар қайтып барады» әңгімесінің кейіпкері кім? Қайда сапар шегіп барады? Осы сұрақтарға жауап алынады. Одан әрі тақырыпты талдау үшін сынып оқушыларының үш топқа бөлінгендігі айтылады да, әр топ өз тобының неге олай аталғандығын түсіндіреді.

I топ – «Тағдыр», II топ – «Соңғы көш», III топ – «Атамекен». Әр топқа тапсырмалары беріліп, топ басшысына бағалау парақтары ұсынылады.

«Тағдыр» тобы әңгіме кейіпкері Байтас қартты жолға алып шыққан сағыныш сезімі туралы модель құрастырып, оны қорғайды.

«Соңғы көш» тобы әңгіме негізінде Байтас қарт бейнесін ашып, модель құрастырып қорғайды.

«Атамекен»тобына туған жер моделін құрастыру тапсырылады.

Алдыңғы екі топ модель қорғау жұмысын аяқтаған соң әңгімеде кездесетін көркем сөз қолданыстары туралы айтады.

Төменгі сыныптарда Қабдеш Жұмаділовтің қандай шығармасын оқығандығы сұралады.

«Сәйгүліктер » повесінен алынған үзінді «Қозыкүрең» әңгімесі екендігі айтылады.

Екі-үш оқушы компьютерде салыстыру жұмысын орындайды.

Үлгі:

Ұқсастығы	Ерекшелігі
1. Қаздар қайтып барады	1. Қаздар қайтып барады
2. Қозыкүрең	2. Қозыкүрең

Шетелдегі қандастар жайлы жазылған тағы қандай шығарма, түсірілген фильмдер білесіңдер? (Оқушылар жауабы)

Еліміздің тәуелсіздік алуымен шетелдегі қандастарымызға бүгінгі күнде арнайы квота бөлініп, түрлі жеңілдіктер жасалып елге оралуда.

Ауданымыздағы оралмандардың жай-күйі туралы ой толғаған Әсемнің бейнематериалын көрейік. Соңынан

мұғалім тұжырымдайды.

Сабағымыздың үшінші бөлімін

«Тұрсаң болды, Туған жер, көктеп кілең,


Арманымды асаудай ерттеп мінем» деп атадық.

Байтас қарттың қиялына қанат бітіріп, құстай алып ұшқан, қол жетпес сағымдай бұлдыраған сағыныш сезімі еді.

Ол сағыныш – туған жер.

Атамекен дегенде көз алдымызға не елестейді?

«Атамекен» тобы моделін қорғайды.



Туған жерге арнап жазылған өлеңдер, оқушының өзі шығарған өлеңі оқылады. Сабақты мұғалім қорытындылайды. Қабдеш Жұмаділовтің «Қызыл сызық» өлеңі оқылады.

...Шекара бойын бөктерлеп

Көріп пе ең ала бағанды?

Көріп пе ең арғы беттен кеп

Қадалып тұрған адамды?

Қарайды неге сол адам

Көзінің нұры талғанша?

Жат жерде күнін санаған

Арманды жандар бар қанша.

Дауылды күні теңізден

Бөлініп қалған тамшы бар.

Оның да әттең дегізген

Себебі, сірә, бар шығар.

Тағдырдың заріп құрбаны

Қайтеді басқа құрыса амал?

Кеудесін тосып тұрғаны

Бұл жақтан соқса бір самал.

*Сарыла күтiп ертеңiн
Үмiтпен көңiлiн аулауда.
Құштар ол осы өлкенiң
Топырағына аунауға.*

*Аралап көрсең нанасың,
Әлемде талай қызық бар.
Бақыт пен сордың арасын
Бөліп тұр қызыл сызықтар.*

Үйге тапсырма. «Туған жердей жер болмас» тақырыбына шығарма жазу.

Топ басшылары бағалау парағын толтырып, тобындағы оқушылардың білімін таразылайды, соңынан мұғалім бағалайды.



Бибігүл МӘМБЕТОВА,
Астана қаласындағы
ҚазГЗУ гуманитарлық
заң колледжі оқытушысы.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН. «КӨКШЕТАУ» ПОЭМАСЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – поэманың мән-мағынасын, ойын түсіну, қорыту, нәтиже шығару; С.Сейфуллиннің қалам өнеріндегі асқан дарынын, шеберлігін таныту, ақынның шығармашылығына сүйіспеншіліктерін арттыру; **дамытушылық** – шығарманы жан-жақты талдау арқылы оқушылардың дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын байыту, шешен сөйлеуге баулу, ізденіс-шығармашылық дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – отансүйгіштікке, имандылыққа тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Типі:** жаңа сабақты меңгеру. **Әдісі:** топтық, ұжымдық, ізденіс-шығармашылық, баяндау, сұрақ-жауап. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих. **Көрнекілігі:** оқулық, интерактивті тақта, кітапхана бұрышы.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушыларды түгелдеу, сабаққа ынталандыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

А) Сәкен Сейфуллин кім?

Ә) Сәкен Сейфуллиннің қандай шығармаларын білесіңдер?

Б) Сәкен Сейфуллин шығармаларында қандай мәселелерді көтереді?

III. Жаңа сабақ.

Оқытушының кіріспе сөзі.

Оқушыларға қосымша тапсырма ретінде алдын ала Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасын оқып келу тапсырылған.

Топтық жұмыс. Әр топтың Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы бойынша ізденіс-шығармашылық жұмысы. (Әрқайсысы бір-бірін тыңдап, жауабын толықтырып отырады.)

1-топ. Поэмаға мазмұндық жоспар құрып, түсінгендерін мазмұндау.

р/с	Бөлім атауы	Оқиғаның барысы
1	Кіріспе.	Көкшетаудың сұлу табиғаты.
2	Негізгі бөлім. Оқжетпес. Жұмбақтас.	Қазақ-қалмақ қарым-қатынасының бір оқиғасына арналған. Ұрыста қолға түскен қалмақ қызына Абылай батырларының таласуы. Тұтқын қыздың батырларға қойған үш шарты. 1) Шың басындағы жаулықты атып түсіру. 2) Мың қадам жерден 4 жігітті арқалап жартасқа жүгіріп шығу. Оқжетпес, Жұмбақтас атауларының сыры. 3) Өлеңмен айтылған жұмбақты шешу.

3	Адақ батыр	Адақ батырдың ата тегі, шыққан жері, Абылайға еруі, есімінің Адақ аталғаны, мінез ерекшеліктері баяндалады. Қалмақ қызының басына қауіп төнген тұста әрекетке Адақтың араласып, қыз қойған шартты орындауы. Адақ батырдың қыз жұмбағын шешуі.
4	Ерік алған қыз	Абылай қойған, қыз құптаған шарт бойынша қыз Адақ ерге тимек еді, жылы жүректі батыр тұтқындағы қызға азаттық береді, өз тұлпары – Керкөжекті мінгізіп еліне қайтарады.

2-топ. Қыз жұмбағының шешуін толық мазмұндау.

3-топ. Поэманың әр бөліміндегі оқиғаның ойын анықтап, тақырып қою. (Сызба арқылы көрсету).

IV. Поэманың композициялық құрылысын түсіну.

Сәкен – ақын. Поэмадағы сюжеттік оқиғалар негізінде мазмұндату (интерактивті тақтада орындалады).

(Ұжымдық жұмыс).

1	Басталуы	Көкшетаудың сұлу табиғаты. Абылай батырларының тұтқын қызға таласып дауласуы.
2	Дамуы	Тұтқын қыздың шарты. Батырлардың бір-бірімен өнер сынасуы.
3	Байланысуы	Қыз жұмбағы.
4	Шарықтау шегі	Адақ батырдың оқиғаға араласып қыз жұмбағын шешуі.
5	Шешімі	Қыздың азаттық алуы.

V. Поэманың тілдік көркемдік ерекшелігі. Оқулықпен жұмыс (Дәптерде орындалады).

р/с	Поэмадан үзінді	Эпитет	Кейіптеу	Теңеу
1	Қазақ әдебиеті (хрестоматия) 11-сынып. Сәкен Сейфуллин. «Көкшетау» поэмасы. 86-88-беттер.	Алтын кесе, жұпар иісті, көк желекті, көкпеңбек шың, сары алтын.	Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп, Жүреді біліп кетіп есен-сауын. Ызындап таудан соққан жел айтады. Сырласып сыбырласқан жапырақтар, Күндіз-түн күңіренген көл айтады.	Жібектей жел, қарлығаштың қанатындай, көк шыбықтай, сұңқардың баласындай, құланның құлынындай, киіктің лағындай.

VI. Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беру. (ұжымдық жұмыс). Қалмақ қызы мен Адақ батырдың кескін-келбетін оқулықтан тауып оқу.

р/с	Кейіпкер	Іс-әрекеті, адами қасиеті.
1	Абылай	Қолбасшы, батыр, жеңімпаз, мінезі қаһарлы.
2	Тұтқын қыз	Жасы 17-де, басында еркі жоқ, сұлу, өжет, ақылды.
3	Адақ	Батыр, мерген, ақылды, әділ, жүрегінде иманы бар, елін сүйеді.

VII. Ой қорыту. Сәкен Сейфуллин қандай ақын?

«Сәкен – еліміздің елдігінің, ерлігінің, ақындығының, сұлулығының бейнесі» (Сырбай Мәуленов). Сәкен туралы айтқан Сырбай Мәуленовтың сөзін поэманың ойымен байланыстыр.

VIII. Үй тапсырмасын беру. Поэманың «Көкшетау» бөлімін мәнерлеп жатқа оқуға даярлану. Жер-Ана, табиғатқа қатысты айтылған нақыл сөздерді дәптерге жазу, мағынасын түсіндіру.

IX. Бағалау. Сабақта белсенді жұмыс атқарған оқушылардың еңбегін бағалау.

Сымбат МҮТАЛАПХАН,
Лев Гумилев атындағы
ЕҰУ ғылыми қызметкері.

СӘКЕННІҢ ӘН МҰРАСЫ

Қазақ совет әдебиетінің классигі, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің жаңашыл ақындығы бір төбе, композиторлығы бір төбе. Сәкеннің музыкалық мұрасына келер болсақ, қазақ музыка тарихына мейлінше еңбегі сіңген, әндері бүкіл Сарыарқаны шарлап кеткен композиторлық дарынын паш ететін ерекше қырын байыппен бағдарлап, тарихпен тоғыстырып, халқына таза алтын күйінде табыстау да — аманат.

Осы орайда әсем әуезді «Біздің жақта», «Тау ішінде», «Көкшетау», «Сырсандық» және т.б. елге кеңінен тарап, халқымыздың сүйіп тыңдайтын, елжіреп шырқайтын әндерді шығарған Сәкен Сейфуллиннің ерен еңбегін «Қазақ музыка тарихына» алтын әріппен жазса артық етпес еді. Әншілік өнерінің тырнақалдысы — «Біздің жақта». Өлең әні 1919 жылы майда Сарыадыр баурайында дүниеге келді.

Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» романының басында «Әуілдек» әні және соңында «Ықылас күйі» туралы тарихи толғанысты ән мен күй ақиқатын жазып кеткен. Сондай-ақ мұнда ел арасындағы Қилыбай серінің 17 ақынға арнаған өлеңінде Сапалайдың да аты аталады. Сапалай серілік-әншілік, ақындық (ол көп айтысқан ақын) өнерімен қоса, аумалы-төкпелі заманда саяси-әлеуметтік мәселелерге де араласқан. Осы жазғанынан-ақ музыка өнері мен Сәкен болмысының бөле-жарып қарауға болмайтын тұтастығы анық көрінеді.

Сәкеннің әкесі Сейфолла күйші, анасы Жамал әнге әуес

адамдар болған. Әкесі туралы Сәкен бір әңгімесінде былай деген екен: «Әкем саятшы, аң аулағыш, домбырашы, ақ жарқын, жайдары адам, шешем әңгімені жақсы айтушы еді. Кешке жақын әкем аң аулап келгенде от басында отырып әңгімелесетін едік. Әңгімеде аңшылық жайын айтып, оның ақырын домбыраның зарлы күйімен бітіретін. Әкем мен шешемнің үлгісі бойынша ел аузындағы әңгіме, қызықты ертегілерге мен де бой ұрып, қиялды жүгіртуші едім».

(Е.Ысмайылов. Ақын және революция. 16-бет)

Жастайынан құлағына сіңген халық композиторлары Сайдалы Сары Тоқа, Тәттімбет күйлері мен Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырайдың әндерін ақын шығармаларында барынша ерекше дәріптеген. Қазақ музыкасының жаңа дәуірде нәрі мен сөлін жоғалтпай, қадір-қасиетін келер ұрпақ нақты танып білетіндей етіп, сал-серілердің өзіндік қолтаңбасын поэзияға түсіріп кетті. Сәкен Сейфуллиннің музыкалық мұрасын зерделегенде жоғарыда аттары аталған халық композиторлары Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырайлардың өнерін өте жоғары бағалағанын байқаймыз:

***«Біржан сал, Ақан сері, Ыбырайлар
Алмас ед Шалыпінді қапталына».***

«Сәкеннің өмірді танып білу, алғаш ақындыққа бой ұру жолындағы негізгі факторлар – өзі өскен ауылдағы ақын, әншілер ортасы, яғни, халықтың теңіздей мол поэзиясы. Әке мен шеше айналасынан басқа Сәкенге ерекше әсер еткен Құлмағанбет деген өлеңші, гармоншы, өнерпаз ақын болған. Өз ауылындағы Әзімхан деген – Сәкеннің ең жақын досының бірі, кедейден шыққан сері, әзілқой, сауықшыл жігіт, қиссаларды жатқа айтқан. Сатай, Сүйіндік деген жігіттер де – Сәкеннің ел аралап, аң аулап, саятшылық құрғандағы өнерпаз, балуан, сері достары. Тама еліндегі Сапалай, Мүсейіп деген ақын, әншілер де Сәкеннің жақын достары

болған. Онан басқа сол елге келіп-кетіп сөзі таралған Әшек, Бітімбай деген ақын-әншілер болған. Ал заводта, Ақмолада сөзін, әнін тыңдап үлгі алған Ыбырай, Ғазиз сияқты әнші-өлеңшілер аз болмаған» деп жазады Есмағамбет Ысмайылов.

Сәкен Сейфуллин халық тарихын, халық мұрасына деген ықыласын танытқан, оны көздің қарашығындай сақтап жоғалтпауға, жинастыру ісіне белсенділік танытқан, соны өзі бас боп жүзеге асырды. Мәселен, 1934 жылғы «Қазақ әдебиеті туралы хат» деген мақаласында мынадай жолдар бар: «Музыканы алалық. Қазір бізде жақсы музыка мамандары бар ма? Бізде музыка мамандары жоқ. Ал қазақ музыкаға икемсіз ел ме? Музыканы сүймейтін ел ме? Қазақ музыканы өте жақсы көретін ел, қобызбен күй сызғанда жылаған адамның жасын тиып, жыламайтын адамдардың көңілін босатып жылатқан ықыласты жұрт білмей ме? Домбыра шертпейтін үй кемде-кем болмай ма? Солардың ішінен музыка мамандарын шығаруға болатын еді. Оны істей алмады. Ал басқа республикаларда бірсыпыра музыка мамандары бар. Мысалы, Татарстандағы Сайдашев, Уәлиев, Мұзафаров қазір Кеңестер Одағындағы белгілі музыка мамандарының қатарына кіріп отыр» деп кәсіби, сауатты музыкант (ұлт кадрларын) даярлау керектігін жазады. «Өте-мөте керек болып отырған мағлұматтар... Ақан серінің... өлең күйлері, Жаяу Мұсаның өлеңдері, Шолақ-палуан, Мәди тәрізділердің өлеңдері... Бұлармен қатар ел аузында жатқайтылып жүрген түрліше өлең-жыр, әңгімелер, қазақтың әндерінің, күйлерінің әңгіме тарихтары, мәселен: Бозайғыр, Бозінген, Балбырауын, Ақжелең, Саржайлау, Қосбасар, Терісқақпай, Қорқыт күйі, Ықылас күйі, Балабақсының күйі, Дайрабай, Тоқа, Ғазиз әнші, т.б. Осылардың бәрі қазақтың тарихына, мәдениет, әдебиет тарихына керек мағлұматтар болады». (С.Сейфуллин. Шығармалар. 4 том. А., 1962, 390 бет).

Ел арасындағы ән мен күйлерді жинақтау ісінде Сәкен Сейфуллин музыкалық сауатты мамандарға зор мүмкіншілік жасап қана қоймай, өз орындауында бірнеше ән-күйлерді жазып алушыларға жеткізген. Қазақ ән-күйін жинап зерттеуші А.Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында «Сәкен Сейфуллин тамаша әнші әрі күйші, Ақмола өңірінің ән-күйлерін жетік білгірі» деп жазды. Сәкен Сейфуллиннің орындауында А.Затаевич Абылай ханның атты әскерінің шеруі «Терісқақпайды», Тоқа күйлерін, «Шаш сипар», «Сауытбектің зары», «Күн мен ай», «Толғау» әндерін жазып алған.

Сәкен өмір сүрген қоғамның тыныс-тіршілігі аумалы-төкпелі заманмен дөп келді.

«Асауменен алысып жүріп салған әндер» деп аталатын рубрикамен 1917-19 жылдары жазған өлеңдері: «Жолдастар», «Далада», «Кел, жігіттер», «Асау тұлпар», «Жас қазақ марсельезасы», «Асығып тез аттандық». Бұл өлеңдері халық арасына тез әрі кеңінен тарап, ән болып айтылып жүрді.

Ежен Потьеннің «Марсельезасының» әніне негіздеп «Жас қазақ марсельезасын» жазды. Ұлттық әдебиеттанудағы сәкентану ілімінің қалыптасу және дамуына жарты ғасыр бедерінде ерен еңбек сіңіріп келе жатқан ғалым Тұрсынбек Кәкішұлының «Жас қазақ марсельезасы» туралы мына сөздері көкейге қонымды екенін түсінетін кез жетті: «Дүниенің құлдық шынжырын қиратып, әділдік, теңдік іздеген, еркіндік, кеңдік іздеген Сендерге арналады бұл «Кел, жігіттер» деп ұрандатқан Сәкен өзінің құрбы-құрдастарын

«Кел, жігіттер, болыңдар ер» деп жігерлендіріп:

Азамат, жүнжіме, жүрме бос,

Қол ұстас, бірігіп тізе қос.

Ту ұстап дұшпанға барайық,

Теңдіктің ұранын салайық.

Тізесін батырған залымнан

Күн туды – біз теңдік алайық! – деген ұлы мақсатты ашық айтты, жазды. Біз бұл ұрандарды осы уақытқа дейін бір жақты ғана түсіндіріп келдік. Сол түсінік әрбір пенденің көкейінен әлі кете қойған жоқ. Оның негізі – бай мен кедейді атыстыру, шабыстыру, таптық күресті ұшықтыру деп қана білдік. Ал осы жолдарға бүгін зер салып бір қарайықшы» деп Коммунистік идеология тұсында назарды таптық күреске мықтап аударып, Сәкеннің шығармашылық, қайраткерлік портретінен ұлттық таным-білік, ұлттық қажеттілік сынды толғанысты ойларының еленбегендігі жөніндегі шындықты ашық айтады.

*«Патшадан әділдік жоқ еді,
Ұлықтар парақор тоқ еді.
Бұқара халықты кем тұтқан,
Жек көрген, итімен тең тұтқан.
Қоспаған санына адамдық,
Айламен ұстаған надан зып»*, - деген әнұранның екінші шумағында қандай мән бар деп ойладық па?! «Өзінен, өзгеден кем халық» деп айтып салғанын түсіндік пе? Мен Сәкенді сол кезде қазақ пен отаршылар арасында жік салайын, ұлттық намысты ту қылып көтерейін деп отыр деуден аулақпын. Өз елінің езілгенін, қаналғанын, қорлық-зорлық көргенін, тұщы етіне ащы таяқ тигенін ұмыта алмаған жанның Қазан төңкерісі арқылы әділдік, теңдік, бостандыққа жетуге талпынғанын енді аңғармасқа болмайды». Тұрсынбек Кәкішев Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы, азаматтық болмысы мен қайраткерлік тұлғасындағы беймәлім қырларына нақты мұрағат құжаттары, тың тарихи деректер негізінде үңілді.

Ізденіс барысында сонау Кеңес заманында жазылған Сәкен Сейфуллиннің әндерін Астанадағы Өнер университетінің оқытушысы Ахат Байбосыновтың жеке қорынан алдым. Ұнтаспаларда Сәкен әндерін ең бірінші орындаушы

І.Сүйіндікова, Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов сынды әншілердің дауыстары, күйші Әбікен Хасеновтің орындауындағы күйлер бар. Сәкеннің анасы Жамалдың ел ішінде «Жамалдың әні» деп сақталып қалған әні мен «Біздің жақта» әнінің 2-варианты Өнер университетінің оқытушысы, дәстүрлі әнші А.Нығызбаевтың қоржынында екен. Сәкеннің «Әуілдегін» Жезқазған қаласында тұратын Қайрат әншіден, «Далада» өлеңіне жазылған әнді Сәкен Сейфуллин мұражайында көп жылдар ғылыми-зерттеу бөлімін басқарған Күлбағила Бейсекееваның айтуында нотаға түсіріп алдым. «Далада», «Орман», «Көл» осы үшеуі бір мақамға салынып жазылған. Осы өлеңді Астана қаласындағы Әлкей Марғұлан атындағы мектептің 4-сынып оқушыларына үйреттік. Әуені мен сөзі балалардың қабылдауына әсер еткендігі сондай, алдымен қазып алып, бас-аяғы 15-20 минутта хормен орындап берді.

Сәкеннің әсем әуезді музыкалық мұрасы ел құлағын елең еткізер дәйекті де дәлелді тақырып болғандықтан Сәкеннің өз әндерін негізге ала отырып, сәкентанушылар: Сәкеннің әріптесі академик, жазушы Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, профессор, сыншы Есмағамбет Ысмайылов, ҰҒА академигі, сыншы Серік Қирабаев, академик, сыншы Тұрсынбек Кәкішұлы, музыка зерттеушісі Ғ.Бейсенова сынды ғалымдардың еңбектерін мұқият қарастырдық. Ғ.Бейсенова «Қазақ музыкасының тарихы» тұңғыш оқу бағдарламасын, «Сәкен Сейфуллиннің әндері», «Қазақстан композиторларының ән шығармашылығы» тақырыбындағы ғылыми еңбектер жазған. Сонымен қатар Кеңес дәуіріндегі газет-журналдарды сүзбелей келіп, 1933-36 жылдары Илияс Жансүгірұлы, Темірбек Жүргенов, Есмағамбет Ысмайылов, Фатима Ғабитова, Қажым Жұмалиев, Әлжаппар Әбішевтің, 1958 жылы Сәкен ақталғаннан кейінгі жылдардан бастап: Т.Кәкішұлы, Ж.Ысмағұлов, Х.Бекхожин, Р.Бердібаев,

Қ.Жұмалиев, Ә.Болғанбаев, Қ.Қожахметұлы, Е.Дайрабаев, Қ.Есенов, М.Жанәділов, А.Ділманова, О.Бөкей сынды авторлардың мақалаларындағы Сәкеннің өлең-әндеріне қатысты жазылған сүбелі ойларына назар аудардық. Сәкеннің шығармаларымен шабытын ұштаған композиторлар мен әртістерді де назардан тыс қалдырмау керектігін түсіндік. Сәкенге арнап күй шығарған досы Әбікен Хасенов («Қоңыр» күйі - «Боздақтар»), Сәкеннің «Жұмбақ қыз» либреттосына опера жазған Сыдық Мұхамеджанов, кантата жазған Кенжебек Күмісбеков, өлеңдеріне ән жазған Қапан Мусин (Сәкеннің бес өлеңіне романс жазған), Иран Илияшев, Жасарал Еңсепов, т.с.с. композиторлардың шығармалары жинақталды. «Іздеген табады, тапқан қуанады» деп бабаларымыз бекер айтпаса керек-ті. Ел арасында әлі де болса хатқа түспеген Сәкен туралы тың деректер бар екен...



Рахия ЖАНЗАҚОВА,
«Жақсықылыш» кентіндегі
№19 орта мектебінің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Арал ауданы.

6-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

Ахмет Байтұрсынұлы
«Қара бұлт»
(*Бастапқы бөлігі өткен санда.*)

1. Концептуалдық кесте

«Қара бұлт»	Аллегориялық образ	Қандай мінездерді көрсетеді?

2. Тест интервью

Ахмет шығармаларының ерекшелігі	Шығармалары арқылы бізге қандай тәрбие береді?

3. Кейіпкерге хат жаз.

Құрметті Бұлт!

«Анама хат»

1. Өлеңді өлең құрылысына талда.

Мағжан Жұмабаев

«Қазақ тілі»

«Бүгінгі күннің бар жазушының ішінен келешекке бұйырып, артқы күнге анық қалуға жарайтыны — Мағжанның сөзі». (Мұхтар Әуезов).

1. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып қашан қабылданды?

а) 1993 ж. маусым;

ә) 1997 ж. шілде;

б) 1995 ж. тамыз.

3. «Қазақ тілі» деген өлеңінде ақын не туралы толғанады?

«Мен кім?»

1. Өлеңдегі сұраулы сөйлемдер әдебиет теориясында қалай аталушы еді?

2. Ақынның лирикалық қаһарманы кім?

3. Өлеңге проблемалық талдау жаса.

Сәкен Сейфуллин

«Далада»

1. Сәкен Сейфуллин қай жылдары өмір сүрді?

а) 1894-1938 ж.; ә) 1891-1937 ж.; б) 1895-1936 ж.

2. Кең дала, жасыл жайлауды қалай бейнелер едің?

3. Мақсатқа, арманға жетер жолда кездесетін қиындықтарды қалай жеңуге болады?

4. Өлеңнен теңеулерді, риторикалық сұраулы сөйлемдерді тауып жаз.

Бейімбет Майлин

«Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры»

1. Бейімбет Майлин қай жылдары өмір сүрген ?

а) 1891-1936 ж.; ә) 1895-1937 ж.; б) 1894-1938 ж.

2. XX ғасырдың басында қазақ тұрмысына енген жаңалықтар және ескі мен жаңаның арасындағы үйлесімсіздіктер әңгімеде кімдердің істері мен сөздері арқылы суреттелген?

3. Дайрабайға мінездеме бер

4. Уа, жолдас, «Көк сиырдың дауы» деп жұрт күлер. Жұртқа күлкі болғанмен, маған күлкі емес, мен жалғыз істі айтпай тұра алмаймын. Жүздерін жырта-жырта айтамын!

Кімнің сөзі _____

Ілияс Жансүгірұлы

«Анам тілі»

«Ілияс Жансүгіров – өртеңге шыққан құдіретті өртен ақын. Ақындық бауырын Құлагерше жазып үлгері алмай, Құлагерше қапыда опат болды».

Сағат Әшімбаев.

1. Ана тілі туралы қандай ақындардың өлеңін білесің?

2. Салыстыр.

Мағжан Жұмабаев «Қазақ тілі»	Ілияс Жансүгірұлы «Анам тілі»
---------------------------------	----------------------------------

«Домбыра»

1. «Домбыра, сенде мін бар ма?» деген ақын ойын жалғастыр.

Есіңе сақта!

Градация (дамыту) – алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата түсу.

2. «Домбыра – қазақ халқының ұлттық аспабы» тақырыбында ой толға.


Мұхтар Әуезов

«Біржан сал – Абай ауылында»

«Қазақстан үшін Әуезов – екінші Абай».

(Н.Погодин).

1. «Топтастыр»



2. Әңгімедегі өнеркұмар жас әншілерді ата.


3. «Тұжырым» кестесі

р/с	Кейіпкер	Іс-әрекеттер	Адами қасиеттері
1	Абай		
2			
3			
4			

Есіңе сақта!

Көркем шығармадағы жинақталған адам образын типтік образ дейміз.

4.



Ғабит Мүсірепов

«Автобиографиялық әңгіме»

→ Кім? -----

1. Ғабит Мүсірепов

Несімен
танымал?

Не істеді?

2. Иван Крылов мысалдарын қазақшаға аударған қандай ақын-жазушыларды білесіңдер?

3. Толықтыру тестісі.

Жаз бір көлдің басында, қыс айларын әр ағаштың қойнауында өткізетін ----- ауыл ----- молдасын жолдапты.

4. «Менің сүйікті ұстазым» тақырыбына эссе жаз.

Ғабит Мүсірепов

«Жапон балладасы»

1. Әңгіме неге «Арқаның әңгімесі» деп аталған?

2. Арқаның алғаш шаншуы қалай болды?

3. «Арқаның әңгімесі» мен «Көздің әңгімесінде» ұқсастық бар ма?

4. Тастың қазіргі қала туралы ойы

Есіңе сақта !

Баллада – лиро-эпостық сипаттағы сюжетті өлең.

5. «Адамзат, атом апатынан сақтан!» тақырыбында шағын ойтолғау жазу

Әбу Сәрсенбаев

«Туған жер », «Сен құрметте оны, қарағым! »

1. Сен туған жерді көркейту үшін не істер едің?

2. Өлеңнен теңеу,эпитет,метафораларды тауып жаз.

3. «Сенің келешегің үшін берді ол азаттық жолда аяғын!» деуінде қандай мән, қандай жауапкершілік бар?

Есіңе сақта !

Лирика – ақынның сезімін, көңіл күйін, қуанышы мен сүйінішін, дүниетанымын сезіммен шертетін өлең

Бауыржан Момышұлы

«Жауынгер тұлғасы»

1. Әңгіме қай жерде болған ұрыс жөнінде айтылады?

2. Бауыржан Момышұлы жайлы қандай шығарма оқыдың?

3. Әңгімеде кездесетін мақалдарды теріп жаз.

4. Отан қорғау үшін адам бойындағы керекті қасиетті ата.

а) Ауыр білек; ә) Алып жүрек;

б) Асқан ой; в) Дария ақыл.

5. «Бейбіт өмірдегі батырлық» тақырыбына шығарма жаз.

Әбдіжәміл Нұрпейісов

«Балықшылар»

1. Шығармаға мазмұндық жоспар құр.

Оқиғаның басталуы ____

Дамуы ____

Шиеленісу, шарықтау шегі ____

Шешімі ____

2. Шығармада табиғат суреттері қалай суреттелген?

3. Табиғат апатының қандай түрлерін білесіңдер?

4. Теңіз көрінісіне сурет сал.



5. Еламанға мінездеме жаз.

6. Арал теңізінің қазіргі экологиялық жағдайы.

1. Өз есімің өзіңе ұнай ма?

2. Мына кестені толтыр.

р/с	Белсенді кейіпкер	Тасадағы кейіпкер

3. Қожаның сотқар бала болуына себеп нәрселер.

4. Қожаның әдепті жолға түсуіне себептер.

5. Венн диаграммасы

Қожа	Ортақ	Жантас

Есіңе сақта!

Хикаят – баяндау түрінде қара сөзбен жазылған оқиғалы көркем шығарма.

6. «Бақытты балалық шақ» атты ойтолғау жазу.

(Жалғасы бар).

МАЙЛЫҚОЖА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САТИРА

Белгілі ақын Майлықожа Сұлтанқожаұлы әзіл-оспақ, сын-сықақ, шенеу-мінеу шебері болған. «Майлықожа – өзі өмір сүрген дәуірдің ең маңызды деген мәселелерін қоғамдық-әлеуметтік тұрғыдан терең пайымдап, оны өз жыр-толғауларына өзек ете білген ақын» [1].

Ол – көзімен көрген, көңілінде қаяу боп қатқан патшалық Ресейдің күшпен отарлауын, елді зарлатып сүлікше сорған ел мықтыларын, сол кездегі шарасыз халықтың зар-мұңын, жалпы адамгершілік жайындағы сатиралық бейнелі ойын өзіне тән ащы запыранды жыр жолдарымен өрнектеп, қазақ сатирасына өз үлесін қосқан ақын.

Ел қайғысын ойлап, олармен бірге қасірет шеккен ақын «Шалқып жатқан, елім-ай» деген өлеңінде:

*Замана шіркін болды қу,
Масаттың басы – Күреңсай,
Жайнаушы еді кілемше-ай!
Гүлдер өскен сол жерді
Орыс алды-ау, құдай-ай!* [2. 533-б.]

деп құнарлы қонысынан айырылған халықтың өкініш-ренішін, мұң-шері мен күйзелісін ызалы күйінішпен суреттеу арқылы ел тұнығын лайлап, тыныштығын кетірген отаршылдар туралы жиренішті ой өрбіткен.

Халықтың Қоқан, Хиуа хандықтарының езгісінен жадап-жүдеген, ыдырап, бірлігі мен тірлігін қалыптастыра алмай әбден тұралаған кезінде қазақ даласының батысынан күнгеі аймағына қарай қырдағыны қырып, ойдағыны ойсыратқан отаршыл патша әскерінің қаһарын «Заман қырын боп келді» толғауында

*«Жыландай орыс ысқырды-ай,
Жиырылды қазақ тыныш тұрмай.
Қанаты қысқа тауықтай*

Әсіре сартқа күш қылды-ай» [3], – деп ысқырған жыланға теңеп, сұсты, суық кейпін, жойқын күшін көз алдына елестете сатиралық бейнесін бедерлеген.

Майлықожа патшалық Ресейдің қазақтың жерін қазыналық етіп әбден отарлағанын, патша әкімдігінің жасаған зорлық-зомбылығын, қара халыққа рухани қысымшылығын тіліп түсер турашылдықпен әшкерелеген.

Патшаның озбыр пиғылы күн өткен сайын тереңдей түскенінен халқының дертті күйге душар болғанын, халық басына түскен зобаланды ақын үлкен қынжылыспен

*«Құйқылжыды замана
Құйынның ұшқан шаңындай...
Мұсылманның жақсысы
Абақтыда кетті табылмай...
Жапырақтай тітіреп халық жатыр
Зәресі енді қалынбай...
Жұрт бұрынғы жұрт болмас...
Қарлығаш болып қашсаң да*

Қасарса орыс құтқармас» [3], – деп толғаған. Қоғамды аздырып, елді кедейлендіріп жатқан бұзықтар билеген заманның шындығын бар көрінісімен айқын да дәл бейнелеген. Поэтикалық тәсілдерді ұтымды қолданып, қапа болған ел қасіретін көркем жеткізе білген. Жұрт

наразылығын өршітер ащы шындықты халық ұғымына жақын образды сөзбен бүкпесіз толғаған.

«Есі кеткен ел байғұс

Ақылынан адасар.

Адасқаны емес пе,

Бірін-бірі шағысып,

Тепкілесіп, қағысып

Өкіметке таласар» [2. 547], – деп ел ішіндегі бар адамдардың бірін-бірі шаяндай шағысып, жан шошырлықтай арамзалыққа барып, болыстыққа таласқан қалпын қынжыла суреттеген. Елін сүлікше сорып, жиған мал-мүлкін орыс ұлықтарына беріп, паралап болыстыққа жеткен пысықайлардың күлкілі бейнесін

«Оңлы болған болыс-би

Киеді құрлы шекпенді.

Шекпен киген бар болса,

«Осымыз озды!» деп келді.

Күміс мөрді қойды да,

Содияның ауды шойынына.

Жалтыратып танадай

Тақтырды шынжыр мойынына», –

деп кекті қынжылыспен өрнектеді. Заман сықпытының келеңсіз жайын наразылық үнмен әшкерелеген.

Жалпы, сол кездегі қоғамдық өмір кескіні «Қонысты орыс алғаны», «Шалқып жатқан елім-ай», «Қабіріңе айтар зарым бар», «Датқалардың Петірбор барғаны», «Заманың қырын боп келді» атты өлең, жыр, толғауларында өзіндік шындық кейпін тапқан.

Бұл туындыларында халықтың қайғысын қалыңдатқан отаршылдарды әшкерелеу, елді еркіндіктен айырған, ел дәулетін судай шашқан аждаһаларға деген халықтың наразылығын, ызалы арман-зарын, өкініш-ренішін, күйініш, қынжылысын танытатын суреттеулер мол болса, ақынның ендігі біраз өлеңдерінің дені – сынау, мінеу, кекете мысқылдау, мазақ ете шенеу, сықақтау, әжуалау, ащы тілмен аяусыз түйреуге арналған.

Ақын сын жебесін ел жуандарына қадайды. «Қоян жылы жаумады көктен жаңбыр» деген өлеңінде жұт болған жылдың ауыртпалығынан аштық пен күйзеліске ұшыраған шаруалардың ауыр тұрмысын халық басына түскен қиыншылықты

«Қысы жұт, жазы қымбат арты болды,

Сұрағаны азықтың нарқы болды.

«Қайғың – қара тамағың» деген мақал,

Ашаршылық алаштың дерті болды» [4. 33] – деп күйзеле өрнектесе,

«Бай-мырзалар жегізді мерекесін,

Жақсы ауылға тоқтамай көре өтесің.

Үй басына үлесін жеген пара –

Қысқартты қыдырлының берекесін» [4. 33], – деп күйзелген халыққа қамқорлық жасаудың орынына бай-мырзалардың «үй басына үлесін жеген параларын» тоқтатпағанын уытты ызамен баяндап береді.

Майлықожа о баста Қоқан ханының бек-мырзаларына, енді орыс ұлықтарына әбден арқа сүйеп, жалпы халықты аяусыз тонап, ұры ұстап, арамнан жеп, оларға теңдік беруден кеткен дала жебірлерін батыл сынап әшкерелеген.

Сол заманда болыстыққа ұрлық пен зорлықтан мал тапқан «малдылар», «дәулеттілер» сайланған. Табиғат берген талантты, көрген-білгені, өмірден түйгені мол,

ақыл-парасатты азаматтар еленбей, ұрлық-зорлық пен параны кәсіп еткен ел жуандары сайланатын.

*«Болыс болған сөйлесер үй табына,
Түйедей ақша тығар бұйдасына.
Есегіңді ел болып ат сайласаң*

Көзің жетер тұлпардың сыйлысына» [4. 35], – деп теңеу, баламалар арқылы ызалы кекпен уытты етіп суреттеп, олардың сатиралық кейпін әйгілеген.

*«Бейбақтардың басына бақ қонып жүр,
Арам жеңіп, адамды жоқ қылып жүр.
Ақша беріп, билерді антқа салсаң,*

Мөрін басып қара істі ақ қылып жүр» [4. 35], – деп ел басындағылардың ақ істі – қара, қара істі ақ етіп, параға батып жүргенін ашық сынаған.

Ақын өз тұсында билік құрған Батырбек пен Қанайдың елге салған әлегіне, болыстыққа таласып, дау-дамайды көбейтіп, өз еліне жасаған қиянатына қапа болып, наразылығын білдіре әшкерелеген.

*«Қоңыраттан шыққан Қанайсың,
Жақсыны көрсең жанайсың.
Жаманды көрсең иттен бетер*

Желкесінен басып талайсың!» [2. 572], – деп тура мінездеу арқылы Қанайдың сатиралық бейнесін жасаған. Үстем тап өкілдерін жақсыға, кедей шаруаны жаманға балай отырып, «жанайсың», «талайсың» сөздері арқылы мінін бетіне басқан.

Ақынның би-болыс, төре, датқаларға арнаған сын-сықақ өлеңдері сатиралық өткірлігі мен айтар уытты ойын бетің бар, жүзің бар демей ашық әшкерелеуімен ерекше.

«Иманберді датқаға» атты арнау өлеңінде ел қасіретін молайтып, өз пайдасы үшін жағымсыздыққа бой алдырған екіжүзді датқаның ұнамсыз кейіптегі бейнесін:

*«Сені мен балаушы едім арыстанға,
Жығар деп алысқанды шалысқанда.
Жақындатпай тістейсің жанасқанды,
Өзіңді теңеуші едім данышпанға.
Жүруші ем күміс пе деп, пұл екенсің,
Сорына жұрттың туған ұл екенсің.
Қарныңды параменен қампайтып ап,
Секілді қасап өгіз қу екенсің»* [2. 575], – деп келемеж ете сықақтаған.

Майлықожа ақынның «Райымқұлға» деп аталатын ғибратты ұзақ толғауында болыс болу үшін әуре-сарсаңға түсіп, өз бауыры Ақмолданы өлтірмек болған, ашкөздіктен зұлымдық пиғылға барған мансапқұмар, дәрежеқұмар қасиетін айыптап сынаған.

*«Азғырып сайтандай-ақ бірін-бірі,
Кетіп тұр сол себептен елдің түрі.
Замана тасқын судай ылайланды,
Бұзбаса түзулікті, келе ойланды»* [2. 530], – деп заман сықпытының жанды шошытарлық қалпын әйгілеп, заман қасіретін лайланған суға теңеп, олардың көбейіп кеткенін айтқан.

*«Сайлаудың сақтан, жұртым, жанжалынан,
Көп жігіт арандап жүр аңғалынан»* [2. 530], – деп билікке таласқан жетесіздерді сайлайтын әділетсіз сайлаудың кесапатын әшкерелеп, ескерту жасай шенеген.

*«Жалтармас бүркіт соқса түлкі болмас,
Дұшпанға бірлік қылған күлкі болмас»* [2. 531], – деп әлеуметтік қайшылықтарды бүркіт пен түлкі әрекеті арқылы суреттеп, бірліктің өмірдегі орынын айшықтаған.

*«Бір дұшпан екеуіңді жанып жүр ме,
Жел сөре арадағы, нанып жүрме.*

Болатты болатқа сап, қан ойран қып,

Араңнан жем айырып алып жүр ме?» [5. 531], — деп ел ішіндегі бірді-бірге айдап салар алаяқ, құлқын-құмарлардың шабыстырып пайда табар арамзалығын түйрей өтіп, жел сөзге ілесіп, қан ойрандыққа бармақ болған Райымқұлдың ашкөз пиғылын, оспадар, көркеуде мінезін, зұлымдық істеп жүрген ақымақтығын суреттеу арқылы би-болыстардың бәріне ортақ шындықты сынай өрнектеген.

Майлықожаның заман шындығын әшкерелеп әйгілейтін өлеңдері мен сатиралық портреттік суреттемелері, сатиралық шумақ, сатиралық миниатюра түрінде келетін сын-сықақ өлеңдері — елдікке қарсы, ел тыныштығын бұзар қаскөй озбыр топқа (отаршылдық жүйе мен соларға қызмет етіп, ел үстінен күн көретін алаяқ қулар), ел басына түскен ауыртпалыққа, ел ішіндегі келеңсіз іс-амалдарға күйінуден туған туындылар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Келімбетов. «Өлшеніп берген өмір бар...» Қазақ әдебиеті, №45, 2005.
2. Майлықожа. Шығармалар. Құрастырған: Ә.Оспанұлы. А., 2005.
3. Ә.Оспанұлы. Майлықожа шығармашылығындағы ақтаңдақтар. Алматы ақшамы, 10.V.1991.
4. Бес ғасыр жырлайды. А., «Жазушы». 1989, 2-том, 496-б.
5. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы (оқу құралы). А., «Қазақ университеті». 2001, 467-б.

Сайран БӘКЕНҰЛЫ,
Қарағанды облысының
Қарқаралы ауданының
«Көктас» ауылындағы
№4 орта мектептің
мұғалімі.

БІЛІМДІЛЕР БӘСЕКЕСІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларды қазақ тілі пәніне қызықтыра отырып, ойын арқылы ой-өрісін, дүниетанымын, білім-білік дағдыларын қалыптастыру; **дамытушылық** – оқушыларды өз пікірін дәлелдей білуге, айғақтарға сүйене отырып тұжырым жасай білу дағдысына үйрету, сөйлей білу дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелік** – заман талабына сай икемделу, мақал-мәтел арқылы оқушылардың рухани байлығын қалыптастыру.

Түрі: аукцион сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топтастыру, іздену, талдау. **Көрнекіліктер:** жетондар, бағалау парағы, слайдтар. **Техникалық құралдар:** компьютер, проектор, интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыстар:** математика, әдебиет, ән-күй.

Сабақтың барысы.

– Сәлеметсіңдер ме, қымбатты балалар!

Біздің мектебіміздің қабырғасында өткелі отырған зияткерлік аукционға қош келдіңіздер!

Аукционымызды бастамас бұрын барлығымыз танысып алайық.

Бірінші кезеңді бүгінгі аукционның құрметіне «Білім аукционы» деп атаймыз.

Сөз кезегін бүгінгі аукционның жүргізушілеріне береміз.

Жүргізушілер: Кәрім Аяла және Омар Ерғанат.

1-жүргізуші: – Қайырлы күн, қадірменді достар!

2-жүргізуші: – Бүгінгі аукционға қош келдіңіздер! Бүгінгі аукционның ережесімен таныс болыңыздар.

1-жүргізуші: – Әр топтың қолдарында 50 теңге болады. Бұл – алғашқы капитал. Аукционға тапсырмалар қойылады. Алғашқы бағасы – 10 теңге. Жүргізуші тапсырманы қойған соң командалар арасында сауда басталады. Ең көп баға қойған топ жауап беру құқығына ие болады. Егер дұрыс жауап болса, барлық қойылған теңге ұпай болып есептеліп, сол командаға беріледі. Ал егер жауап дұрыс болмаса, қойылған баға команда ұпайынан алынады.

2-жүргізуші: – Мәселен, сізде 50 теңге бар. Сұрақтың құны – 20 теңге. Сұраққа дұрыс жауап берсеңіз 70 ұпайға ие боласыз. Жауап қате болса, 30 ұпай қалады.

1-жүргізуші: – Егер топ қолындағы барлық ақшасын салып, дұрыс жауап бере алмаса, банкрот болып, аукционнан шығарылады. II кезеңге ең көп ұпай жинаған топ өтеді. Ең төмен ұпай жинаған топ ойыннан әр кезең сайын шығарылады.

2-жүргізуші: – Аукционның жүргізушілері мен қазылар алқасы өз ақшасынан ойыншыларға беруге немесе ойын ережесін бұзған топқа салық салуға құқылары бар.

1-жүргізуші: – Енді «Білім аукционын» бастаймыз.

2-жүргізуші: – Сауданы бастаймыз. Бастапқы баға – 10 теңге. Кім көп баға береді?

I кезең – «Білім аукционы».

1. Жай сөйлемнің түрлерін ата. 2. Құрмалас сөйлемнің түрлерін ата. 3. Құрамындағы жай сөйлемдері ой-қимыл, бағыттас, мезгілдес болатын салаластың қай түрі? 4. Шешен кісі (сөз) бастар, көсем кісі (ел) бастар. 5. Сөз таптары қазақ тілі білімінің қай бөліміне жатады? 6. Есімшенің

журнақтарын ата. 7. Көсемшенің жұрнағын ата. 8. Тұйық етістік жасайтын жұрнақ. 9. Адамның төбесі аспанға жете ме? (төбесі көкке жету, яғни, қуану) 10. Бір қазанға сыймайтын қандай бастар? (Екі қошқардың басы бір қазанға сыймас). 11. Екі аяқ бір етікке сыя ма? (екі аяғын бір етікке тығу). 12. Буын үндестігіне қандай қосымшалар бағынбайды? 13. Орхон ескерткіштерінің табылған жері. 14. Қорқыт өмір сүрген жер. 15. Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай қалай бөлінеді?

1-жүргізуші: – Осымен I кезеңіміз өз мәресіне жетті.

Қазылар алқасы өз шешімін шығарғанша 8-сынып оқушысы Даниярдың өз шығармашылығынан мәнерлеп өлең оқуын тамашалаңыздар.

2-жүргізуші: – II кезеңіміз: «Иә, Жоқ» деп аталады. Әр дұрыс жауапқа 10 теңгеден беріледі. Егер білмеген болсаңыз, «Келесі» деп келесі сұраққа өте беруіңізге болады. Ең бірінші жауап беруге I кезеңнен көп ұпай жинаған топ қатыса алады. Сол топты сахнаға шақырамыз.

Осылай 3 топқа сұрақтар қойылады.

1-жүргізуші: – «Балауса» ансамблінің орындауындағы «Адай» күйін тамашалаңыздар.

II кезең.

1. Шылау сөйлем мүшесі бола ала ма? (жоқ) 2. *Сен баламысың?* Бұл сұраулы сөйлем бе? (иә) 3. *Мынау, анау, осы* – жіктеу есімдігі. (жоқ) 4. *Менде әрі құжат жоқ, әрі баратын үйдің мекен-жайы жоқ.* Бұл – ыңғайлас салалас. (иә) 5. *Сондықтан, сол себептен* деген шылаулар себеп мәнді салалас сөйлемдерде кездеседі. (иә) 6. Бастауыш пен баяндауыш – сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі. (жоқ) 7. Дауыстыдан басталып, дауыссызға аяқталған буын – тұйық буын. (иә) 8. Фонетика – тіліміздегі сөздерді зерттейтін сала. (жоқ) 9. Құрамындағы алғашқы жай сөйлемнің баяндауышы

тиянақсыз болса, бұл – сабақтас құрмалас сөйлем. (иә) 10. Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болса, бұл – салалас құрмалас сөйлем. (иә) 11. *Кімде, неде* сөздері – табыс септігінің жалғауы. (жоқ) 12. Жанам толықтауыш – тура толықтауыштың түрі. (иә) 13. Сөйлем – біршама тиянақты ойды білдіретін сөздер тобы. (иә) 14. Сөйлемдегі сөздердің орынын ауыстыруы инверсия деп аталады. (иә) 15. Бұйыру немесе талап ету мақсатымен айтылған сөйлем сұраулы сөйлем деп аталады. (жоқ) 16. Сөздер тіркесу үшін кем дегенде мағыналы екі сөз болу керек. (иә) 17. *Қайда, қашан, неге* сұрақтары – анықтауыштың сұрақтары. (жоқ) 18. Бірыңғай мүшелердің арасында *мен, пен, бен, және* жалғаулықтары бір рет келсе үтір қойылады. (жоқ) 19. Тек тұрлаулы мүшелерден тұратын сөйлем жалаң сөйлем деп аталады. (иә) 20. *Не, немесе, я, яки* – кезектес мәнді жалғаулық шылаулар. (жоқ)

2-жүргізуші: – Осымен II кезеңіміз де өз мәресіне келіп жетті. Қазылар алқасын II кезең қорытындысын айтуға ортаға шақырамыз.

1-жүргізуші: – Сахнаға III кезеңге өткен 2 топты шақырамыз.

2-жүргізуші: – Аукционымыздың III кезеңін бастаймыз. III кезең «Ойлан, тап» деп аталады. Сіздер логикалық сұрақтарға дұрыс жауап берулеріңіз керек. Әр дұрыс жауапқа – 50 теңгеден. Біз енді аукционға түспейміз. Өз материалдық жағдайларыңызды түзеп алуға, сыйлық ұтып алуларыңызға болады. Жылдамырақ өз білімдеріңізді біздің теңгемен алмастырып алатын кез келді.

III кезең.

1. *Жердің* ортасында не бар? (Е) 2. Кімнің шашына жауын жауғанда мүлдем су тимейді? (Такырбастың) 3. Айжан мен Маржанның әкелерінің аттарын ата. Айжан мен Маржан –

Асқар мен Мұраттың қыздары. Айжан Асқардың қызынан 2 жас кіші болса, бұлардың әрқайсысының әкелерінің аты кім? (Айжан – Мұраттың, Маржан – Асқардың қызы). 4. Арман, Аян, Аслан – ағайынды үшеуі әр сыныпта оқиды. Аслан Арманнан, ал Аян Асланнан кіші емес. Бұл үйдің үлкені, ортаншысы, кішісі кім? (Ең үлкені Аян, ең кішісі – Арман, ортаншысы – Аслан). 5. Қай ауылдың балалары? Әділет, Еркін, Ерлан үшеуі лагерьде кездесті. Бұлардың біреуі Көктастан, екіншісі Ақтастан, үшіншісі Мергеннен келген. Ерлан мен Көктастан келген Еркін екеуі бір бөлмеге орналасты, бұлардың екеуі де Ақтаста болып көрмеген болса, қай бала қай ауылдан келген? (Әділет Ақтас, Еркін Көктас, Ерлан Мергеннен келген). 6. Олар қандай баға алды? Әсем, Ардақ, Анар үшеуі математикадан бақылау жұмысынан қандай баға алғанын сұрағанда, мұғалім “Ешқайсысың жаман баға алған жоқсыңдар, бірақ әрқайсыңның бағаң әр түрлі. Әсемнің бағасы «3» емес, ал Анардың бағасы «3»те, «5»те емес” деді. Сонда кім қандай баға алған? (Әсем – «5», Анар – «4», Ардақ – «3» алған). 7. Тауықты таразыға бір аяғымен тұрғанда өлшегенде 3 кг, ал екі аяғымен тұрғанда неше кг болады? (Екі аяғымен тұрса да 3 кг болады). 8. Жаңадан туған негр баласының тісінің (цветі) түсі қандай болады? (Жаңадан туған балада тіс болмайды).

1-жүргізуші: – Қазылар алқасы өз шешімдерін шығарғанша Абзалбек Аяулымның орындауында Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді тыңдаңыздар.

2-жүргізуші: – Барлық топтың сахнаға шығуларын сұраймыз. Қазылар алқасын бүгінгі аукционның шешімін жариялауға сахна төріне шақырамыз. (Марапаттау).

ТАПҚЫР БОЛСАҢ ТАУЫП КӨР

Сайыстың мақсаты: оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен білімдері тиянақты, жүйелі, жан-жақтылығын анықтау, оқушыларды өз ана тілін терең меңгеруге құштарлықтарын ояту, ана тілінің кең қанат жаюына үлес қосуға, мақтан тұтуға тәрбиелеу.

Түрі: зияткерлік олимпиада. **Құрал-жабдық:** компьютер, интербелсенді тақта, парақтар. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ойландыру, ізденушілік қабілеттерін ояту.

Сайысты өткізу барысы:

1. Амандасу.
2. Топқа бөлу.
3. Ойынның шарттарын түсіндіру.

Бұл ойын үш команданың арасында 5 кезең бойынша өтеді.

Бірінші кезең «Бәйге» деп аталады. Әр сұраққа – 10 ұпай.

I топқа: 1. *Басқар* сөзі туынды етістік бола ма? (иә) 2. Қос сөздер 4 түрге бөліне ме? (иә) 3. *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* тұлғалы көсемшелер жіктеле ме? (жоқ) 4. *-ға, -ге, -қа, -ке* барыс септігінің жалғауы ма? (иә) 5. Сабақты етістік табыс септігіндегі сөзді қажет ете ме? (иә) 6. Сан есім мағынасына қарай жетіге бөліне ме? (жоқ) 7. *Жамап отыр екен* күрделі етістік бола ма? (иә) 8. *Жаздыгүні* сөзі кіріккен сөзге жата ма? (иә) 9. *-ыра, -іре* өзгелік етіс жұрнағы бола ма? (жоқ) 10. *Ақшыл* сапалық сын есімге жата ма? (иә) 11. Жалғаудың төрт түрі бола ма? (иә) 12. Рим цифрмен берілген сан есімге дефис қойыла ма? (жоқ) 13. *Білім* сөзі туынды ма? (иә) 14.

Жұрнақ үшке бөліне ме? (жоқ) 15. *Ештеңе, ештеме, ешкім*

белгісіздік есімдігі бола ма? (жоқ)

II топқа: 1. *Өнерлі, орманды* қатыстық сын есім бе? (иә)

2. Көп сөздер тіркесіп келіп біріккен сөз бола ма? (жоқ) 3.

Дыбыстық өзгерістерге ұшырайтын сөздерді кіріккен сөз

деп атай ма? (иә) 4. Басқа сөздердің жетегінде жұмсалатын

сөздер көмекші сөздер бола ма? (иә) 5. *Кітапты оқу* сабақты

етістік бола ма? (иә) 6. *-ыл, -іл, -л* ортақ етіс жұрнағы ма? (жоқ)

7. Күрделі сөздер жасалу жолына қарай бес түрге бөліне ме?

(жоқ) 8. *Екінші* сан есімі реттік сан есім бола ма? (иә) 9.

Ойна, басқар сөздері туынды етістік пе? (иә) 10. *-ғыр, -гір,*

-қыр, -кір жұрнағы есім сөзден сын есім жасайтын жұрнақ

па? (жоқ) 11. *Сол, осы, әне* жіктеу есімдігі ме? (жоқ) 12.

Жұрнақ үш түрлі бола ма? (жоқ) 13. Қосарлама сөз жасалу

жолына қарай 3-ке бөліне ме? (жоқ) 14. *Қызыл* сөзі зат есім

бе? (жоқ) 15. Ортақ етіс жұрнағы сабақты етістікті салт

етістікке айналдыра ма? (жоқ)

III топқа: 1. *Бірдеме, кейбір* есімдіктері болымсыздық

есімдігі бола ма? (жоқ) 2. *Ығы-жығы* қайталама қос сөз бола

ма? (жоқ) 3. Жалғау төрт түрлі бола ма? (иә) 4. Етістіктен сын

есім тудыратын жұрнақ түрі тоғыз ба? (жоқ) 5. *-у* жұрнағы

көсемшенің жұрнағы ма? (жоқ) 6. Нақтылы тануға болатын

зат есім деректі ме? (иә) 7. Етістің бес түрі бар ма? (жоқ) 8.

Қазақ тілінде тоғыз сөз табы бар ма? (иә) 10. *Кімнің, ненің*

сұрағы атау септігінікі ме? (жоқ) 11. *Қаладан қайт* сабақты

етістік бола ма? (жоқ) 12. *Қанша, неше* реттік сан есім сұрағы

ма? (жоқ) 13. *Адамгершілік* сөзі деректі зат есім бе? (жоқ) 14.

Ештеңе, ештеме, ешкім белгісіздік есімдігі бола ма? (жоқ)

15. *-ған, -ген, -қан, -кен* есімшенің жұрнағы ма? (иә) 16. *-дыр, -*

дір, -тыр, -тір өзгелік етіс жұрнағы ма? (иә)

II кезең. «Сырлы сезім» (шағын шығарма жазу).

«Туған жерім - тұғырым» деген тақырыпқа жазу (3 мин.

уақыт, 10 ұпай).

III кезең – «Әдебиет әлемінде».

Әр топқа сұрақ қойылады. Дұрыс жауап берсе 500 ұпай беріледі. Егер жауап бере алмаса, 3 рет мүмкіндік беріледі, яғни, 400, 300, 200 ұпайдан. Қай мүмкіндікте дұрыс жауап берсе, сол ұпай қосылады.

500. Оның әңгіме, повестері негізінен ел ішіндегі еңбекті, жас адам тағдырын арқау етеді.

400. 1932 жылы Жамбыл облысының Жуалы ауданында туған.

300. Жазушының көрнекті мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлұлының өмір жолына арнап жазған кітабы бар.

200. «Қызыл жебе» романының авторы. Жауабы: Шерхан Мұртаза.

500. 1924 жылы Арал теңізінің жағасында дүниеге келген.

400. «Курляндия», «Күткен күн» романдарының авторы.

300. Арал балықшыларының XX ғасыр басында Қазан төңкерісі жылдарындағы ауыр өмірін суреттеген.

200. «Қан мен тер» романының авторы.

Жауабы: Әбдіжәміл Нұрпейісов.

500. Мұхтар Әуезов “Он тоғызыншы ғасырдағы Жетісу ақындарының алтын дінгегі” деп кімді айтты?

400. Жамбыл ұстаз тұтқан.

300. Жақсы мен жаман адамның қасиеттері туралы жазған ақын.

200. *Жақсы жігіт ел-жұртының қаласындай,*

Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай.

Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,

Көреді бәрін де өз баласындай.

Өлеңнің авторы кім? Жауабы: Сүйінбай Аронұлы

IV кезең. «Тапқыр болсаң тауып көр». Қазақ тілінен логикалық және грамматикалық тапсырмалар. Әр тапсырмаға 10 ұпайдан қосылады, уақыты – 3 минут.

I топқа. 1. Берілген сөздерді жақша ішіндегі сөздермен тіркестіріп жаз.

1 асым, 1 жайым, 1 елі (тұз, қамыр, сөз, су, ет, қазы, нан),
(1 асым ет, 1 жайым нан, 1 елі қазы)

2. Берілген сөздердің жұрнақтарын ажыратып жаз.

Отырғыз, жүздеген, табыскер, ескер, қарағалы

3. Берілген сөздер қай сан есіммен мағыналас? **Сыңар, жалқы, жалғыз** (бір, есептік сан есім)

II топқа. 1. Берілген сөздерді жақша ішіндегі сөздермен тіркестіріп жаз.

1 ауыз, 1 шымшым, 1 үзім (тұз, қамыр, сөз, су, ет, қазы, нан), (1 ауыз сөз, 1 шымшым тұз, 1 үзім нан).

2. Берілген сөздердің жұрнақтарын ажыратып жаз.

Жазғыз, тоқсандай, білгіш, молай, бермес.

3. Берілген сөздер қай сан есіммен мағыналас? **Қос, жұптасып, қосарлап** (*Екі-екіден*, топтау сан есімі)

III топқа. 1. Берілген сөздерді жақша ішіндегі сөздермен тіркестіріп жаз.

1 ұрттам, 1 қайнатым, 1 асым (тұз, қамыр, сөз, су, ет, қазы, нан), (1 ұрттам су, 1 қайнатым шай, 1 асым ет).

2. Берілген сөздердің жұрнақтарын ажыратып жаз.

Тіктір, елулеп, үйсіз, шегеле, жазбақ.

3. Берілген сөздер қай сан есіммен мағыналас? **Тұспалдау, жорамалдау** (*мыңға тарта, елулерде*, болжалдық сан есім)

V кезең. «Ойлы болсаң озып көр». Бұл кезеңде екі топ өздерінің ұпайын алдын ала белгілеп алады. Содан кейін сұрақ қойылады және кілтті сөздер беріледі. Егер бір топ жауап бере алмаса, келесі топқа мүмкіндік беріледі. Екі топта жауап бере алмаса, белгіленген ұпай саны жалпы ұпайдан шегеріледі. Ал дұрыс жауап берсе, сол топқа өздері белгіленген ұпай қосылады.

1. «Қазақтың жаңа жазба әдебиетінің, қазақ поэзиясының күншуақты асқар биігі» деген атаққа ие болған тұлға. Кілтті сөздер: *әжесі Зеренің ертегілерін тыңдаған, шығыс классиктерін оқыған.* Жауабы: Абай.

2. Әкесінен жастай айырылған, тумасынан талантты болған ақын.

Кілтті сөздер: *қажсылық, қапаста ұсталады.* Жауабы: Шәкәрім.

3. Ұлтын тереңнен сүйген, азаматтық лирикаға жататын қуатты жырларды мол жазған ақын және өлеңінің атын ата. Кілтті сөздер: *жалынмын, тұлпармын, жолбарыспын.* Жауабы: Мағжан.

4. Ол өзін гана қайрап қоймай, жастарды да “адам болып шығуға” үндеп жар салған ақын.

Кілтті сөздер: *тірі болсам, 27 жас, жарық күн.* Жауабы: Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Барлық ұпай санын есептеп, жеңімпаздарды марапаттау.



Сағыныш ШОЛПАНБАЕВА,
«Қарқара орта мектеп мектепке
дейінгі шағын орталығымен»
мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.

Алматы облысы,

Райымбек ауданы.

«СӨЗ СЫРЫ» ТАНЫМДЫҚ САЙЫСЫ

Мақсаты: білімділік – оқушыларды өз ана тілінің қадір-қасиетін біліп, көркемдігін сезініп, оның адам

өміріндегі маңызын ұғуға үйрету; **дамытушылық** – тіл әуезділігін, байлығын, шешендігін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер арқылы оқушы дүниетанымын, ой-өрісін дамыту; **тәрбиелік** – тіл тазалығын сақтау, мәдениетті сөйлеу, шешендік өнерді оқушы бойына сіңіре отырып тілге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге тәрбиелеу.

Жүргізуші:

– Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Бүгінгі «Сөз сыры» танымдық сайысына қош келдіңіздер!

Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты,

Қырандай күшті қанатты

Мен жастарға сенемін, – деп Мағжан ақын айтқандай, еліміздің болашағы – тек жас ұрпақтың қолында.

Құрметті оқушылар, бүгін біз үш топ болып («Тапқырлар», «Зеректер», «Жүйріктер») «Қазақ тілі» еліне сапар шегеміз. Алдымыздан көп бекеттер кездеседі. Ондағы тапсырмаларды орындаған топ мүшелері «Қазақ тілінің жанашырлары» атағын жеңіп алады.

Қазылар алқасын сайлау.

Ана тілім – әрекеттің азығы,

Бар ғаламды тануымның қазығы.

Ой-санамның өсуінің куәсі,

Ғасырлардың кейінгіге әз үні.

Сайысымыздың 1-бекеті – «Тапқыр болсаң тауып көр».

1. Бауыр

Жүрек алып ұшты

Бүйрек

(Жүрегі алып ұшты)

2. Жіп

Ине қазу

Тарақ

(Инемен құдық қазғандай)

3. Асық

Қоржын түсті

Айна

(Асығы алшысынан түсті)

4. Көз

Мұрын шығу

Құлақ

(Көзі шарасынан шығу)

5. Ит

Мысық төгілді

Тауық

(Ит басынан іркіт төгілді)

6. Таяқ

Шыбық тастам жер

Бұтақ

(Таяқ тастам жер)

– Осымен біз сайысымыздың бірінші бекетінен өтіп, өз мақсатымызға жеттік.

Осы тілде Абай атам жырлаған,

Мұқағали шаққандай ма мұң маған?

Осы тілде «Отан» деген сөз жазып,

Осы тілде бесік жырын тыңдағам.

Енді «Өлең – сөздің патшасы» бекетіне сапар шегеміз.

Бұл бекеттің сіздерге берер тапсырмасы – тіл, Отан, туған жер туралы өлеңді мәнерлеп оқу.

3-бекет «Әзіл – көңіл кілті» деп аталады. Мұнда сіздер әзіл сұрақтарға жауап берулеріңіз қажет. Олай болса мұқият тыңдаңыздар әрі ойланып дұрыс жауап беруге тырысыңыздар.

1. Айнаға қай кезде өкпелеуге болмайды? (Бетің қисық болса) 2. Қорқақ неден қорқады? (Көлеңкесінен) 3. Тауық түс көре ме? (Тауықтың түсіне тары кіреді) 4. Аппақ қарға бола ма? (Қарға баласын аппағым дейді) 5. Қар жанады ма? (Қалауын тапса қар жанар) 6. Шошқа үре ме? (Ит жоқта шошқа үреді) 7. Отқа түсіп күймеуге бола ма? (Отан үшін отқа түс, күймейсің) 8. Қандай кілт аспанда болады? (Кісідегінің кілті) 9. Неменеге өкпелеп жүргенде не шықты? (Мұртқа өкпелеп жүргенде сақал шықты).

4-бекет «Киелі сандар сыры» деген атаумен өз тапсырмаларын ұсынады.

1. «Үш бәйтеректі» атаңыз (Илияс, Бейімбет, Сәкен).
2. «Бес арыс» деп кімдерді атаймыз? (Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып, Мағжан, Шәкәрім, Жүсіпбек).
3. Жеті күн (бүгін, ертең, бүрсігүні, арғы күн, қасиетті күн, соңғы күн, азына).
4. Үш биді атаңыз (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би).
5. Үш арсыз (күлкі, ұйқы, тамақ).

Жүргізуші:

– Ана тілім – күшім менің, қуатым,
Жырым сендік жүрегімнен туатын.
Тауысар ма ырысыңды, қорыңды,
Тізерлесіп қатар жазса мың ақын?!

5-бекетке де келіп жеттік. Бұл бекетте жеңіске жетулеріңіз үшін тұрақты сөз тіркестерінің мәнін ашуларыңыз керек.

1. Қас пен көздің арасында (лезде) 2. Қара қылды
қақ жару (әділ) 3. Төбе шашы тік тұрды (шошыды) 4.
Тайға таңба басқандай (анық) 5. Ауызына құм құйылды
(үндемеу) 6. Көзге түртсе көргісіз (қараңғы) 7. Тонның
ішкі бауындай (тату) 8. Бет моншағы үзілу (ұялу) 9.
Жарғақ құлағы жастыққа тимей (мазасыздану) 10. Күн
тигізбей өсірген (мәпелеу)

– Соңғы бекет – ойтолғау.

Көп тыңдай біл, сөздеріңді таңдай біл,

Ізгі ойларды әр жүрекке жалғай біл. «Егер мен
президент болсам...» деген тақырыпта өз пікірлеріңізді
айтуға шақырамыз.

– Осымен біздің бүгінгі сайысымыз өз мәресіне жетті.
Жеңімпаз топты анықтау үшін сөзді қазылар алқасына
береміз.

Сайыс жеңімпаздары марапатталды.

Жүргізуші:

– Тіл қасиетті, құдіретті, киелі. Бұл қасиеттер бойға
ананың ақ сүтімен дариды. Тіл өшпейді, қандай қиын-
дықта да тіл өз ұрпағының қанына, жанына өз ұрығын
егіп, өміршең күй кеше береді.

Үміт күтіп кейінгі ұрпақ – жастардан,

Сенім арту бабалардан басталған.

Қазақ тілін мойындату әлемге –

Жастар үшін болса екен басты арман! – деп біз де
жастарымызға үміт арта отырып, «Сөз сыры» атты
сайысымызды аяқтаймыз.

Гайһар ШАТАНОВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Үржар ауданындағы
«Қаратұма орта мектебі
және балабақша»
КММ мұғалімі.

ҒАСЫР АДАМЫ

Мақсаты: қазақтың біртуар текті ұлы, көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы, оның артында қалған зор істері жайындағы оқушылардың көзқарасын кеңейтіп, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Жабдығы: Дінмұхамед Қонаевтың портреті, нақылға айналған сөздері, ол туралы қабырға газеттері, пікірлер жазылған плакаттар.

Кеш барысы.

Сахна 5-сынып оқушыларының орындауындағы «Шаттық» биімен ашылады.

1-жүргізуші: – Аса құрметті қауым! Көрнекті және ұлтымыздың ардақты азаматы, мемлекет пен қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 101 жыл толуына орай ұйымдастырылып отырған «Ғасыр адамы» танымдық әдеби-сазды кешке қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: – 5-сынып оқушыларының орындауында Дінмұхамед Қонаевқа арнау өлеңдер оқылады.

1-оқушы: – Қазақтың көгіндегі жарық жұлдыз,
Тұлпарың күнде сенің таң асқандай,
Мөлдірсің, биіксің сен көк аспандай.
Сүйемін сен отырған кабинетті,

О дағы жақсы ойларға жол ашқандай.
Күледі ел, қуанады ел, құлпырады ел,
Қой қоздап, бие туып, шұрқыра бел!
Қазақтың үмітіндей жарық жұлдыз,
Көгінде жап-жарық боп сен тұра бер!

2-оқушы:

– Жұлдыз боп шындығында жарқырадың,
Елден ерек жасадың жарқын адым.
Халқым деп тынбай соққан ақ жүрегің,
Алдында ұрпағыңның аппақ арың.

Дыбысың шартарапқа шарықтаған,
Дән риза қазір тегі халық саған.
Таныттың бар әлемге қазақ атын,
Өз үйінен ұзамай қалып қалған.

3-оқушы:

– Атаның баласы боп бөлінбедің,
Ілеспей жетегіне көрінгеннің.
Үш атаның ұрпағын өгейсітпей,
Аялап жүрегіңнің төрін бердің.

Аңсаушы ең қазағыңның еркіндігін,
Мінеки туған халқың еркін бүгін.
Бар елменен терезе теңестірдік,
Арманың жүзеге асты кетпей тегін.

1-жүргізуші: – Үнді мемлекетінің негізін қалаушы Неру
«Мейірім шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан
асқан бақыт жоқ. Сол халық – қазақ халқы. Елінің өткенін
ұмытпай, келешегі үшін қалтқысыз еңбек еткен перзенті бар
халық та бақытты. Сол перзент – Дінмұхамед Қонаев» деген
екен.

2-жүргізуші: – Дінмұхамед Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда
Алматы қаласында дүниеге келген. 1930 жылы Алматыдағы

№14 орта мектепті бітіріп, 1931-1936 жылдары Мәскеудегі Түсті металдар және алтын институтында оқиды. 1937 жылы Қоңырат кенішінде бұрғылау цехының бастығы, 1939 жылы «Алтай-полиметалл» комбинатының Риддер кеніші басқармасында директор қызметін атқарады. 1942-1952 жылдары Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары болды. 1952 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының Президенті болып сайланды. Өмірінің 45 жылға жуығын ел басқару ісіне арнады. Оның 27 жылында Қазақстанның бірінші басшысы қызметін атқарды.

1-жүргізуші: – Дінмұхамед Қонаев әдебиет пен өнердегі, мәдениет пен ғылымдағы жағдайды әрдайым бақылап отырды. Оның басшылығы тұсында Қазақстанның 5 томдық академиялық тарихы жарық көрді.

2-жүргізуші: - Дінмұхамед Қонаев Алматыны қазіргі заманғы көрікті қалаға айналдыруға көп күш жұмсады. Мұнда Республика сарайы, ҚазМУ қалашығы, «Арасан» сауықтыру орталығы, «Медеу» спорт кешені, «Қазақстан» қонақүйі салынды.

1-жүргізуші: – Қазақстанның халық әртісі Нұрғали Нүсіпжанов өзінің естелігінде былай дейді: «Сол кездегі өнер адамдарының көбі Димекен десе жанын беруге даяр еді. Талайы ол кісіге арнап ән де, күй де жазғысы келіп еді. Бірақ Дінмұхамед аға ондайға қатал болатын. Нұрғиса Тілендиев ән арнамақ болғанда көмекшісіне «Нұрғиса ініңе айт, ықыласына рахмет! Бірақ әнін маған емес, аялап отырған халқына, еліне арнасын» депті. Нұрғиса ағаның «Өз елім» әнінің шығу тарихы осындай.

2-жүргізуші: – Қабыл алыңыздар, «Өз елім» әні қазір шырқалады.

1-жүргізуші: – Қазақтың біртуар тарихи тұлғасы

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы «Естен кетпес есімдер» атты жинақ шыққан болатын. Сол кітап беттерінен белгілі қоғам қайраткерлерінің ол кісі жайлы айтқан ыстық лебіздерін келтіре кетейік.

1-оқушы: – Асанбай Асқаров «Дінмұхамед Қонаев ХХ ғасырдың және өз халқының көрнекті, адал перзенті бола білген адам» деп бағалады.

2-оқушы: – Шәкен Айманов «Дінмұхамед – нағыз дос деген сөз» деп тұжырымдайды.

3-оқушы: - Ілияс Есенберлин «Димаш Ахметұлы туған елінің бағына туған адам және біздің әрқайсымыз үшін аса қымбат» деп ардақтайды.

4-оқушы: – Бұрынғы АҚШ президенті Д.Эйзенхауер «Мен бүгін зор тұлғамен қауыштым. Ол – терең саясаткер, халықтар даналығын толық меңгерген адам. Ол – КСРО-ның сирек кездесетін тұлғасы» деп толғанады.

2-жүргізуші: – Әнші-композитор Ескендір Хасанғалиев өзінің бір сұхбатында «Димаш аға кез-келген әннің сөзін жазған ақынды да, әнін жазған композиторды да ұмытпайтын. Ал менің әндерімнің ішінен «Асыл арманды» және «Атамекенді» ерекше сүйіп тыңдайтын» дейді.

Қошеметпен қарсы алыңыздар. «Асыл арман» әні.

1-жүргізуші: – Енді назарларыңызға осындай ұлы тұлғаның артында қалған, бүгінде нақылға айналып кеткен аталы сөздерін ұсынамыз.

1-оқушы:

– Бүгінгі күн – кешегі күннің шәкірті.

Жалада шындық болмайды.

Сатыға аяқ салмай жатып баспалдақтан аттама.

Қанмен сіңгенді қасиеттемесең, қадірің болмайды.

Өмірдің екі тірегі – үйренуден жалықпау, үйретуден

аянбау.

2-оқушы: – *Көңіл ғана саудаға түспейді.*

Дүниені бүтіндейтін де, бүлдіретін де – сөз.

Ақиқаттан аттап кету – арға сын.

Адамның айнасы – адам.

3-оқушы: – *Тәуелсіздіктің жүгі ауыр.*

Бітімі қисық ағаштың көлеңкесі де қисық болады.

Жастар – болашақтың иесі.

1-жүргізуші: – Дінмұхамед Ахметұлы «Музыка – адамзаттың әмбебап тілі» деген екен. Ол кісі Шәмші әндерін ерекше ұнатқан. Қазіргі әнұранымыз «Менің Қазқстаным» әнін 1974 жылы Үндістанда іссапарда жүргенде радиодан естиді.

2-жүргізуші: – Сапардан оралған соң Шәмшіні іздестіріп, ілтипат білдіріп, жаңа пәтер бергізіп, әндерін кітап етіп шығаруға уәде береді. Кезекті ұлы сазгердің әндеріне берейік. («Бақыт құшағында», «Ақерке-Ақжайық», «Отырардағы той» әндері орындалады).

1-жүргізуші: – Елу жыл ел ағасы болған Дінмұхамед Қонаев тәрізді ірі тұлға жөнінде айтылар сөз бір кештің аясында шектеліп қалмақ емес. Ол – мәңгілік тақырып.

2-жүргізуші: – 1994 жылы 24 ақпанда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Дінмұхамед Қонаевтың атын мәңгі есте қалдыру туралы» қаулысы шықты.

1-жүргізуші: – Дінмұхамед Қонаев – шын мәнісінде еліміздің іргесін нықтап, еңсесін тіктеп, бүгінгідей қуатты мемлекетке айналдырып кеткен жан. Сондықтан ол туралы том-том кітап жазып, күні-түні шежіре шертсе де аз.

2-жүргізуші: – Осымен ұлы тұлғаны ұлықтауға арналған кешіміз аяқталды.

БҮГІНГІ МЕКТЕП ТҮЛЕГІ – ЕРТЕҢГІ ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

(11-сынып)

Тәрбие сағатының мақсаты: білімділік – оқушылардың білім шыңына талпынуда алғашқы қадам жасаулары үшін бойларында қандай қасиет-тер болуы керек, неге бейімделу керктігі жайлы ойларын білу, ой бөлісу; **дамытушылық** – жеке тұлғаның сапалық қасиеттерін арттыру, жеке тұлға қалыптастыру бағытында дүниетанымын кеңейту; **тәрбиелілік** – оқушыларды терең білім алу жолында үздіксіз еңбектенуге, отансүйгіштікке, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, өз мамандығын дұрыс таңдай білуіне дұрыс бағыт-бағдар беру.

Түрі: тренинг-сабақ. **Көрнекілігі:** қанатты сөздер, техникалық құрылғылар, кітап көрмесі.

Кеш барысы.

Бүгінгі тәрбие сағатына қандай көңіл күймен келгендеріңізді анықтау үшін түстерді таңдай қойыңыздар!

Құрметті оқушылар! Сіздер сәбилік, балалық шақты, алғашқы мүшелді артқа тастап, жасөспірімдік шаққа келіп жеттіңіздер. Әрбіреуіңнің алдарыңа қойған басты мақсаттарың бар: бұл – білім шыңына талпыну, жүректеріңмен қалаған мамандықтарыңыздың иесі, өз елінің ертеңі, тірегі болу.

Өмірде мамандық таңдаудан және өмірлік жар таңдаудан қателеспеу керек. Қандай маман иесі болсаңыз да Адам деген атаққа лайық болу – басты парыз.

Алғашқы кезең: «**Таңғалдыра таныстыру**». «Екі шындық, бір өтірік» ойыны түрінде өтеді. (Тренингке қатынасушылар өздері жайлы екі ақиқат және шындыққа жанаспайтын бір пайымдау айтады).

Екінші кезең: «**Пайда ойлама, ар ойла,**

Талап қыл артық білуге» (Абай).

Әр топқа сауалдар беріледі, ортақ пікірге келіп, топтастыру арқылы жауап беру.

– 1-топ, ҰБТ жайлы не білесіз?

– 2-топ, ҰБТ тапсыратын оқушының міндеттері нендей?

– 3-топ, Мамандықтың қандай салаларын білесіздер, сіздің топ мүшелері қай салаларын таңдап отыр?

Үшінші кезең:

«**Талмасын қанат, сөнбесін үміт,**

Армандар алға жалғансын!» (Мұқағали).

1-топқа. Сіз сертификат алдыңыз. Бірақ құжат тапсырар кезде сіз таңдаған мамандығыңыз бойынша толық ақпарат алған кезде көңіліңізден шықпады. (Оқитын ғимараты ұнамауы мүмкін, оқитын пәндеріңіз қызықтырмауы мүмкін). Сіз не істейсіз, сол мамандыққа тапсыра бересіз бе, әлде басқа мамандықты таңдар ма едіңіз?

2-топқа. Самат деген оқушы ҰБТ-ға үйінде үнемі өз бетімен дайындалады, кейбір сұрақтарын ата-анасымен бірлесіп талдап та отырады. Бірақ бақылау сынақтарында өз деңгейінен көріне алмай келді. Ал мектепке келгенде мұғалімнің айтқанын тыңдамайды, артқы партаға барып ұялы телефонмен ойнап отырады. Ата-анасы баласына сенімді, ал ұстаздары Саматтың сынақтан дұрыс нәтиже көрсете алмайтынын айтып, мектепте емтихан тапсыруына үгіттеуде ... Саматты қалай түсінесің, орнында болсаң не істер едің?

3-топқа. Сен ҰБТ болатын күні қобалжыдың ба, әлде денсаулығың сыр берді ме, түнімен ұйқтамадың, ата-анаң да қобалжыды. Таңға жақын ғана көз ілдің де мектепке жиналатын уақыттан сәл кешігіп қалдың. Басқа сыныптастарыңның алды ҰБТ орталығына кетіп қалыпты,

сен не істейсің?

Сергіту сәті: **«Жүректен жүрекке»**. Шаттық шеңберін жасап жүрек ұсыну арқылы ҰБТ жайлы жақсы тілектер айту.

Төртінші кезең: **«Түстер қасиеті таңғажайып»**. Ашық тәрбие сағатының басында қандай көңіл күйде отырғандарыңызды анықтау үшін түстер таңдаған болатынсыздар. Бәріңіз де ашық түстерді таңдап, жақсы көңілде келгендеріңізді көрсеттіңіздер.

Қазір де әр түрлі түстегі үстелдерде отырсыздар, бұл кезеңде әр топ өзі отырған үстелдің түсін өмірмен мамандықпен, көңіл күймен байланыстыра қорғайды. Топтан бір адам сөйлеуге де болады...

– Құрметті оқушылар! Егер ҰБТ-дан жоғары ұпай жинаймын десеңіз, “Мемлекеттік грант” иегері атанам десеңіз, жоғары оқу орнына түсем десеңіз, Білім шыңына деген қанаттарыңды қатайтамын десеңіз уақытты мазмұнды ұйымдастырып, күндеріңізді бос өткізбей дайындық жасап, ата-аналарыңыздың, ұстаздарыңыздың айтқанын мұқият тыңдаңыздар!

«Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда,

Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,

Үлкен болып қалу үшін ғаламда

Үлкен арман керек екен адамға» деп Мұхтар Шаханов жырлағандай, әр шәкірттің жүрегінде «Үлкен арман-тілегі бар». Сол тілектеріңізді алдарыңыздағы парақшаларға жазып, құпия түрде «Тілек сандықшасына» саламыз. Бәріңе «Қандай мамандық иесі боламын?» деген сауал тастай отырып еркін микрофон ұсынамын...

«Еңбекші» орта мектебінің 32 түлегіне «Білім жолында қанаттарың талмай, білім көгіне самғай беріңдер» деген тілек айтқым келеді.

Жандары қаламайтын аласаны

Өрендер алда талай бел асады.

Әлемге туған халқын танытатын

Шәкірттер – еліміздің болашағы!



Алмат ҚАЙЫРҚҰЛОВ,
Қызылорда облысының
Қармақшы ауданындағы
№185 орта мектептің
мұғалімі.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕК БОЛСЫН ЕЛІМЕ

Еркін болдық,
Тәуелсіздік төрімде,
Бейбітшілік гүл атады елімде.
Татулықты жақтайды әрбір тұрғыны
Қазақтың бұл ұлан-байтақ жерінде.
Тәуелсіздік арманы еді бабамның,
Еркіндікті жырға қосар балаңмын.
Бабалардың ерлік ісі сақталар
Қойнауында тарих болып даламның.
Тасып, елім, бірлігің мен ырысың,
Ұрпағыңның мақтанышы, сырысың!
Әр күнінде қызу еңбек қайнаған
Ақындарға шабыт берер жырысың!
Тәуелсіздік, туы көкте желбіреп,
Адамдары жүрсін жайнап елжіреп.
Ертеңгі ұрпақ қамын ойлап біз бүгін
Серпілейік қалмас үшін жер күреп.
Жолбарыстай азуды айға біледік,
Күллі әлем таныған біз ел едік.
Өзге ұлтқа үлгі болған елімнің
Болашағы жарқынына сенелік.

Шәкіртке уақытын аямаған,
Қамқоршы ұстаз деген – аяулы адам.
Қазақта дара туған Мұхтар Әуез
Ұстазды «Ұлы есім» деп бағалаған.
 Ұстаздар шәкіртімен мақтанады,
 Жүректе есімдері жатталады.
 Мен үшін ұстаз берген мол қазына
 Көңілдің түпкірінде сақталады.
Ұстаздар, құтты болсын мерекеніз,
Кірсін деп тілейміз тек берекеңіз!
Биікке шығып жатса шәкірттері,
Мақтанып қол соғайық кел екеуміз!
 Ойлаған ұлы жансыз өреліге,
 Дәні жоқ сылдыр сөздің керегі не?!
 Өткізіп бар өмірін ізденумен,
 Бойлаған білімнің ол тереңіне!

СЕЗІМ СИҚЫРЫ

Ғашық болып бір қызға қарапайым,
Дәрменсізбін алдында баладайын.
Сұлу сымбат ерекше жаратылыс,
Құлпырған құс көктемде тотыдайын.
 Ару қызы қазақтың, ерке марал,
 Сезіміне сен деген берік, адал.
 Махаббаттың отына күйіп піскен
 Маған қарай соқсыншы желі самал.
Нәзіктігің бойымды билегендей,
Сыңғыр күлкің еркімді илегендей.
Сезімімді тығылған тұңғиыққа
Ай дидарлы нұр жүзің емдегендей.

Жан табылмас өзіндей гүл өңірден,
Мәңгі жырлап өтермін бұл өмірден.
Түсінсеңші сен мені мұң сыйламай,
Шабыт құсын ұшыршы жүрегімнен.

Сені ойламай бір түнді өткізе алман,
Түсімде де дауысың естілді алдан.
Көрінсе де өзгелер асқан сұлу
Болдың, қалқам, мен үшін шексіз арман!

ӨМІР ЖАЙЛЫ

Қарсы жүз өмір – өзен ағынына,
Алданба сен өмірдің сағымына.
Ұлықтап ұлт рухын отқа түссең,
Күймейсің ешқашан да жалынына.

Өзгені өмір сабақ ойландырсын,
Өнегелі әр ісі толғандырсын.
Түпсіз терең тұңғиық жұмбақ әлем
Арыстандай әл бермес, айбарлы шын!

Жалған күндер өтеді аялдамай,
Жылдар жылжып барады аяндап-ай.
Тірлігіңде өзім деп сыйласқанның
Жара салма жанына абайламай.

Мына өмір біреуге байлық берген,
Енді біреу бейнет пен қайғы көрген.
Біреулері көз ашып, ілім іздеп,
Ізгіліктің бойына дәнін терген.

Қалма адамның көз жасы, наласына,
Көлеңкенді түсірме ағашына.
Байлық қуып құл болма дүниеге,
Адал тер төк қазақтың даласына!



Салтанат ЖАМАНБАЙҚЫЗЫ,
Қызылорда қаласындағы
№264 мектеп-лицейдің
мұғалімі.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Иә, талай жылдар өтті,
Талай сулар ағып кетті.
Бірақ тарих мәңгі қалар
Толықтырып әрбір бетті.
Қайғы мұңның зарын шертіп,
Қанша жанар қалды семген?
Ана-жүрек неткен берік
Құлындарын жерге көмген?!
Көз көргенде өлі дене
Күңіrentті ата-ананы.
КГБ-ның қолы істеген
Қорлығын кім айта алады?!
Қаншама жар қайғы жұтып,
Жесірліктің зарын ұқты.
Қанша бала әке іздеген,
Жетімдіктің жасын жұтты.
Солай...
Солай...
Тәуелсіздік келген жоқ
Бізге оңай.
Талай тағдыр тауысып талқандарын,
Талай ғұмыр қиылған,
Талай...
Талай ...

Егемендік!
Тәуелсіздік!
Тең елміз!
Көтерілді көкке биік еңсеміз,
Дәстүр-салтым қайта оралды,
Тілім де.
Иманым да берік енді,
Дінім де.
Еркін елмін
Ата-бабам аңсаған,
Қанша жырлап айқайласам –
Шаршаман.
Қыранымын
Көк аспанда қалықтар.
Ұланымын
Жұлдыздармен шарықтар!
Барыспын мен
Жер-жаһанды шарлаған,
Арыстанмен алысардай бар шамам!
Қане, кім бар мені осал дейтұғын,
Белдеспеймін,
Бейбіт күліп қарсы алам!

МАМАНДЫҒЫМ

Жанын ұғып жабырқаулы баланың,
Анасындай көңілін де табады.
Шәкіртіне үлгі болар бейнесі,
Мамандығым менің сондай бағалы!

Нұрға бөлеп бала жанын арайлы,
Болашаққа жарқын үміт жағады.
Адамзаттың алғысына бөленген
Мамандығым менің сондай бағалы!

ТІЛІМ БАРДА

Тілім барда тіршілігім бар менің,
Тілім барда өмір сүрем, бар демім.
Тілімменен жеткіземін сырымды,
Тілім барда жүрегімнің ал кенін!

Тілім менің – тәрбиемнің тірегі,
Әлдилеген анашымның тілегі.
Тілім менің – қантамыры халқымның,
Сан ғасырдан соғып тұрған жүрегі!



Рзагүл ӨТЕУЛИЕВА,
Мәди Бегенов атындағы
мектептің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ

Қазақстаным! Егемен елдің бірі едің,
21-десің, тәуелсіздігім – тірегім.
Жасарып, жайнап, тілдескен зеңгір көкпенен,
Астана ару аша түскендей реңін.

Алтындай күннен шуақты нұры тараған,
Бар әлем саған көз тігіп, сірә, қараған.
Тәуелсіздіктің торқалы тойы тұсында
Перзентің бола үн қатпай қалай қала алам?!

«Тар жол, тайғақ кешуде» тайсалмаған,
«Ақтабан шұбырындыда» қайсарланған.
Қалай тәнті болмайсың, үлгі алмайсың
Елі үшін жан қиған жайсаңдардан?!

Қиындық кездесе де әрбір жолда
Асығы алшысынан түсті оңға.

Ата-баба арманы орындалып,
Азаттықтың ақ құсы қонды қолға.

Сылдырап өңкей тараптардан келісім,
Кездесулер беріп жатыр жемісін.

Қазақ елі бар әлеммен әріптес,
Туыстайын болса егер несі мін?!

Татулық кілті табылып осы арадан,
Бозбалаша түзеген бойын жаңадан.
Бейбітшілік бесігінде тербеліп
Алуан түрлі ұлт өкілі салады ән.

Тұғыры мықты, қанатын кеңге қомдаған,
Асыл ұлдарың алаштың үнін жолдаған.
«Батырлардың бейнесі мәңгі қалсын» деп
Хас шеберлер ескерткіштер сомдаған.

Тәуелсіздік дегенде естілер бүгін асқақ үн,
Сынаптай сырғып өтеді-ау уақыт қас-қағым.
Туған тіліміз сән-салтанат танытсын,
Ана тілім – абыройым, асқағым!

«Болашақтың» кемеріне жол салып,
Жас өрендер ізденісі қаншалық.

«Білім – теңіз» айдынында жүзбекші
Өз жерінде, шет елде де шаттанып.

Жасампаз елім, жетістігіңнің бәрі есте,
Атағың мәшһүр, танымал болдың емес пе?!
Гүлдене берші, көркейе берші үздіксіз,
Тәуелсіздігің жайлы жазылуда әлі жыр-десте.

Ақмарал МАХАНОВА,
Халел Досмұхамедұлы атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы,
«Миялы» ауылы.

ЖҰЛДЫЗДАР ЖАҚҚАН ОҚУЛАР

(шоу бағдарлама)

Мақсаты: аудандық, облыстық, республикалық оқулар жеңімпаздарын марапаттау; оқушыларды өнерсүйгіштікке тәрбиелеу, білімділігін арттыру.

Көрнекілігі: интерактивті тақтада ақындар суреті, шарлар, гүлдер.

Шоу барысы.

Сахна безендірілген, жарық сөнулі, балауыз шамдар жағылған, қонақжайлылық салтанат құрған, сахнада баяу әуен ойнап тұрады.

1-жүргізуші: – Армысыздар, құрметті көрермен! Ауданымыздың жеңімпаз жастарына арналған «Шоқ жұлдыз» шоу бағдарламасына қош келдіңіздер!

Бәрімізге қасиетті бас ақын,
Оқып-біліп өзіне болдық жақын.
Жылы тиіп жүрекке өлеңдері,
Әр сөзінен ұғамыз ақыл-нақыл.

Үйреттің сен ұрпағыңды жақсылыққа,
Қара сөзің әркімге басшы-нұсқа.
Қаншама жыл өтсе де өлген жоқсың,
Кел, ұлы **Абай**, ұрпағың ортасына.

(Ортаға Абай бейнесін сомдаушы оқушы енеді).

2-жүргізуші:

– Қалдырған асыл сөзі – аманаты,
Күн сайын жайнай түсіп жаңаратын.
Маржандай төгілдірген өлең-жырға
Келешек ұрпақтарың таң қалатын.

Ақылымен сүйсіндірген ұлы дана,

Біртуар халық ұлының бірі ғана.

Ұрпақтарың бүгінде үлгі етеді.

Төрлет, **Мұқа**, сіз келіп толсын орта.

(Ортаға Мұқағали бейнесін сомдаушы оқушы енеді).

1-жүргізуші:

– Жырларыңа өзіңнің теңеуі бар ма?

Сол жырменен гүл өсетін таңымда.

Бірінші боп ел басына күн туса,

Жанашыры өзің болдың нар тұлға.

Жауға қарсы семсермен де, сөзбен де

Қарсы тұрған сіздей болсын бар бала.

Мың алғыс сізге, **Махамбет**,

Жырларың мәңгі жадымда.

(Махамбет бейнесін сомдаушы оқушы шығады).

2-жүргізуші:

– Озып туған заманнан

Ойшылдардың бірі едің.

Қараңғылықта қалмаған

Қазақтың дана пірі едің.

Ұрпағың сенен үлгі алып,

Шәкәрім деп жырлап келеді.

(Ортаға Шәкәрім бейнесін сомдаушы оқушы шығады).

1-жүргізуші: – Қош келдіңіздер, қазағымның маңдайына

біткен біртуар ұлы тұлғалары! Төрлетіңіздер, өздеріңіздің

жырларыңыздан нәр алып өсіп келе жатқан ұрпақтарыңыздың ортасындасыздар. Қонақжайға орналасайық.

(Төртеуі қонақжайда төрде отырады).

2-жүргізуші: – Ендеше, құрметті көрермен, облыста, республикада аудан атын асқақтатып жүрген дарынды жастар – сіздердің алдарыңызда. Олардың бірі ақын, бірі көркемсөз шебері болса, енді бірі – жезтаңдай әнші. Сол әншілеріміз қазір бұрын сахнада ән айтпаған басқалай талантымен танылып жүрген оқушылармен жұптасып ән айтпақ.

1-жүргізуші:

– Армандарды жақындатып тым алыс,
Республика, облысқа жүр таныс.

Назерке мен Ғибадат ән шырқамақ,

О, халайық, қолдайық, тұрма қалыс.

Ән ----- орындайтындар: Республикалық Мұқағали оқуларының жеңімпазы **Қайыржан Назерке** және облыстық Махамбет оқуларының жеңімпазы **Тұрғалиев Ғибадат.**

2-жүргізуші:

– Облыстан олжаменен оралған,
Аудан атын шығарды олар тек алдан.

Айхан менен **Сырымды** қарсы алайық,

Ән салмақшы бал сезімнен жаралған.

Ән ----- орындаушылар: Облыстық Махамбет оқуларының жеңімпазы **Тұрсынғалиев Айхан** және аудандық Мұқағали оқуларының жеңімпазы **Жақсылықов Сырым.**

1-жүргізуші:

– Жүзден жүйрік жарысқанда топ жарған,
Облыста аудан атын қорғаған.

Жеңісбек пен **Ақбидай** ән салады,

Нәзік сезім иірімін толғаған.

Ән ----- орындаушылар: Облыстық

Махамбет оқуларының жеңімпазы **Сағатов Жеңісбек**
және аудандық Абай-Шәкәрім оқуларының жеңімпазы

Шыңдыбаева Ақбидай.

2-жүргізуші:

– Жақсыдан ерінбегін, тек үлгі ал,

Бүгін көрсет өнерді ортада бал.

Тыңдайық, көрермендер қарсы алайық,

Ән салсаң **Әйгерім** мен **Әди**ей сал.

Ән ----- орындаушылар: Аудандық Абай-

Шәкәрім оқуларының жеңімпазы **Қыздарбай Әйгерім**
және облыстық Абай-Шәкәрім оқуларының жеңімпазы

Жоламанұлы Әди.

1-жүргізуші:

– Республика, облысты таңғалтқан,

Бар уақытын тек өнерге арнаған.

Ерболат пен **Медет** шықпақ ортаға

Дүйім жұртты әніменен қуантқан.

Ән ----- орындайтындар: Республикалық арнайы

жүлде иегері **Қарақойшиев Ерболат** және облыстық
Абай-Шәкәрім оқуларының жеңімпазы **Нұрқали Медет.**

2-жүргізуші:

– Ақындықты жандары серік еткен,

Ұлыларды өздеріне пірі еткен.

Әділбек пен **Мереке** әнге орамақ

Туған жерін өздері мекен еткен.

Ән ----- орындайтындар: Аудандық ақындар

айтысының жүлдегері **Қайыров Әділбек** және облыстық
Мұқағали оқуларының жеңімпазы **Нұрадин Мереке.**

1-жүргізуші:

- Керемет қой осылар, барға шүкір,
Алдарында ақ қанат арманы тұр.
Ертеңгі күн елі үшін жан ауыртар
Әрқайсысы бір тұлға болғалы тұр.

2-жүргізуші: – Иә, баршаңызға алғысымызды білдіретін отырып, енді ұлы тұлғаларға кезек береміз.

(Төртеуі тұрып кезекпен)

Абай:

- Дән разы болдым саған, ұрпағым,
Сендерге еріп келіп кетті шырқағым!

Шәкәрім:

- Асқақтатып ата-баба арманын,
Ізімізді одан әрмен жалғағын.

Махамбет:

- Сөздеріңе істерің сай, көз жетті,
Алғыс айтам, көңілімді мәз етті.

Мұқағали:

- Біз шықпаған биіктерге жетіндер,
Небір қиын асулардан өтіндер.
Жерімізде әділ қоғам орнасын
Жыламайтын жесірлер мен жетімдер!

1-жүргізуші:

- Ұрпаққа азық – бәріңіздің мұраңыз,
Жатқа айтады, сенбесеңіз – сұраңыз.
Жастар үшін Тынық мұхит тәрізді
Ұлағатты ғұмырыңыз – жыр-аңыз!

2-жүргізуші:

- Бар шәкірттің өнегелі мектебі
Болған Сіздер – мәңгі өнер көктемі!
Аруақтарың желеп-жебеп жүрсін тек
Бүгінгідей күн де аумалы-төкпелі!

(«Шоқ жұлдыз» әнімен аяқтау).



Қамар ҚҰРМАНОВА,
Дарынды балаларға арналған
№3 облыстық мамандандырылған
мектеп-интернатының мұғалімі.
Көкшетау қаласы.

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІНЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың сөйлем мүшелері туралы алған білімдерін практикалық тұрғыда тексеру, кеңейту; **дамытушылық** – ынта қойып тыңдау, жазу, талдау машықтарын қалыптастыру, сөздік қорын байыту, сөз байлығын арттыру, талдау және салыстыра білу дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – берілген мысалдар арқылы оқушыларға сөз қадірін білуге, ұлттық салт-дәстүрді қадірлеуге, еңбекті сүйуге, тіліміздің байлығын орынды пайдалана білуге тәрбиелеу.

Түрі: білімді пысықтау сабағы. **Әдіс-тәсіл:** қайталау, сұрақ-жауап, талдау, тест, сәйкестендіру. **Көрнекілігі:** слайд, интерактивті тақта, оқулық, кестелер. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру: сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару, сабақтың жоспарымен таныстыру.

Жоспар

1. Жорға (сұрақ-жауап).
2. «Сәйкестендіру» кестесі.

3. Сөйлем мүшесіне талдау жұмысы.

4. Тестік тапсырмалар.

Жорға (сұрақ-жауап).

1. Сөйлем мүшесі дегеніміз не? 2. Сөйлем мүшесі болудың негізгі белгілері қандай? 3. Сөйлем мүшесі атқаратын қызметіне қарай неше топқа бөлінеді? 4. Қандай мүшені тұрлаулы мүше дейміз? 5. Қандай мүшені тұрлаусыз мүше дейміз? 6. Сөйлем мүшелері құрамына қарай неше түрге бөлінеді? 7. Қандай сөздер өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайды?

«Сәйкестендіру» кестесі.

Сөйлем мүшелері:	Анықтамалары:
Бастауыш	Сөйлемде зат есімнен немесе заттық ұғымда жұмсалған басқа да сөз таптарынан болған мүшелерді сындық, сапалық, сандық, иелік жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүше.
Баяндауыш	Баяндауыш білдіретін амал-әрекетті, іс-оқиғаны заттық мағына жағынан толықтыру үшін жұмсалатын сөйлем мүшесі.
Анықтауыш	Сөйлемдегі бастауыштың іс-әрекетін, қимылын, жай-күйін, оқиғаның қай шақта болғанын білдіретін сөйлем мүшесі.
Толықтауыш	Етістіктен болған баяндауышты мекен, мезгіл, қимыл-сын мен себеп, мақсат жағынан айқындайтын тұрлаусыз мүше.
Пысықтауыш	Атау септігінде тұрып, іс-оқиғаның иесін білдіретін сөйлем мүшесі.

Семантикалық картамен жұмыс.

Берілген сөйлемді сөйлем мүшесіне талдау.

Зәулім ағаштардың сары жапырақтары ауада қалқып жүр. («Дала дауылпаздары»)

Не істеді – **қалқып жүр** (баян.)

не (нелері) қалқып жүр? – **жапырақтары** (баст.) *қалқып*

жүр.

қайда қалқып жүр? – **ауада** (пыс.) *қалқып жүр.*

ненің жапырақтары? – **ағаштардың** (анық.)

жапырақтары.

қандай жапырақтары? – **сары** (анық.) *жапырақтары.*

қай жапырақтары? – **үзіліп түскен** (анық.) *жапырақтары.*

қандай ағаштардың? – **зәулім** (анық.) *ағаштардың.*

Тестік тапсырмалар:

1. Бастауыштың сұрағын табыңыз.

А) кімнің?; Ә) кімің?; Б) кімге?;

В) қай?; Г) не істеді?.

2. Бастауыш қай сөз табынан болған?

Бұл – ауылдың ең көрікті жерлерінің бірі.

А) Зат есім; Ә) Сын есім; Б) Есімдік;

В) Етістік; Г) Одағай.

3. Баяндауыштың сұрақтарын табыңыз.

А) не істеді, қайтті; Ә) кімнің, ненің;

Б) қанша, неше; В) қашан, қандай;

Г) кім, не.

4. Күрделі бастауышты табыңыз.

А) *Мәдени демалыс паркі;*

Ә) *Бәріміз жиналды;*

Б) *Бұлтты аспан;*

В) *Мынау қоян жепті ғой;*

Г) *Кеше әке-шешем келді.*

5. Сызықша қойылмаған сөйлемді табыңыз.

А) *Жұрт тынышталды;*

Ә) *Күн көзі тым өткір;*

Б) *Қой бағу қиын кәсіп;*

В) *Ендігісін өздерің біле бер;*

Г) *Ел ертеңіне алаңдайды.*

6. Тұрлаулы мүшенің белгісін табыңыз.

А) белгілі бір сұраққа жауап бермейді

- Ә) сөйлем мүшесіне талданбайды
- Б) сөйлемдерді байланыстырады
- В) мағыналы сөзбен тіркесіп келеді
- Г) сөйлем құрауға негіз болады

7. Бастауышты табыңыз.

- А) *Кеше келді.* Ә) *Кеш келді.*
- Б) *Қар жауды.* В) *Жазда келді.*
- Г) *Кешігіп келді.*

8. Қайсысы пысықтауыштың түрі емес?

- А) мекен; Ә) мөлшер; Б) себеп;
- В) мақсат; Г) ашық.

9. Сөйлем құрауға негіз болатын сөйлем мүшелерін табыңыз.

- А) есім сөз;
- Ә) бастауыш, баяндауыш;
- Б) толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш;
- В) одағай, шылау;
- Г) қаратпа сөз, қыстырма сөз.

10. Тура толықтауышты табыңыз.

- А) *Қызға қараған күйі үйге кіріп кетті.*
- Ә) *Сен мені танимысың?*
- Б) *Аспанда бозторғайдың үні естіледі.*
- В) *Үстелдің үстінде дәптер жатыр.*
- Г) *Марат қағазға қарап отыр.*

11. Анықтауышты табыңыз.

- А) *Ерінбеген етікші болады.*
- Ә) *Мейрам шахтаға кетті.*
- Б) *Оған намыскерлігі жібермеді.*
- В) *Бұл – Еркіннің сөзі.*
- Г) *Ерте келгендер төрге шығып жайғасты.*

12. «Қашан» қай сөйлем мүшесінің сұрағы?

- А) мекен пысықтауыш;
- Ә) мезгіл пысықтауыш;

Б) себеп пысықтауыш;

В) мақсат пысықтауыш;

Г) сын-қимыл пысықтауыш.

Жауабы: 1. Ә; 2. Б; 3. А; 4. Г; 5. Б; 6. Г; 7. Б; 8. Г;

9. Ә; 10. Ә; 11. В; 12. Ә.

Оқушыларды бағалау.

Үй жұмысы: «Ел тірегі – Тәуелсіздік» тақырыбында шығарма жазып келу.



Таңат АХАТОВ,
Шәкен Айманов атындағы
қазақ гимназия мектебінің
мұғалімі.

Павлодар облысы,

Баянауыл ауданы.

СӘБИТ МҰҚАНОВ. «ЛАШЫН»

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: жазушы, ақын Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығына қысқаша шолу, «Лашын» әңгімесіне әдеби қисындық талдау, оқырмандық пікір айту арқылы қорыту.

Білімділік мәні: «Лашын» әңгімесін қысқаша мазмұндау, теңеу, эпитет, портрет туралы түсінік беретін отырып әңгімені талдау; **дамытушылық мәні:** биология пәнімен сабақтастыра отырып лашын, қаз, үйрек туралы ғылыми деректермен таныстыру (энциклопедиямен жұмыс), аңшылық, құстар туралы жазылған басқа ақын-жазушылардың шығармашылықтарымен сабақтастыру; **тәрбиелік мәні:** ұлттық құсбегілік өнерді дәріптеу.

Түрі: талдау сабағы. **Әдіс-тәсілі:** Қуандық Мәшһүр

Жүсіптің «Әдебиетті қисынды оқыту» әдістемесі.

Көрнекілік: Сәбит Мұқанов портреті, құстардың суреті.

Сабақ барысы.

Ұйымдастыру.

Оқушылармен амандасу, түгелдеу.

Үй тапсырмасын сұрау:

Жазушы Сәбит Мұқанов туралы не білеміз?

Жазушы қандай жерлерде білім алған?

«Лашын» әңгімесі жазушының қай шығармасынан үзінді?

«Лашын» әңгімесі не туралы? Саған әңгіменің қай

оқиғасы ұнады?

Мұғалім ауылға неге қадірлі болды?

Ақметтің кәсібі не? Оның бойында қандай қасиеттер бар?

Ақмет лашынды салуға қай мезгілде шығады?

Дабыл деген не?

Лашын құсты қалай аулайды? Құстың отқа шығар мезгілі

қай кезде?

Құсбегілік дәстүрі қандай?

Ақметтің Лашыны неше жаста?

Сұрақтарға жауап бере отырып әңгіменің қысқаша

мазмұны баяндалады.

Жаңа сабақты түсіндіру.

Біз әңгімеге қисындық талдау жасаймыз. Әдебиет қисыны

дегеніміз не?

Портрет, теңеу, эпитет дегеніміз не?

(Оқушылар өз білгендерін айтқан соң мұғалім оны

толықтырады).

Сынып екі топқа бөлінеді.

I топ – «Құсбегілер» тобы. II топ – «Атбегілер» тобы.

Әңгімедегі басты кейіпкер кім? (Балғабайдың Ақметі).

Әңгімеде тағы қандай кейіпкер бар? (Мұғалім). Әңгімедегі

құс атаулары (Лашын, үйрек, қаз, бидайық).

Әңгімеден портретті тауып, кестеге толтырып жазайық.

Әңгімедегі портрет

«Құсбегілер» тобы

1-тапсырма

«Атбегілер» тобы

1-тапсырма

ЛАШЫН	Балғабайдың Ақметі
Денесінің көлемі жұдырықтай ғана, бірақ қанат, құйрығымен тұтас алғанда сүңгуір қайықтай... (оқушылар толықтырып жазады)	Көк көзді, шабдан мұртты, ақсұр қушық бетті, түрін байырғы орыстан айыра ала алмайтын (оқушылар толықтырып жазады)

Әңгіме мәтінімен жұмыс.

«Құсбегілер» тобы

2-тапсырма

«Атбегілер» тобы

2-тапсырма

Әңгімедегі теңеу	Әңгімедегі эпитет
Жолбарыстың тырнағындай, өткірлігі ұстарадай, егеленген біздей, т.б. (оқушылар толықтырып жазады)	Сұрғылт тұяқтары дара сұрлау қанаты сарғылттау қияғы, т.б. (оқушылар толықтырып жазады)

Бекіту. Шығарманы басқа көркем шығармамен сабақтастыру

«Құсбегілер» тобы

3-тапсырма

«Атбегілер» тобы

3-тапсырма

Ауыз әдебиеті	Жазба әдебиеті
«Қыран құс қисық ұшып, түзу ілер» (Халық әнінен) «Құс салып айдын көлде дабыл қақтым» (Қазақтың халық өлеңінде, оқушылар толықтырып жазады)	Абай: «Қансонарда бүркітші шығалы аңға» Үкілі Ыбырай: «Гәкку» өлеңі (оқушылар толықтырып жазады)

Қорыту. Суреттер сөйлейді. Оқушылар салып келген суреттерімен таныстырады.

Энциклопедиямен қосымша жұмыс жасайды.

Ата-бабамыздың құс салу кәсібі бүгінде спорттық ойын екенін білеміз бе?

Үй тапсырмасын беру: «Саятшылық – өмірдің бір қызығы» (шығарма жазу).

Бағалау. Топтар бір-бірін бағалайды.



Лена ЕЛУБАЕВА,
«Қараөзек» ауылындағы
№39 «Қызылөзек» орта
мектебінің мұғалімі.
Қызылорда қаласы.

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «ӨЗ ОТЫҢДЫ ӨШІРМЕ» КІТАБЫНДАҒЫ МАҚАЛ- МӘТЕЛДЕР

1	Алыстап кетсе сағынатын, Жақындап кетсе қағынатын ағайын.	20-бет
2	Жеңсік таппай желіккен көңілдің айдарынан жел еседі.	21-бет
3	Сыртғы бүтін, іші түтін алдамшы бір дүние.	26-бет
4	Кедейге қыз жақпайды.	27-бет
5	Құдай ұйықтап жатқанда сайтан ойына келгенін істейді.	29-бет
6	Түйе мінген құдайға бір табан жақын.	30-бет
7	Қайта бір-біріне сеніп қапы қалмайтын, мұрын болмаса бірін-бірі шұқыр екі көзден гөрі сынары жақсы.	31-бет
8	Жалғыздық – әрі сақ, әрі мықтылық.	31-бет

9	Байдың итіне шейін дөнге шығып үреді.	36-бет
10	Жұлқынғаннан қолымнан не келеді, енкейгенде артымнан жел еседі.	43-бет
11	Қайындағы күйеуден қарғы баулы тазы артық.	43-бет
12	Жаман күйеу қайынсақ.	43-бет
13	Кісі заманына қарай түлейді.	45-бет
14	Кедейдің басына бір тал үкі тақсаң, даландап кетеді.	46-бет
15	Жақсы атаның аруағы жаман баланы қырық жыл асырайды.	48-бет
16	Ер жігітке қайда барса таң атар	53-бет
17	Арғымаққа бергісіз аяғым бар, атқа міну не теңім?!	53-бет
18	Адамды қартайтатын – уақыт емес, уақиға.	55-бет
19	Ақсақ иттің көңілі ар жақта.	58-бет
20	Ит жоқта шошқа үреді.	63-бет
21	Ауылдағының ауызы сасық.	63-бет
22	Шабаннан желмес, сараңнан бермес туады.	64-бет
23	Қыртты езген жеңеді, құдайдан безген жеңеді.	64-бет
24	Бұтақсыз ағаш июге жақсы, Бұлтақсыз сөз күлуге жақсы.	65-бет
25	Лақса бие ышқына оқырғанмен үйірге түсіп жарытпайды.	66-бет
26	Құнажын көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбейді.	66-бет
27	Қатынға жолама қарасы жұғады.	71-бет
28	Жолбарыс ұйықтап жатқанда мысық ойына келгенін істейді.	73-бет
29	Бес жас – бел құрдас.	75-бет
30	Ақ пейілдің аты арып, тоны тозбайды.	75-бет
31	Түйені жел тербетсе, ешкіні аспаннан ізде.	77-бет
32	Еркек тоқты – құрмалдық.	79-бет
33	Сауысқан балапанына «Сақ бол, екі шоқып бір қара» дегенде балапаны «Жоқ, әке, мен бір шоқып екі қараймын» депті.	80-бет
34	Өзің жаққан отынды сөндірме, қызуы қайтып көмірге айналарсың	80-бет

35	Алжыған көкек қыста да шақырады.	84-бет
36	Тез табылған нәрсе тез жоғалады.	87-бет
37	Сабыр түбі – сары алтын, асығыстық – сайтанның ісі.	88-бет
38	Түйе тұсағанның екі ойы бар.	88-бет
39	Жақсы көрген нәрсеңе жанаса берсең қадірі кетеді.	89-бет
40	Бір бардың – бір жоқтығы, бір аштың – бір тоқтығы бар.	92-бет
41	Байдың малын байғұс қызғанады.	95-бет
42	Балалы арқар маңырап тұрса, Баласыз арқар зарлап тұрар.	318- бет
43	Пұшық мұрнын, пысық ісін жасырмайды.	106- бет
44	Ақсақ қой жатып семіреді.	106- бет
45	Жалғыз бие саудырған – құдайдың ісі, жалғыз үйді қондырған – қатынның ісі.	107- бет
46	Жалғыз ағаш үй болмайды, Жалғыз жігіт би болмайды.	107- бет
47	Жамандық – аяқ астында, жақсылық – ағаш басында.	108- бет
48	Байға тай мінсе де жарасады.	118- бет
49	Кедейдің кербездігінен сақта.	113- бет
50	Биікке ұшқанның биіктен құлауы да оңай. Әрі қауіпті: не өліп түседі, не жанып түседі.	123- бет
51	Мал ашуы – жан ашуы.	139- бет
52	Жылы-жылы сөйлесең жылан да інінен шығады.	146- бет
53	Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді.	146- бет
54	Қабан шошқа өлгелі жатса да қорс еткенін қоймайды.	151- бет
55	Бақсыны байым бар деме, Бұқаны малым бар деме.	161- бет
56	Асықпаған арбамен қоянға жетер.	162- бет

57	Ақсақ құлын ерткен жолаушы алысқа бармас.	162-бет
58	Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме.	166-бет
59	Бұл әлемге жарық берер Күн мен Ай да өз мезгілі жеткенде тұтылады.	167-бет
60	Ат арыса – тулақ, Ер арыса – аруақ.	192-бет
61	Тойған адамға тонның қайда қалғаны есеп емес.	194-бет
62	Жанында болса тістесетін, Алыста болса кісінесетін ағайын.	197-бет
63	Балта сабынан озбайды.	208-бет
64	Керуен кері кетерде ақсақ түйе көш бастар.	223-бет
65	Адам үш күннен соң көрге де үйренер.	227-бет
66	Пілдей алып болсаң да, орынына жұмса күшінді.	277-бет
67	Аюға намаз үйреткен – таяқ.	291-бет
68	Түйесі жоғалмағанның бәрі ақылды.	293-бет
69	Бір көзімнің жанары – бір көзімде, не қылса да құдайдың еркі – өзінде.	288-бет
70	Өлетін бала көрге жүгірер, Өсетін бала төрге жүгірер.	311-бет
71	Қайтып кірер есікті қатты жаппа.	319-бет
72	Іздегенің есіктен табылса, төрде нең бар?	334-бет
73	Өмір – ол да бір өзен, көктемде тасиды, жазда сабасына қайта түседі.	336-бет
74	Өмір – өзен, шалқар да асау айдынында дұрыстап жүзе алмасаң өзеннің кінәсі не?	336-бет
75	Кемедегінің жаны бір.	355-бет
76	Тоты құс бойын көріп сыланады, аяғын көріп қорланады.	382-бет
77	Құлан қай жерде семірсе, қан-жыны сол жерде төгіледі.	382-бет

ТІЛ ТАБА БІЛУ ӨНЕРІ

(10-сынып, жаратылыстану-математика бағыты)

Сабақтың мақсаты: 1) іскерлік ортада сөйлеу мәдениетін, дауыс және сөйлеу екпінін, тіл тазалығын сақтауды, сөздерді дұрыс айту қағидаларын білу жолдарын үйрету; 2) тіл тазалығын сақтауға, сөздерді дұрыс айта білуге дағдыландыру; 3) іскерлік ортада мәдениетті, әдепті, ізетті, білімді, жан-жақты болуға, ана тілін сүйуге, ынтымақпен бірлікке баулу.

Әдісі: іздену, талдау, жинақтау. **Типі:** дәстүрден тыс, топпен жұмыс. **Түрі:** сыни тұрғыдан ойлау. **Көрнекілігі:** кесте, қанатты сөздер.

Ұйымдастыру.

Жаңа сабақ.

- Біздің бүгінгі және ертеңгі мақсатымыз не?

(Оқу, білім алу, тәрбиелі, саналы азамат болып өсу, еңбек ету, ел экономикасын дамыту, мәдениетін көтеру).

Ел экономикасын көтеру, мәдениетін арттыру мақсатында іскерлік әңгімелер жүргіземіз, әріптестерімізбен тиімді қарым-қатынас орнатамыз. Ұжымды басқаруда олармен тіл табыса білу – жасалып жатқан істің табысты болуының кепілі.

Мақсат қою: 1) іскерлік ортада сөйлеу мәдениетін арттыру; 2) жеке бастың практикалық әрекет ортасын қалыптастыру; 3) теориялық білімді практикада қолдана

Сабақтың барысы	
<p>I. «Миға шабуыл». Искерлік ортада сөйлеу мәдениеті дегенді қалай түсінесің?</p>	<p>Белгілі американдық миллионер Дж.Рокфеллер «Адамдармен тіл таба білу – бұл да тауар, сондықтан дүниедегі барлық нәрседен гөрі тіл табысуға мен бәрінен де қымбат төлеймін» деп бекер айтпаса керек.</p>
<p>II. «Зерттеу»: 1. Искерлік ортада сөйлеу мәдениеті; 2. Дауыс екпіні, сөйлеу жылдамдығы; 3. Тіл тазалығы, сөздерді дұрыс айту.</p>	<p>“Кез келген адам белгілі бір салада менен артық болуы мүмкін, мен сол адамның артықшылық жағын үйренуге әзірмін” Ральф Уолдо Эмерсон.</p>
<p>III. «Қолдану»: Искерлік ортада сөйлеу мәдениеті Мәдениетті сөйлеу, дұрыс сөйлеу, шешен болу керек, өз пікірін нақты жеткізе білу керек. Сөздің мазмұны, нәрлілігі, логикасы, терең ой, эрудиция.</p>	<p>“Сіз басқаларға көңіл аудармасаңыз, басқалар бірінші болып не үшін сізге көңіл бөлуі тиіс?” Д.Корнеги.</p>
<p>IV. Түсіністікке жету үшін нені басшылыққа алу керек? 1. Қатты, жылдам, ақырын сөйлемеу. Сөздің соңын жұтып қоймау. 2. Түсіністікке жету үшін нақты, түсінікті сөйлеу.</p>	<p>“Жымия білмеген адамға көшеде дүкен ашудың қажеті жоқ”. Қытай мақалы. Адамдармен тіл табысудың тағы бір кілті жылы қабақ, жымия білу екен.</p>

<p>V. Искерлік қарым-қатынас кезінде ең бірінші нені ескеруіміз керек? Тіл тазалығы: а) әдеби арнайы тілдік норма негізінде сөйлеу; ә) әдеби тіл нормасын сақтау; б) диалект сөздерді қолданбау.</p>	<p>“Сайлаушының атын білу – мемлекеттік деңгейдегі даналық. Оны ұмыту өзіңді-өзің алдаумен тең” деген қағиданы естен шығармау керек.</p>
<p>VI. Талдау. 6-жаттығу. 7- жаттығу. Қарамен жазылған сөздерге фонологиялық талдау. 8-жаттығу. 9-жаттығу. Ана тілі туралы ойтолғау (ауызша).</p>	<p>Саулық тілеп, табыс күтсең ісіңнен, Жаралайтын сөз шығарма тісіңнен. Жүсіп Баласағұни.</p>
<p>VII. Сабақты бекіту</p>	<p>Ұлы данышпан Сократтың «Мен өзімнің ештеңе білмей-тінімді ғана білемін» сөзін әрбір іскер адамның есінде ұстағаны жөн. Болашақта жетістікке қол жеткізейік.</p>
<p>VIII. Үйге тапсырма</p>	<p>«Қазақ тілі ХХІ ғасырда» (ойтолғау).</p>



«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДА ҰЙЫТҚЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Фразеологизмдер – қазақ әдеби тілінің бай саласының бірі. Бұлар өзінің бейнелі, әсерлі, экспрессивті-эмоциялық қасиетімен көзге түседі. Осындай тұрақты тіркестерді халық орынды пайдаланып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келеді.

Фразеологизмдердің ішінде кейбір сөздер семантикалық жағынан ерекше байқалып, түпқазық есебінде қызмет атқарады. Оны ұйытқы сөз деп атау орынды. Оған мысал: тіл, жүрек, көз, ауыз, қол, бас, т.б.

Әрбір тілде халық санасында қалыптасқан фразема жасайтын символдық компоненттер кездеседі, оны ұйытқы сөздер деп атайды. Кез келген сөз ұйытқылық қызмет атқара алмайды да, халықтың санасында, тілінде сан ғасырлар бойы қолданылып келген, байырғы сөздік қордағы сөздеріміз ғана ұйытқылық қызмет атқара алады. Олар, көбінесе, тілдерге ортақ тендей символдар болып келеді. Фразеологизмдерде анатомиялық атаулар, дене мүшелері арқылы жасалған фраземалар өте көп кездеседі.

- «Абай жолы» романының I томында (А., «Жазушы», 1990) кездесетін ұйытқы фразеологизмдерге мысалдар:
- Олар самсаған сары қол (3-бет). *Самсаған сары қол* – иін тірескен топ, қалың әскер.
 - Көз ұшына кетіп, ұзап алып, ылғи жапа-жалғыз шауып отырған (4-бет). *Көз ұшына кетіп* – алысқа ұзады.
 - Қолды болса, болатын жорға Жұмабай (5-бет). *Қолды болса* – із-түзсіз жоғалды, ұрланды.
 - Сонда әдейі бетінің зәрі қайта берсін деп «Не бетімді айтамын Ойке апама» деген еді. (6-бет). *Бетінің зәрі қайту* – уы тарады.
 - Қазір жүрегі аттай тулатып, соншалық қуантып, еркін алған көрінісі (8-бет). *Жүрегі аттай тулатып* – қатты толқыды.
 - Кейде ұғымсыз сөзден іші пысып, әкесінің пішін тұлғасына қарап, қадалып қалады (17-бет). *Ұғымсыз сөз* – тынымсыз сөз.
 - Құнанбайға бұлардың ішінен көз алмай, қырандай қарап отырған дәл төрдегі Байсал (18-бет). *Көз алмай* – қадалып көп қарау.
 - Тура баспас тобан аяқ болған соң ит те, құс та шығады да! (78-бет). *Тобан аяқ* – жай қимылдады.
 - Жастар әлі Тәкежанның қазасын көбірек ойлай ма, тіс жарып, тіл қатпады (88-бет). *Тіс жарып тіл қатпады* – үндемеді.
 - Қол қарасы көрінбейді, мұнысы тіпті жайлы деді (89-бет). *Қол қарасы* – адам пендесі көрінбеді.
 - «Недоймке келгенде көзіңе көк шыбын үймелер сонда көрермін дегенмін» деп табалаған-ды (121-бет). *Көзіңе көк шыбын үймелер* – қысым көрерсің.

– Екі көзі қарақаттай жайнаған аппақ Кәмшат мұндағы барлық үлкендерге аға-ата деп жалт-жалт қарайды (133-бет). *Көзі қарақаттай жайнаған* – мөп-мөлдір сүйкімді кара көз.

– Екі сорлы жетімегімнің көз жасы жібермегір, саған жалынғанша қайдағы аямас қас-дұшпанға жалынсамшы, деп үйіне жеткенше қарғап келді (122-бет). *Көз жасы жібермегір* – азаппен төккен жасы алдыңнан шықсын.

– Көшірі Баймағамбетке үлкен көзін қысып, әзір тұр дегендей боп иек-қақты (161-бет). *Иек қақты* – ымдады.

– Оразбайдың жауыз екені рас еді. Осы елді, көпшілікті зарлатқан қанды ауыз қасқырдың ең сойқаны – сол (162-бет). *Қанды ауыз* – жауыз, қаскүнем.

– Онсыз да қан жүрегі қақ жарылып жүр ғой (164-бет). *Қан жүрегі* – ыстық жүрек, қамыққан көңіл.

– Бұл мекенде сен мойныңдағы қарызы мол әкесің, білдің бе? Айтам ғой «жер тәңірісімін» деп аяғың аспаннан салбырап түскен жоқ (168-бет). *Аяғың аспаннан салбырап түскен жоқ* – басқадан бітімі артық емес, ерекше жаратылған жоқ, құдайдың баласы емес.

– Бол тез деп мені қолды-аяққа тұрғызбай сол әкелген жоқ па!– деді (174-бет). *Қолды-аяққа тұрғызбай* – тыпыршып шыдамады.

– Ақырын ғана сыңғырлап, сонша нәзік талдай баяулап қана тіл қатты – өзім де сондай сағынып ем (194-бет). *Тіл қатты* – сөйледі.

– Біздің ақсақал мен Ысқақ ағама осы ақылды құдай білдірмеген соң, не дерсің! Ертең ауыздары аппақ боп кара жерге отырғанда бір-ақ білер (194-бет). *Қара жерге отырғанда* – ұятқа қалдырды.

– Россиядағы шын тартыс енді ғана келешектің анық иесі болатын қалың күшке иық сүйеді (218-бет). *Иық сүйеді* – екі жақ бірігіп әрекет етті.

– Бұл дастанның басын тыңдамаса да жаңағы өзі келген тұсынан айып тапқан Шұбар қазір суық жүзбен сөйледі (239-бет). *Суық жүзбен* – зәрлі бет.

– Соның үстіне «Сен Құнанбайдың баласы болсаң мен Алшынбайдың қызымын» деген өр көңіл де болатын (241-бет). *Өр көңіл* – тәкаппар.

– Бір тоқтамай, мүдірмей, соншалық бір шебер жүйрік тіл тауып жыр самғайды (277-бет). *Жүйрік тіл* – сөзге шешен.

– Ырғызбайдың жүрегін шайлықтыратын суық сөзді сенен есіттім (298-бет). *Жүрегін шайлықтыратын суық сөз* – сескенетін жағымсыз сөз.

– Заман не боп барады? Күн райы қалай бұзылды? Ит ашуын тырнадан алғаны ма? (343-бет). *Ит ашуын тырнадан алғаны ма* – біреу үшін кекті әлсізден қайтарды.

– Осымен қатар Құнанбайдың жүрек жұтқан ерлігі, айла-тәсілі өзінен-өзі атамай-ақ әйгіленіп жатты (218-бет). *Жүрек жұтқан* – еш нәрседен қорықпайтын батыл ер азамат.

– Абайдың жалғыз арманы бір ғана оңашада жүз көрісіп, сөйлесу болатын (221-бет). *Жүз көрісіп* – кездесті, бетпе-бет жолықты.

– «Ақ деп ара түспеймін» деп аяғын тартыпты (331-бет). *Аяғын тартыпты* – жоламады.

– Сойылмен перейін бе осы кеп!– деп тісін қайрады (342-бет). *Тісін қайрады* – ыза болды, кектенді.

– Тегінде, жұртты сескендіріп қашқындардың жүрегін шайлықтыру үшін шығарылған отряд еді (343-бет).

Жүрегін шайлықтыру – беті қайтып сескенді.

– Жол бойынан лау мінгенде дегбірсізденіп үкілі почта деп қолды-аяққа тұрмай дігір салып (345-бет). *Қолды-аяққа тұрмай* – шыдамсыз.

– Балағаздың күзетке қойған жігіті иек артпадан тазы ертіп шығып жатқан аттылардың барлығын аңшылар екен деп ойлаған (347-бет). *Иек артпадан* – дөң, биіктеу, шыға беріс жер.

– Батыр тұлғалы, ер сұлудың ойшыл сергек көзі де, ақ сұр жүзі де еріксіз еліткендей (334-бет). *Сергек көзі* – сезгіш, қырағы.

– Ел жүрегін шайлықтырам, түңілтем,– деді (349-бет).

Жүрегін шайлықтырам – беті қайтты, қаймықты.

– Ақбас білімді тіс қаққан адам болғанымен қазақ арасында жаңада келген (357-бет). *Тіс қаққан* – тәжірибесі мол.

«Жалпы түркілік қорды құрайтын фразеологизмдер мен жазба ескерткіштер құрамындағы фразеологиялық бірліктерді зерттеу түркітану ғылымының болашағы болып табылады» деген зерттеуші Р.Авакованың пікіріне (Фразеологиялық семантика. А., 2002) қосылуға әбден болады. Тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерінің қолданылуы мен қазіргі күнге келіп жетуін анықтау, фразеологиялық қорымызды байытады әрі оларды жете тануымызға септігін тигізеді.

Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.

Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 09.01.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5020.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Бас редактордың қабылдау
бөлмесі және бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru.

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №1, 2013 ж., 144 бет, Алматы.